




**КАЗАКТЫН
БАТА-ТІЛЕК,
ӨСИЕТТЕРІ**





ҚАЗАКТЫҢ БАТА-ТІЛЕК, ӨСИЕТТЕРІ



Алматы
«Балауса баспасы»
2016



ӘОЖ 821.512.122-3

Қ 19

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насыхаттау және
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді

Қ 19 Қазақтың бата-тілек, өсиеттері / Құраст:
Жаңыл Нұралиева. – Алматы: «Балауса баспасы»,
2016. – 384 бет.

ISBN 978-9965-672-96-5

Қазақтың ежелгі салт-дәстүрлерінің бірі – бата-тілек білдіру, өсиет айту. Бұл риясыз жақсылық пен иғі ықыластың жарқын көрінісі болған. Олар өткір де шешен сөздермен шебер өрілетіндіктен тындаушыларының жүрек төрінен орын алып, жан дүниелеріне өшпестей із қалдырып отырған. Олардың тәлім-тәрбиелік мәні де айрықша зор еді. Дәл сол сияқты бабаларымыздан қалған баға жетпес осынау асыл мұра бүгінгі үрпақ үшін де мол пайдасын тигізе бермек. Жинаққа енгізілген бата-тілектер, өсиеттер кім-кімді де ойландырып, өресі биік парасаттылықта, шынайы ізгілікке талпындыраты қақ.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122-3

ISBN 978-9965-672-96-5

© Құраст. Нұралиева Ж., 2016
© «Балауса баспасы» ЖШС, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақтың салт-дәстүрін паш етіп, мәнін арттыра түсетін өміршөң жыр үлгілерінің қатарына бата-тілек, өсietтерді жатқызуға болады. Халықтың аузында жатталып, ой-санамызға сіністі болып кеткен бата-тілек, өсietтердің тәрбиелік, өнегелік мәні өте зор. Оларды тыңдалып отырып, асқан парасаттылықты, кеменгер даналық пен ұшқыр шешендікті байқауға болады. Олар өзінің философиялық мән-мағынасымен, ұлағатты тағымымымен, айшықты тілімен ерекшеленіп тұрады.

Халықтық бата-тілек, өсietтер ертеректе айтылғанмен, олар өз құнын, қадір-қасиетін құні бүгінге дейін еш төмендеткен жоқ. Ондағы нақыл-тілектер бүгінгі ұрпаққа да пайдалы, яғни қазіргі тыңдаушылар да олардан зор тағым ала алады. Әсіресе, халқымыздың әйгілі Асанқайғы, Қазтуған жырау, Ақтанберді жырау, Бұхар жырау, Шортанбай Қанайұлы, Шөже Қаржаябайұлы, Шерніяз Жарылғасұлы, Сүйінбай Аронұлы, Есет Қараұлы, Майлекожа Сұлтанқожаұлы, Құлтума Сарматұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Ақан Қорамсаұлы, Қашаған Құржіманұлы сияқты ақын-жырауларымыздың тілек-өсietтері қанша уақыт, қанша заман өтсе де баға жетпес асыл құнын ешқашан жоймақ емес. Әрі осынау ба-баларымыз салған жақсы дәстүр қазір де жалғасын таұып, көне мұрамыз қазіргі озық ойлы, тіл шұрайлы ақындарымыз бер елге сыйлы ақсақалдарымыз, ағаларымыз жазған бата-тілек, өсietтермен толығуда.

Қазақ халқы үшін бата-тілек, өсietтер өте киелі ұғым. Сондықтан да «Баталы үл – арымас, батасыз үл – жарымас», «Батаменен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» дегенді кейінгі ұрпағына өсiet етіп қалдырыған. Осы ұлағатты өсietі арқылы тыңдаушыларын жақсылыққа, иігі істерге талпындырыған. Әдептте бата-тілектер берілу жағдайына қарай: ықылас батасы, ас батасы, алғыс батасы, теріс бата, иігі бастамаларға берілетін бата, мереke батасы, сапар-жорық батасы, наурыз батасы, той батасы, ас-мәзір батасы, соғым батасы, мал басына берілетін бата, қарияларға берілетін бата, шен-шекпенділерге берілетін бата, сәбілерге берілетін бата, үл балаларға берілетін бата, қыз балаларға берілетін бата, жас жұбайларға берілетін бата, шаңыраққа берілетін бата, келіндерге берілетін бата, туыс-жеккжат-



тарға, дос-құрбыларға берілетін бата, ел мен жерге берілетін бата деп түр-түрге бөлінеді.

Мысалы, ықылас батасын ақсақалдар мен үлкен кісілер өздерін сыйилап, ақ дастарқанын жайып құрмет тұтқан үй иелеріне берген. Ал алғыс батасы азаматтардың ел-жұртқа көрсеткен ерен игілікті істері мен адаптектері үшін көптің ризашылығы ретінде айтылған. Соңдай-ақ қазақ халқы бір жақсы істі бастау үшін, ауыл қариялары мен ауылдың беделді кісілерін шақырып, міндетті түрде солардың ақ баталарын алған. Бұл қолға алынғалы отырған шаруаға сәттілік тілеуді білдіретін. Әдette мұндай кезде:

Істеріңе сәт болсын,
Бастарыңа бақ қонсын!
Құдай өзі қолдан,
Бастамаға жақ болсын! –

деген тілек айтылады.

Жаугершілікті көп көрген қазақ жұрты сақадай сайланған жігіттер дұшпанға қарсы жорыққа аттанарда ақ тілеулерін айтып, оң сапар тілеген. Жауды жеңіп, жеңіспен оралуын Құдайдан сұраған. Мұндайда:

Бет алдың оң болсын,
Мәртебен зор болсын,
Дұшпаның қор болып,
Алды-арты ор болсын! –

деп ақ баталарын берген.

Ал той-думанды ұнататын қазақтарға қуаныш үстінде мына-дай бата жасалған:

Той-тойға ұлассын,
Тойдан кенде қылмасын!
Өлең-жыр боп күндіз-түн,
Ауыл-аймақ жырғасын!

Қорыта айтқанда, қазақтың бата-тілек, өсietteri өмірдің мәнін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты тереңірек түсініп, жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге талпындырады. Адамдардың ой-өресін арттырып, көңіл көкжиегін кеңейте түсуге септігін тигізеді. Ендеше ел-жұртқа берері мол бата-тілек, өсietteri туған халқымызбен бірге жасай бергей деп тілейік.

Әлижан Тауұлы





ХАЛЫҚ БАТА-ТІЛЕГІ

Уа, Жаратқан, жарылқа,
Бақ-дәүлетін аумас қыл!
Жарылқағанмен жалғас қыл,
Ала ауызды алас қыл,
Қорғанғаннан қалыс қыл!
Ниеттері ақ болсын,
Бейнеттері пәк болсын,
Мұраттарын асыл қыл!
Қолқасын шаң қаппасын
Жүрген жерін жасыл қыл!



Далақтатар даудан сақта,
Жалақтаған жаудан сақта!
Ашыққан бөріден сақта,
Қара жердің көрінен сақта!
Ашынған үрыдан сақта,
Құлқыны құрыдан сақта!
Дауылдың көрінен сақта,
Жыланның зәрінен сақта!
Аяқ астынан кезігер –
Бәле-жаланың бәрінен сақта!



Бата-тілектер



Алтыннан болсын жағаң,
Күмістен болсын тағаң.
Тасқа тары өнгенше,
Таршылық көрмендер!
Мұзға бидай өнгенше,
Мұңшылық көрмендер!
Жүздерің жайнап,
Келісті болындар!
Толған айдай
Өрісті болындар!



Қатарларыңнан озындар,
Қоздаған шоқтай қозындар!
Ең алдымен,
Берекешіл болындар!
Көпке бірдей
Елшіл болындар!
Көкорайдай желкілдеп,
Желпілдеп тұрындар!
Сексенге келіп,
Селкілдеп тұрындар!



Сұрасаң, бата берейін
Үстем болсын мерейің!
Ықыласпен қол жайсан,
Ақ тілекті төгейін.
Дастарқаның мол болсын,
Абыройың зор болсын!
Көк жайлауды жайласаң,
Тай, құлышында байласаң,
Келін тұрсын керіліп,
Салтанаты көрініп,
Сабаң толсын қымызға,
Шараң толсын уызға!

Өрісіңе мал толсын,
Ақ тілеуің жар болсын!
Өрендерің ер болсын,
Көре алмаған бағынды,
Сындыра алмай сағынды,
Бетін басып жер болсын!
Қара ниет жауларың,
Ит пен құсқа жем болсын!
Балалардың сәні өссін!
Толған айдай бағы артсын,
Абырой тағы өссін!
Қорған болса халқына,
Ел сүйінсін даңқына!
Талдырмай білегінді,
Саздырмай жүргегінді,
Қалаған тілеуінді –
Қасындағы елден берсін,

Бата-тілектер



Басып жүрген жерден берсін!
Ағайының қолдай берсін,
Дос-жараның қорғай берсін!
Көлінде балық қайрандасын,
Ел-жұртың жайрандасын!



Жас баланың құлкісін бер,
Жас ананың үйқысын бер.
Жомарттың қолын бер,
Жортқыштың жолын бер!
Қыздың қылышын бер,
Судың тұнышын бер.
Асаудың арынын бер,
Тұнгі оттың жарышын бер.
Асқар таудың паңдырын бер,
Бұлбұл құстың таңғы үнін бер.
Даланың жазықтырын бер,
Гүлдің нәзіктігін бер.
Теңіздің тереңдігін бер,
Қыранның көрегендігін бер.
Ердің көнілін бер,
Бүркіттің өлімін бер!
Лашынның жүргегін бер,
Нағыз достың тілегін бер!
Мәңгі-бақи ажырамас
Шың ғашықтың білегін бер!





Күнің шуақты болсын,
Келін, сұатты болсын!
Қонысың өрісті болсын,
Еккенің жемісті,
Еңбегің келісті болсын!
Жұлдызың ағанда болсын,
Құндызың жағанда болсын!
Жарың жібектей болсын,
Арың түлектей болсын!
Өнерің өрлей берсін,
Өмірің төрлей берсін!



Жарылқа, Алла, қабыл ет,
Жарылқаудың қамын ет!
Ізет-абырой, бақ-дәulet,
Қызыр қарап, бақ қонып,
Не тілесен,
Соның бәрін қабыл ет!





Осы үйдің иесіне
Молайтып мал бер.
Көбейтіп бас бер,
Ұзақ жас бер!
Аттансын келген қонағың
Іштей тойып,
Үрзығы таусылмайтын
Ықылас бер!



Ардақты үй иесі:
Әуелі бердің шай,
Көңілің болсын жай!
Екінші бердің ет,
Таппасын көңілің
Ешбір дерт!
Үшінші бердің сорпа,
Болмасын бағың орта!



Қазақтың бата-тілек, өситеттері



Жаз келіп, көнілің жай болсын,
Көргенің шаттық той болсын!
Абзал досың көп болсын,
Берген батам сол болсын!



Бата бердім, бақ тіледім,
Ақ дастарқан басына.
Я, Құдайым, шын тіледім,
Келсін деп менің қасыма!
Көнілің көлдей болып,
Көргенің түстей болып,
Қыдырып қонсын басыңа!



Ай көрдім,
Аман көрдім.
Баяғыдай
Заман көрдім.
Ескі айда есіркедін,
Жаңа айда жарылқа!





Бастарыңа бақ берсін,
Не берсе де нақ берсін!
Қырда жүрген Қызырды
Үйлеріңе ап келсін!
Қарындарың тоқ болсын,
Қайғыларың жоқ болсын!
Шүпірлеген үйінде
Балаларың көп болсын!



Әумин десен маган,
Құдай берсін саған!
Оң жағыңа қарасаң,
Алтыннан терек орнасын!
Сол жағыңа қарасаң,
Күмістен терек орнасын!
Еш жамандық болмасын,
Аман болсын мал-басың!
Қызыр болсын жолдасың!
Дастарқан байлығын берсін,
Деніңнің саулығын берсін!





Асың, асың, асықпа,
Бақыт қонсын басыңа!
Таң мезгілі болғанда,
Бөденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қызыры келсін қасыңа!
Денсаулығың зор болсын,
Дастарқаның мол болсын!
Қайда барсаң алдыңда,
Жарқыраған жол болсын!
Армандарың алдыңнан
Саған шығып қол берсін!
Дүшпаның саған құл болсын,
Үйің толған ұл болсын!
Әумин!



Балаларыңың жасы ұзын болсын,
Жолдасы қызыры болсын,
Өнері тасып-толсын,
Басына бақыт қонсын!

Басты болсын,
Малды болсын,
Өз құрбысының алды болсын!
Тілді болсын,
Жақты болсын,
Ел мақтайтын жақсы болсын!

Бата-тілектер



Басты болыңдар,
Малды болыңдар.
Өз құрбыларыңың алды болыңдар!
Кейінгілерге аға болыңдар,
Тондырмайтын жаға болыңдар,
Қиналғанда пана болыңдар!
Ақ сақалды, сары тісті,
Болашақта дана болыңдар!
Әумин!



Балалы-шағалы болыңдар,
Ағалы-жағалы болыңдар.
Немере-шәберелі болыңдар,
Туажат-неменелі болыңдар!
Пейілдерің тарылмасын,
Есіктерің жабылмасын.
Асыр салып ұл-қызың,
Күндіз-түні дабырласын!
Әумин!



Қазақтың бата-тілек, өситеттері



Малың семіз болсын,
Төлің егіз болсын,
Бізге бірді сойсан,
Орнына тоғыз болсын!

Далақтатар даудан сақтасын,
Жалақтаған жаудан сақтасын,
Ашыққан беріден сақтасын,
Ашынған ұрыдан сақтасын!

Артқаның түйе болсын,
Сауғаның бие болсын,
Дастарқаның берекелі болсын,
Отбасың мерекелі болсын!

Мәртебен асып тұрсын,
Бақ-дәүлетің тасып тұрсын,
Біз секілді сыйлы қонақтар,
Күнде үйінде болып тұрсын!
Әумин!





Әүмин десен, міне, бата,
Дарысын Қыдыр ата!
Қыдыр қияласын,
Періште ұяласын!
Бақ берсін,
Бас берсін,
Өміріңе ұзақ
Жас берсін!
Кетпес ырыс,
Кең пейіл берсін!
Жарылқағанға жалғас қылсын,
Қарғағаннан қалыс қылсын!
Бейнетін ақ қылсын,
Мұраны асыл қылсын!
Қаба жауған
Қардан сақтасын!
Қаптай шапқан
Жаудан сақтасын!
Ауызы қанды
Бөріден сақтасын!
Қолы қанды
Ұрыдан сақтасын!
Осы үйге жамандық ойлаған адам,
Бұл дүниеде береке таппасын!





Әумин десен, міне, бата,
Қолдасын Қызыр ата!
Қыдырың қияласын,
Періште ұяласын!
Ел шеті жаусыз болсын,
Ел іші даусыз болсын!
Өрісің көкті болсын,
Қонысың құтты болсын!
Алақаның берекелі болсын,
Жүрген жерің мерекелі болсын!
Артқаның түйе болсын,
Сауғаның бие болсын!
Кергенің көген болсын,
Айтқаның өлең болсын!
Кигенің құлпы болсын,
Мінгенің жылқы болсын!
Ұрысың тасып тұрсын,
Абыройың асып тұрсын!
Достарың басып жүрсін,
Дұшпаның сасып жүрсін!
Өркенді болындар,
Өмірлі болындар!
Өмір бақи осындай
Көнілді болындар!





Жортқанда, балам, жолың болсын,
Қалтаң ділдәға толсын!
Бір толмасын, жылда толсын,
Әмір-жасың ұзақ болсын!
Қатарыңдан озған ерен бол,
Қызың көзіндегі терең бол!
Сынай қалса – құлақ сал,
Мақтай қалса – керен бол!
Әумин!



Ел-жүртүңның гүлі бол,
Шам-шырағы, нұры бол,
Көп жасай бер, қарағым,
Болашақта ірі бол,
Ірілердің пірі бол!

Батырлардай санды бол,
Сал-серідей сәнді бол,
Бақ-дәулетті, малды бол,
Өз құрбыңның алды бол!

Көзімнің нұры бол,
Көңілімнің жыры бол,
Бақ құшып,
Бал жұтып,
Бабырдай ұлы бол!



Балдай бала бол,
Нардай дара бол,
Таудай талантты,
Фарабидей дана бол!

Майқыдай сыйлы бол,
Қорқыттай күйлі бол,
Асандай ақылды,
Бұқардай жырлы бол!
Аллауакбар!



Өмір берсен, жайлы қып бер,
Дәүлет берсен, сайлы қып бер,
Бау берсең миуалы қып бер,
Келін берсең, ибалы қып бер!
Қара ниет батырдан сақта,
Көк долы қатыннан сақта,
Кеудесін керген келіннен сақта,
Кездейсоқ келген өлімнен сақта!





Ақылың ассын,
Ықыласың тассын,
Балаң үбірлі болсын,
Қызың шүбірлі болсын.
Жақының көп болсын
Дұшпаның жоқ болсын.
Жақсы келсін қасыңа,
Нұр жаусын басыңа.
Көшің көлікті болсын,
Қонысың түлікті болсын,
Қатулықтан аулақ бол,
Татулықта жақын бол.
Дәуренің сәнді болсын,
Ғұмырың мәнді болсын,
Таңың азанды болсын,
Үйің қазанды болсын,
Шаңырағыңа шат құйылсын,
Дастарқаныңа жұрт жиылсын!
Әумин!





Уа, отау иесі,
Қолдасын Тәңір киесі.
Инабатың игілікке бастасын,
Пейілің жамандыққа баспасын.
Ошағыңың оты сөнбесін,
Арың мен жаңың
Арамдыққа көнбесін.
Босағаң берік болсын,
Қосағың жерік болсын,
Көңілің ашық болсын,
Өмірің нәсіп болсын.
Жақсының қадірін біл,
Кәрінің әділін біл.
Өнегенде қазық ет,
Ақылынды азық ет.
Сағың сынбасын,
Бағың нұрлансын.
Ойың көсем болсын,
Сөзің шешен болсын.
Осының бәрі
Сөзімнің нәрі,
Құдайымның құлағына шалынып,
Тілеуім қабыл болсын!





Уа, Құдайым қолдасын,
Жіберсін пейіл-жолдасын.
Әмірлерің ұзақтан,
Көгендерің тұсақтан болсын.
Алдың береке,
Артың мереке болсын.
Бақ-дәулетің шашылып жатсын,
Қазаның асылып жатсын.
Перштегер қорғай жүрсін,
Ақындар толғай жүрсін.
Үйің қонақтан арылмасын,
Құдайым пейіл-тілегінді жарылқасын!
Әумин!



Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін!
Бала-шағаң бақ құшып,
Отбасыларыңа жақсылық енсін!

Дастарқандарың мол болсын,
Абыройларың зор болсын!
Көре алмаған дүшпаның,
Көрге кіріп жер болсын!

Дәмдеріңе дәм қосылсын,
Әндеріңе ән қосылсын!
Сәндеріңе сән қосылсын,
Сан-санақсыз мол қосылсын!



Көк жайлауды жайласан,
Тай-құлышынды байласан,
Сабаң толсын қымызға,
Шараң толсын уызға,
Өрісіңе мал толсын,
Ақ тілеуің жар болсын!
Аллауакбар!



Өмір-жасың ұзақ болсын,
Жүрген жерің шуақ болсын,
Құдай өзі қуат берсін,
Сарқылмайтын суат берсін!

Жандарыңа жамандық бермесін,
Бастарыңа қам-қайғы келмесін,
Қойын-қоныштарың ақты болсын,
Үрпақтарың бақытты болсын!
Әумін!



Істеріңе сәт болсын,
Бастарыңа бақ қонсын!
Ата-баба аруағы,
Жебей берсін, жақ болсын!

Құдай өзі ондасын,
Қызыры келіп қолдасын!



Сәтті болып бастама,
Бақыт-байлық мол болсын!

Ашық болсын күндерің,
Бассын ісің ілгері!
Талаптанған тайларың,
Болсын мәңгі жүлделі!
Аллауакбар!



Жортқанда жолың болсын,
Сапардың оңын берсін,
Тұлпардың тоғын берсін,
Жігердің шоғын берсін!

Бет алдың оң болсын,
Мәртебен зор болсын,
Дұшпаның қор болып,
Алды-арты ор болсын!

Жолың ашық болсын,
Жауың қашық болсын,
Мерейің тасып-толсын,
Аман-есен қауышу
Барымызға нәсіп болсын!
Аллауакбар!





Басымызға бас қосылсын,
Жасымызға жас қосылсын,
Жанымызға жан қосылсын,
Малымызға мал қосылсын!
Ұлыс-шуақ болсын,
Құдай қуат берсін,
Маңайымыз суат болсын,
Жайқалған құрақ болсын!

Жылымыз қызырлы болсын,
Мерекеміз дүбірлі болсын,
Жылқымыз үйірлі болсын,
Сиырларымыз бүйірлі болсын!
Қойларымыз қоралы болсын,
Көлдеріміз қоғалы болсын,
Ұрпақтарымыз бағалы болсын,
Мәртебелері жоғары болсын!
Әрісіміз көкті болсын,
Ұлдарымыз отты болсын,
Қыздарымыз текті болсын,
Беделді, бетті болсын!
Аллауакбар!





Уа, қария, күйлі болыңыздар,
Ел-жұрттарыңызға сыйлы болыңыздар!
Немере, шәбере, шәпшек көріп,
Тоқсан отау үйлі болыңыздар!

Тұндеріңіз тыныш болсын,
Үйлеріңізге ырыс толсын!
Ұлдарыңыз десті болсын,
Келіндеріңіз есті болсын!

Орындарыңыз төр болсын,
Мәртебелеріңіз зор болсын!
Ел-жұрттарыңыз тоқ болсын,
Қатарларыңыз көп болсын,
Қам-қайғыларыңыз жоқ болсын!
Аллауакбар!





Өмір-жасы ұзақ болсын,
Маңайы аққан бұлақ болсын,
Әр күні қызық, шуақ болсын,
Жер ана жайлы тұрақ болсын,
Жомарттың қолын берсін,
Жортқыштың жолын берсін,
Қыздың қылышын берсін,
Судың тұнығын берсін,
Даланың кендігін берсін,
Батырдың ерлігін берсін,
Ақынның өрлігін берсін,
Яссайдің даралығын берсін,
Фарабидың даналығын берсін!
Аллауакбар!



Үрпағың өнерлі болсын,
Әрісті болсын,
Іс-қимылды келісті болсын,
Ата-баба аруағы қолдан,
Еңбектері жемісті болсын!

Жары жібектей болсын,
Ары түлектей болсын,
Әнері өрлей берсін,
Жас басы төрлей берсін!
Аллауакбар!



Бата-тілектер



Қыздарың қылықты болсын,
Ғаламат білікті болсын.
Күндей нұрлы болсын,
Гүлдей түрлі болсын.

Өлмес өнер берсін,
Ән-жыр, өлең берсін.
Теңдессіз дарын берсін.
Ізгіліктің бәрін берсін.

Талдай бой берсін,
Таудай ой берсін.
Жаздай жамал берсін,
Оттай жанар берсін!
Аллауакбар!



Отауларың от болсын,
Бақыт-байлық көп қонсын.
Ұрпақты бол иләйім,
Еш қам-қайғы жоқ болсын!

Пейілдерің тарылмасын,
Есіктерің жабылмасын.
Сыйлы қонақ қүнде кеп,
Төрлеріңе дамылдасын!

Өмірлерің бал болсын,
Ұрпақтарың нар болсын.



Ата-баба аруағы,
Өздеріңе жар болсын!
Аллауакбар!



Шаңырақтарың шайқалмасын,
Бақ-дәүлеттерің ортаймасын.
Жаратқан Иең жар болып,
Не сұрасаң да қайтармасын!
Шаңырақтарың сыйлы болсын,
Отбасыларың дулы болсын.
Қоныстарың нұлы болсын,
Әрістерің сұлы болсын!
Аллауакбар!



Үрыс қонған жеріңе бата,
Меймандос еліңе бата,
Аққан сұыңа бата,
Асқар тауыңа бата,
Қолдасын Қызыр ата!
Жерлеріңде жұт болмасын,
Төрлеріңе құт орнасын.
Ел-жүрттарың жамандық көрмесін,
Ұрпақтарыңың десі өрлесін!
Аллауакбар!





Соғым шүйгін болсын,
Ұрпақтарың түйғын болсын.
Татқандарың тәтті болсын,
Келер күндерің жақсы болсын!
Отбасыларың аман болсын,
Бай-бақытты заман болсын.
Үйлеріңнен қонақ кетпесін,
Май қуырдақ-табақ кетпесін!
Аллауакбар!



Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мереійің.
Дастарқаның мол болсын,
Абыройың зор болсын!
Кең жайлауды жайласаң,
Тай-құлышынды байласаң,
Сабаң толсын қымызға,
Шараң толсын уызға!
Өрісіңе мал толсын,
Ақ тілеуің жар болсын!
Өрендерің өр болсын,
Өрт мінезді ер болсын.
Көре алмаған дүшпаның,
Көрге кіріп жер болсын!
Аллауакбар!





Әумин десең есе берсін,
Қызырың кеп жетелесін.
Айларың аман кете берсін,
Күндерің құліп өте берсін.
Бақ-дәulet пен дәрежен,
Одан ары өсе берсін!
Құлағың сақ болсын,
Ниетің ақ болсын.
Құлқының пәк болсын,
Көнілің шат болсын!

Дау-дамайдан қашпа,
Араныңды ашпа.
Қындықтан саспа,
Қара қылды қақ жарып,
Елді тұзу баста!
Аллауакбар!



Асың, асың, асыңа,
Береке берсін басыңа!
Бәденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа!
Сенен байлық өтпесін,
Тәңірі берген берекен
Тепкілесе кетпесін.
Еліңің екі шетіне,
Тай шаптырса жетпесін!
Кешке келіп жамырасқан,
Шуылдастып маңырасқан,
Қошақанның анасы,
Саулық бассын үйінді!
Бақайлары сыртылдап,
Мүйіздері жылтылдап,
Бұзаулардың анасы
Сиыр бассын үйінді.
Шудаларын шаң басқан,
Артқы өркешін қом басқан,
Ботақаннның анасы
Інген бассын үйінді!
Шіңгір-шіңгір кісінескен,
Сүйістікпен иіскескен,
Құлыншақтың анасы
Бие бассын үйінді.
Берейін бата асыңа,
Амандық берсін басыңа.
Бәденедей жорғалап,
Қыдыр келсін қасыңа,



Бар екем деп тасыма,
Жоқ екем деп жасыма.
Еңбек етсең ерінбей,
Дәулет келер қасыңа.
Көре алмаған дүшпанның,
Жұа бітсін жолына.
Бақытың жетсін төтелеп,
Дүние малды жетелеп,
Аузыма түскен батаның
Жатырмың бәрін түгендер!
Көтердік міне білекті,
Ақтардым түгел тілекті,
Мынау тұрған балаңыз,
Батыр болсын жүректі!
Әумин!



Әумин десең маған,
Құдай берсін саған.
Алтыннан – жаған,
Күмістен – таған.
Оң жағынан кетпесін
Күрпілдек қара сабаң.
Жортсан жолың болсын,
Жолдасың Қыдыр болсын.
Тілеуің қабыл,
Мұратың асыл болсын.
Ішкенің қымыз,
Жегенің сырбаз,

Кигенің тұлкі болсын,
Жүрген жерің ойын-құлкі болсын!
Қозыға толсын көгенің,
Тұлпар болсын көгенің.
Құтты болсын құрығың,
Сүтті болсын құдымың.
Қияқты болсын сұңқарың,
Тұяқты болсын тұлпарың.
Әрісті болсын жайлайың,
Ырысты болсын қыстауың.
Арыстандай болсын айбатың,
Аюдай болсын қайратың.
Гүлге толсын өңірің,
Көңілді өтсін өмірің.
Асқа толсын табағың,
Ашық болсын қабағың.
Шайың қызыл болсын,
Ғұмырың ұзын болсын.
Несібең таса берсін,
Дүшпаның қаша берсін,
Құдайым ұзақ ғұмыр жаза берсін!
Әумин!



Пейіліңе қонақжай
Бата берем қолың жай:
Ақ жарылған жүргегің,
Қабыл болсын тілегің.
Бізге сойдың семіз тай,
Төрт түлігің болсын сай.
Өсіп-өніп үрпағың,
Төрт қыырға қанат жай!
Бізге сойдың құлың,
Жақсыдан болсын жұғым.
Өмірінді ұзартып,
Өзіңен өте тузын ұлың.
Бізге сойдың марқаны,
Алдыңнан тарқат арқаны.
Сыйлы болып еліңе,
Сыбағанды ал тағы.
Бізге сойдың қой,
Үйіңен кетпесін той.
Қызығына қанып,
Ішпей-жемей той.
Бізге сойдың тоқтыны,
Еліңің бүл тоқтығы.
Абырой алып ұл-қызың,
Биік болсын шоқтығы.
Бізге астың бас,
Берсін саған ұзақ жас.
Ауыздықтап асауды,
Асудан асуға ас!
Бізге астың жамбас,
Жақсымен бол жолдас.
Ықыласың қабыл бол,

Ырысың толмай қалмас.
Бізге астың сыбаға,
Жамандық көрме сірә да.
Қиянат қылма пендеге,
Жағамын десен Құдайға.
Бізге астың қазы,
Болдық сізге разы.
Ақ май ақсын аузыңнан,
Үзілмей қорың қысы-жазы.
Бізге астың жаяны,
Өмірдің болсын баяны.
Болсан да төлдің жылқысы,
Жүрттыңың болма саяғы.
Бізге астың жал,
Басыңа бітсін дүние-мал.
Ата-анаңды ардақтап,
Аяқ-қолын жылы суға мал.
Бізге астың омыртқа,
Пәле-жалаға жолықпа.
Өрісің барда өрге шап,
Өз-өзіңен торықпа.
Бізге астың шұжық,
Көргенің болсын қызық.
Аққу-қаздай мамырла,
Айдыныңда жүзіп.
Бізге астың жауырын,
Баланың берсін тәуірін.
Ізет көріп ініден,
Үзілмесін сауығың.
Бізге астың сүбе,
Қырсығың жерге енсін, түге!

Күндеғенді күнірентіп,
Күннен-күнге үде.
Бізге астың тәс,
Үрім-бұтағыңмен өс!
Жайланып қон,
Жазылып көш!
Бізге астың жілікті,
Ұл-қызың болсын білікті,
Бізге астың белдеме,
Сыйлы бол басқа елге де.
Бізге астың кесек ет,
Дәулетің тассын еселеп.
Сыйлап бердің етінді,
Жарылқасын бетінді.
Енді әкелдің сорпаңды,
Орындастын қолқаңды.
Келді тағы қымызың,
Арылмасын қызығың.
Қойдың қаймақ, айраның,
Аман болсын ауыл-аймағың.
Жаздың жайма, бауырсақ,
Бола берсін қауым шат.
Және келді құрт-майың,
Туа берсін құтты айың.
Рақмет дәміңе,
Ризалық берсін бәріңе.
Аман болып басыңыз,
Жұзге жетсін жасыңыз.
Маған жаптың шапан,
Көнілде болмасын қапаң.
Маған мінгіздің ат,



Қыз ұзатып, қызығына бат!
Маған атадың жол,
Ұл өсіріп мәре-сәре бол!
Маған бердің ет,
Келін түсіріп, тілегеніңе жет!
Маған бердің сауға,
Басың түспесін дауға!
Алдыма салдың мал,
Алладан рақмет ал!
Әумин!



Ет – сізден,
Ықылас, ниет бізден.
Тілеуі ақты Тәңірім
Мұратына жеткізген.
Жақсы-жаманды көріп бақ.
Бар мен жоққа көніп бақ.
Ашы-тұшыны татып көр,
Тайыз-теренді батып көр!
Ел басына тұскен сынды,
Тұз кешіп, тұн қатып көр.
Жиынды топқа тұскенде,
Жүйрігің баптаулы болсын,
Жігітің мақтаулы болсын.
Жортуыл, жорық жолықса,
Найзаң саптаулы болсын.
Нөкерің сақтаулы болсын.
Дастарқаның тоқ болсын,

Уайым-қайғы жоқ болсын.
Аман сақтап,
Абырой берсін!
Жорытқанда жолың болсын!
Тәңірі жарылқасын,
Кімді жарылқаса,
Соның жағында қалсын!
Жаманның алдында қалсын!
Жортқанда жолың болсын,
Адассаң, Алла жолға салып жүрсін,
Сүріндіртпей алып жүрсін,
Мың сан бәле,
Қауіп-қатерден қағып жүрсін!
Уа, Жаратқан – Құдірет!
Мал-жандарын аман ет,
Басына бер зор бақыт.
Асына бер берекет,
Ғұмыр-жасын ұзак ет.
Ұрпақтарын асыл ет,
Кәсібін адал кәсіп ет,
Бәле-жаладан аулақ қып,
Таттырма еш қасірет,
Дүниенің бар жақсылығын
Дәл осы отауға нәсіп ет!
Бізге тартқан басыңыз,
Дәмді екен асыңыз.
Ұрпақтар боп өзгеше,
Сыйлы болсын басыңыз!
Домаласын, өрге тасыңыз,
Иманды болып қасыңыз.

Көре алмаушы, кертартпа
Құм қапсын дүшпан-қасыңыз,
Жүзге жетсін жасыңыз,
Елге сыйлы қарт болып,
Жаннатқа қадам басыңыз!
Құйған қызыл шайыңыз,
Балдай тәтті майыңыз,
Еселі боп еңбегін,
Иманды боп байыңыз!
Дәүлетіңді тастырсын,
Сәүлетіңді асырсын,
Ақсақалың келгенде
Ақ дастарқан жайылып,
Адал ас пен бас тұрсын!
Тіл мен көзден аман боп,
Түлеп ұшсын жас қыршын –
Байсалды туған балаңды
Байтағына бас қылсын!
Адалдан жиған малыңды
Алты атаңа ас қылсын!
Жақсыменен дос қылсын,
Жаманменен қас қылсын,
Иманыңды рас қылсын!
Қарауды қара тас қылсын,
Сараңың көнілін пәс қылсын!
Бұл үйге қастық қылғанды
Тәңірім қара бастырсын!
Әумин!



Ардақты үйдің иесі,
Әуелі бердің шай,
Көнілің болсын жай.
Екінші бердің ет,
Таппасын көңілің
Ешбір дерт!
Үшінші бердің сорпа,
Болмасын бағың орта!
Екі дүниенің игілігіне жеткізсін,
Есіркеп сүйген пендесінен еткізсін!
Астырсын, тастырсын,
Жақсылармен жанастырсын,
Жамандардан адастырсын,
Оттың басы аман болсын,
Бейбітшілік заман болсын,
Балаларың азамат адам болсын,
Жауың жеңіліп қараң болсын!
Дастарқаның тоқ болсын,
Уайым-қайғы жоқ болсын!
Жарлы болсаң жасыма,
Бай болсан, тасыма!
Бақ-дәулет берсін басыңа,
Ғұмыр берсін жасыңа.
Бәле-жала, жын-шайтан,
Жоламасын қасыңа!
Иманның байлығын берсін,
Құт-берекенің бәрі келсін!
Басыңа Алла бақ берсін,
Не берсе де нақ берсін,
Білім нақыл айтуға

Жалықпайтын жақ берсін!
Айтып жүрер білімнің
Іс-амалмен шақ келсін!
Береке-құт пен ырысты
Үйлеріңе ап келсін!
Қара ниетті жауыңа
Бәлекеті тап келсін!
Арман ниетке жеткізіп,
Тілеуінді ап берсін!
Мал-жан аман-тоқ болсын,
Қайғы-қасірет жоқ болсын!
Дастарқаның ақ болсын,
Шаңыраққа бақ қонсын!
Балаларың көп болсын,
Тамағы тоқ,
Киімі көк болсын,
Иманы мығым бек болсын,
Сөзі тура дәп болсын!
Хак қарасын,
Бақ дарысын.
Дастарқанға береке берсін,
Елге дәулет-мереке берсін.
Шыққанның есесін берсін,
Қалғаннның берекесін берсін,
Кең пейіл берсін,
Ұзақ өмір берсін,
От айнала бас берсін,
Өріс толы мал берсін.
Мал берсе, қайырын берекетімен берсін,
Бас берсе, азық-несібесімен берсін!



Ақылыңды астырсын,
Ықыласыңды тастырсын,
Балаң үбірлі болсын,
Қызың шүбірлі болсын!
Жақын көп болсын,
Жауың жоқ болсын!
Жақсы келсін қасыңа,
Нұр жаусын әзіз басыңа!
Көшің көлікті болсын,
Қонысың түлікті болсын,
Қатулықтан аулақ бол,
Татулыққа жақын бол!
Дәуренің иманмен сәнді болсын,
Ғұмырың біліммен мәнді болсын!
Әумин!



Әумин десең бердім бата
Қабыл етіп бір Аллаһ
Бак-дәulet, берекет
Үйіңізге үяласын.
Жаратқан Ием аман қылсын
Бізге берген шайыңыз –
Жақсы болсын жайыңыз.
Бізге берген етіңіз –
Қабыл болсын ниетіңіз.
Мақсатыңа жетіңіз,



Бізге берген тұз-дәміңіз
Таусылмайтын несібе болып,
Аман-сау болайық бәріміз.
Әумін, Аллауакбар!



Иә, Тәнірі құдірет,
Мал-бастарын аман ет,
Басына бер бақыт,
Асына бер берекет,
Өмір-жасын ұзақ ет,
Михнантан аман ет,
Дүшпанының күнін жаман ет,
Ұрпақтарын асыл ет,
Дүниедегі жақсылықты,
Дәл осы үйге нәсіп ет!
Жас баланың құлкісін бер,
Жас ананың үйқысын бер.
Жомарттың қолын бер,
Жорытқанның жолын бер.
Қыздың қылышын бер,
Судың тұнығын бер,
Асаудың арынын бер,
Тұнгі оттың жарығын бер.
Асқар таудың пандығын бер,
Бұлбұл құстың таңғы үнін бер.
Даланың жазықтығын бер,
Гүлдің нәзіктігін бер.



Теңіздің тереңдігін бер,
Қыранның көрегендігін бер.
Ердің көнілін бер,
Бүркіттің жігерін бер.
Лашынның жүрегін бер,
Нағыз достың тілегін бер.
Мәңгі-бақи ажырамас,
Шың ғашықтың тілегін бер!
Дастарқаныңа береке берсін,
Бастарыңа мереке берсін,
Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін,
Дендеріңе саулық берсін!
Әумин!



Ашып тастап пейілді
Дастарқаның жайылды.
Қасиетті нан ұлық
Берекең түр нақ үйып.
Асыл сөздер шашылды,
Бар абырой бақ орнап
Ел сыйласын басынды.
Аңыз болып отауың
Айта жүрсін асынды.
Сүйген жарың,
Бала-шағаң аман боп,
Бүтіндесін асылды.
Ниетіңе біз тойдық.

Рақмет шайыңа,
Риза еткен бір қойлық!
Әуелі Құдай ондасын,
Аруақтарың қолдасын.
Бақыт пен дәulet, бас пен мал,
Басыңа мәңгі орнасын.
Төрт құбылаң сай болсын,
Саған қастық ойлаған
Ғұмырында оңбасын.
Ақылды бол, арлы бол,
Бақытты бол, малды бол,
Қатарыңың алды бол!
Берекеміз қашпасын,
Белімізді ешкім баспасын,
Адал жан болып астасың,
Арыңды құлдей шашпасын.
Бақыт болса бастасың,
Мейманаң, сірә, таспасын,
Тірлікте түзу жол тапсан,
Тәңірім берер басқасын.
Әуелі құдай есен ет,
Жиреншедей шешен ет,
Атымтайдай көсем ет,
Лұқпандай береген ет.
Ибраһимнің басын берсін,
Сұлейменнің бақытын берсін.
Қыдыр құсы қонсын басыңа.
Жортқанда жолың болсын,
Жолдасың Қыдыр болсын.
Жоғары болсын жұлдызың,

Бақытты болсын ұл-қызың.
Ас иесі байысын,
Бар ойлаған арманың,
Жақсылыққа сайысын.
Дастарқаның бай болсын,
Қазан-ошағың май болсын.
Төрт түлігің сай болсын,
Көңілің толып жай болсын.
Ұлың қонып ұяға,
Қызың қонып қияға,
Келінің бибі атанып,
Ұлың болсын би аға.
Бергеннен Алла танбасын,
Көбейе берсін мал басың,
Өсе берсін жан басың,
Арманың көкке самғасын.
Досыңдан көңілің қалмасын,
Жағаңдан дүшпан алмасын,
Жолың болып жортқанда,
Жолыңды Қызыр жалғасын.
Береке берсін басыңа,
Бақ қонсын басыңа.
Балын татып өмірдің
Жамбылдың жет жасына.
Қуанышпен достарың
Жинала берсін қасыңа.
Қойың қоздап егізден,
Ешкің туып сегізден.
Майдан қолың қетпесін,
Соғымың болып семізден.

Бата-тілектер

Айтып жұрсін қонағың
Таңдайдан кетпей жегізген.
Шалқып жатсын дәулетің,
Тасыған селдей теңізден.
Баянды Алла бақ берсін,
Адалын берсін, ақ берсін.
Атағың кетіп Алашқа,
Астыңа алтын тақ берсін.
Бірлік берсін басыңа,
Береке берсін асыңа.
Құдай жарылқасын,
Бақ қарасын,
Қыдыр дарысын!
Айдан аман, жылдан есен қылып,
Үйдегі, түздегі
Мал-басын аман қылсын!
Дастарқаның майлы,
Көңілің жайлы болсын.
Өміріңе не тілесен,
Тілегің қабыл болсын!
Әумин!



Өмір берсөң, бақытты қып бер,
Дәулет берсөң, қайырлы қып бер.
Ұл берсөң, ұнамды қып бер,
Қыз берсөң, қылышты қып бер,
Ат берсөң, жүрісті қып бер,
Бала берсөң, ырысты қып бер.

ЖАС БАЛАҒА БАТА

Асан Қайғы бабадай саналы бол,
Ғаріпте әз Жәнібектей паналы бол.
Керейде Дәстем салдай бағалы бол,
Атақты Келден бидей саналы бол.
Ер Дәулендей халқыңың батыры бол,
Махамбеттей жұртыңың ақыны бол.
Дау-жанжал болдырмасқа ат салысқан
Қараменде шешендей мақұлды бол.
Маралдай көпке тисін шарапатың,
Шөңкедей арта берсін салтанатың.
Жетім-жесір жарлыға пана болған,
Жоландай елге тисін шапағатың.
Тобықты Әнет бидей баталы бол,
Кіші жұз Әйткедей аталы бол.
Бекердей қамқа киген оқалатып,
Еменәлі Жабадай опалы бол.
Балтада Итікедей қарулы бол,
Қанжығалы Жантайдай азулы бол,
Кіші арғын Жәнібектей ер атанып,
Өлеңде, дастанда да жазулы бол.
Қазыбектей халқыңың данасы бол,
Қарабастай жұртыңың баласы бол.
Елің қорғап, дұшпанға соққы берген,
Үш жүздің Бөгөнбайдай панасы бол.
Қазақта әз Тәүкедей тақты бол,
Керейде Есенейдей бақытты бол.
Топ болсақ қобыз тартып, өлең айтып,
Ән шырқап Салқарадай шабытты бол.



Үш жұздің Абылайдай тілегі бол,
Марабайдай ақыны – жүрегі бол,
Төре, биге тізгінің бермей өткен,
Найманда Барлыбайдай салмақты бол.
Сүйіндік Олжабайдай келбетті бол,
Тәттіқара жыраудай зейнетті бол,
Сыбан Шондай елінің сен үйшысы,
Тәттімбеттей халқыңың құйшісі бол.
Белгібай, Құлекейдей білекті бол,
Беріште Исадайдай жүректі бол.
Халқының қамын жеген ертепі-кеш,
Қарауыл Қанай бидей тілекті бол.
Тоқсан бидей көп жаса, жұзге келші,
Зілқарадай мал-басың өсіп-өніп,
Кетпес байлық, таусылмас қаржылы етер,
Тұсінде көнек берсін Қыдыр келіп.
Жыраудың Бұқар сынды өрені бол.
Алды-артын ойлап келіп, пішетұғын
Адамның Қарабидей зерегі бол.
Көшебеде Тәбейдей беделді бол,
Сүйіндікте Көшетай өнерлі бол.
Кіши Арғында Жанақтай жауырынды,
Үмбетедей жырға бай, кемелді бол.
Нашандай қан-майданда айбатты бол,
Ер Асхаттай шайқаста қайратты бол.
Қабанбайдай жігіттің берені бол,
Сардардың Ер Тарғындей Ерені бол.
Ер Сары мен Баяндей әулетті бол,
Едіге би бабандай сәулетті бол.
Фаскері ат, түйемен жабдықталған,

Керейде Тұрыпбердідей дәuletті бол.
Орынбайдай еліңнің шешені бол,
Ер Сырымдай халқыңың көсемі бол.
Көшебе Майлы бидей тым көреген,
Даулы істе сөзге ұста, көшелі бол.
Кіші Арғын Шоқай бидей алымды бол,
Атығай Шал ақындай шалымды бол.
Шектіде Арыстандай биязы бол,
Таузарда Жанкісідей дарынды бол.
Құрсары Әлдибектей шешімді бол,
Ашамайлы Тілешідей кесімді бол.
Құйса толмай, толғанда аспайтұғын,
Жаңбыршы Малдыбайдай есімді бол.
Көрсеткен бұқараға үлгілі жол,
Толыбай сыншыдайын жолбасшы бол.
Жауларға қарсы шығып, бастайтын қол,
Керейде Ақпанбеттей қолбасшы бол.
Ұлы жұз Төлебидей айлалы бол,
Кіші Арғын Бөгенбайдай пайдалы бол.
Қиын-қыстаяу кезеңде қоршаша бұзған,
Тарақты Байқозыдай айбарлы бол.
Керейде Тұрлыбектей табанды бол,
Шәукерде Байдалыдай амалды бол.
Қиналғанда ерлерге қайрат берген,
Малайсары батырдай жайдарлы бол.
Төле би бабаңдай зейнетті бол,
Тамада ер Есеттей келбетті бол.
Бикеде Манақадай аяулы бол,
Мәуелі бәйтеректей саялы бол.
Тіліне ғазәзілдің ермейтін бол,
Дүшпанға тізгініңді бермейтін бол.



Өнерге өсе келе құштарланып,
Қияға құлашыңды сермейтін бол!
Әумин!



Ел үмітін ақтап өс,
Ата салтын сақтап өс.
Топқа түскен сәттерде,
Бермейтін бол жатқа дес.
Елдің ұлы бол,
Ортаңның гүлі бол.
Мақтан тұтар ағайын,
Жақсылардың бірі бол.
Әумин!



Жортқанда балам, жолың болсын,
Кеуденде өшпес сенім болсын.
Қалтаң ділдаға толсын,
Бір толмасын, жылда толсын.
Сөйлегенде шешен бол,
Топқа түссен көсем бол.
Алып жығар алымды бол,
Шалып жығар шалымды бол.
Қатарыңнан озар, ерен бол,
Жас кезінде терең бол!
Сынай қалса, құлақ сал,
Мақтай қалса – керен бол!
Әумин!



ҚЫЗ БАЛАҒА БЕРІЛЕТІН БАТА

Талдай бой берсін,
Сұңғыла ой берсін.
Жаздай жамал берсін,
Нәркес жанар берсін!
Анаға шуақ болсын,
Ағаға қуат болсын,
Нәзік жаны болсын,
Елінің ары болсын,
Басына өнердің бағы қонсын,
Ақ орданың шамы болсын!
Әумин!





ҰЛ БАЛАҒА БАТА

Бір үйдің баласы болма,
Бүкіл елдің санасы бол!
Бір елдің баласы болма,
Бар елдің данасы бол!
Бір тонның жағасы болма,
Көп қолдың ағасы бол!
Ақты ақ деп бағала,
Қараны қара деп қарала!
Өзегің талса, ел ішін арала,
Басыңа іс түссе, көпшілікті сағала!
Өзіңе-өзің кәміл бол,
Халқыңа әділ бол!
Жауыңа қатал бол,
Досыңа адап бол!
Әумин!



ЕР-АЗАМАТҚА БАТА

Жазықсыз жаладан сақтасын,
Арқаңа ауыр жүк батпасын.
Сөйлесең шешуші сәттерде,
Сөзіңе ағайын тоқтасын.
Еңбегің еленсін әрдайым,
Арайлап жайнай бер таңдайын.
Ер болып туған соң анадан,
Ойлай жүр халықтың жағдайын.
Қыын бір сәттерде жасыма,
Бар болсаң мақтанып тасыма.
Үрей боп көрініп қасыңа,
Шуақ боп төгілгін досыңа.
Анаңды аялап ардақта,
Атаңды құрметтеп салмақта.
Адал бол, әйтеуір түзу жүр,
Жағымсыз жағдаймен жан бақпа!
Әумин!



МЕРЕЙТОЙ БАТАСЫ

Той дастарқаны мол болсын,
Берекелі қол болсын,
Тойға келген қонақтың,
Бәріне сәтті жол болсын.
Тілектерің оң болсын,
Жұқармайтың қоң болсын,
Екеуіңің кигенің,
Алтын жағалы тон болсын.



Құрметті той иесі,
Ісінді тағдыры ондастын,
Қайда жүрсөң қолтықтап,
Қыдырып бабаң қолдасын!
Жамбылға ұқсан көп жаса,
Дененде дерт болмасын,
Тойың тойға ұласып,
Жан-жүрегің толғансын!
Күннен-күнге көбейсін,
Дос-жараның, жолдасың.
Бақытың тассын әманда,
Бергенін Тәңірі алмасын!
Өмірінді ұзартып,
Балаң менен немерен,
Шеберең мен шөпшегің,
Туажаттар жалғассын!
Әумин!



Немеренди өсіріп,
Шөберенди жетектеп,
Шашқан Алла ырзығын,
Тере бергін етектеп,
Құт болып, мекен тұрағын,
Жайқала берсін құрағын,
Лайланбасын бұлағын.
Жарқырай берсін шырағын,
Жастарың жүзге жеткенше
Тарқамасын бір-біріңе құмарын.
Әумин!



Қабыл ғып Алла тілекті,
Қуанта берсін жүректі.
«Алтын тойым болғай» деп,
Тілеумен қанша күн өтті.
Тілекті Алла бергені,
Тойың өтіп дүбірлеп,
Осынша жанның келгені.
Бақытты жандар болыңдар,
Мерейі биік елдегі,
Аруақтар қолдасын,
Жамандық ешбір болмасын.
Дәулетің тасып бұдан да,
Тепсең кетпес басыңа,
Баянды бақыт орнасын.
Ұзақ болып жастарын,
Қызығын көріп балалардын,



Ашық болсын аспаның.
Әумин!



Құтты болсын күміс той,
Той дегенің ырыс қой.
Алтын жамбы берсем де,
Екеуіңе дұрыс қой.
Күміс тойдың аяғы,
Алтын тойға жалғассын.
Жарылқасын жандарың
Жүзіндей ақ алмастың.
Таси берсін дәuletің,
Жарасып сән-сәuletің.
Қара қауым ел болып,
Өсіп-өнсін әuletің.
Сыйлы болып бастарың,
Ажырамай жұптарың,
Жүзге жетсін жастарың!
Әумин!





ДАСТАРҚАНҒА БАТА

Бата бердім, бақ тіледім,
Ақ дастарқан басына,
Я, Құдайым, шын тіледім,
Келсін деп менің қасыма!
Көнілің көлдей болып,
Көргенің түстей болып,
Қыдыр қонсын басыңа!
Әумин!



Я, Тәңірі, құдірет,
Мал-бастарын аман ет,
Басына бер бақыт,
Асына бер берекет,
Өмір жасын ұзақ ет,
Мехнат, зақметтен аман ет,
Дүшпанының құнін жаман ет,
Ұрпақтарын асыл ет,
Дүниедегі жақсылықты,
Дәл осы үйге нәсіп ет!
Әумин!



Бата-тілектер



Ас бергенге бас берсін,
Өмірі ұзақ жас берсін.
Кетпес дәulet, кең пейіл,
Қайырымды дос берсін!



Құдай жарылқасын,
Бақ қарасын.
Қыдыр дарысын!
Айдан аман,
Жылдан есен қылышп,
Үйдегі, түздегі
Мал-басты
Аман қылсын!



Шалқар көлдей көп болсын
Қымыз бенен айраның.
Атаның мен атыңнан
Жұртқа түссін қайраның!
Айдағысыз малды бол,
Ағайынның алды бол,
Отыз ұлды орда бол,
Ұман жұрттың басы бол!





Дастарқаның бай болсын.
Қазан-ошағың май болсын.
Төрт түлігің сай болсын.
Көнілің толып жай болсын.
Ұлың қонып ұяға,
Қызың қонып қияға,
Келінің бибі атанып,
Ұлың болсын би аға.
Бергеннен Алла танбасын,
Көбейе берсін мал басың,
Өсе берсін жан басың,
Арманың көкке самғасын.
Досыңдан көнілің қалмасын,
Жағаңдан дұшпан алмасын,
Жолың болып жортқанда,
Жолыңды Қызыր жалғасын!
Әумин!



Бата бердім, бақ тіледім,
Ақ дастарқан басына,
Я, құдайым, шың тіледім,
Береке бер деп асыңа.
Көнілің көлдей болып,
Дәулетің тасып толып,
Бақыт қонсын басыңа!
Әумин!





Әумин десен маған,
Құдай берсін саған.
Алтыннан болсын жағаң,
Күмістен болсын тағаң.
Оң жағыңдан кетпесін
Күрпілдек қара сабаң.
Жортсаң жолың болсын,
Жолдасың қыдыр болсын.
Тілеуің қабыл,
Мұратың асыл болсын.
Ішкенің қымыз,
Жегенің сырбаз,
Кигенің тұлқі болсын,
Жүрген жерің ойын-құлқі болсын!
Әумин!



Дастарқаның кең болсын,
Төрт құбылаң тең болсын.
Мерейің тасып асқақтап,
Маңайыңа ел қонсын.
Ғұмыр жасың ұзын болсын,
Тұтінің тұзу болсын.
Беделіңді өсірер,
Ұлың мен қызың болсын!
Әумин!



ДІНИ БАТАЛАР

Құдайдың құлымын дегейсің,
Мұхаммед үмбетімін дегейсің.
Шадияр досым дегейсің,
Имам ағзамның қауымында қыл,
Шайтанның сәрінен сақта,
Патшаның кәрінен сақта,
Намаздың қазасынан сақта.
Пайғамбардың туында қыл,
Аузы кәусардың сүйнде қыл,
Иман байлығын бер,
Денниң саулығын бер!
Әумин!



Е, Құдайым оңдасын,
Оң жолыңа бастасын.
Бір жарылқап тастасын.
Жамандыққа жазбасын,
Жақсылыққа бастасын!
Мал иесі Мұхаммед!
Жан иесі хазірет,
Не тілегін әзір ет,
Еткен ниетін қабыл ет!
Әумин!





Тәңірім өзі оңдасын,
Әулиелер қолдасын.
Дүниедегі ізгілік
Алдыңнан шығып қарсы алсын.
Тар қабірің кең болсын,
Күндізгідей күн күлсін,
Шамшырағын жаққандай,
Тас қабірдің ішінде
Тас бұркеніп жатсаң да,
Рахатқа бата гөр,
Күн шығып, таң атқандай.
Жаннатта жаның жай тапсын,
Жаратқан жаппар құдірет,
Көп батасын қабыл ет,
Күнәдан пәк жандардың
Ақ тілегін мақұл ет!
Әумин!



Әуелі Алла оңдасын.
Пайғамбар болсын жолдасың.
Өткендерді ойласаң.
Аруақтар қолдасын.
Сыртыңнан ғайбат айтқан жан
Тап өзіндей болмасын.
Ризығың, дәүлетің қолыңнан кетпесін.
Иманың жерге жетпесін.
Қайырлы ғып дәүлет берсін,
Өмірлі ғып перзент берсін.



Анам деп есіне алған жанды
Екі жалғанда қорғаушы бол,
Пайғамбар қасына алсың!
Әумин!



Міне бата, ақ ниет,
Бола берсін берекет.
Қыын дейді қиямет,
Жақын дейді ақырет.
Құлшылық қыл Аллаға,
Қыл көпірден таймай өт!
Кірсін дәүлет,
Шықсын бейнет,
Алла атымен ниет ет.
Жоқ-жітікке рақым ет.
Тәңір сені қолдасын,
Уайым-қайғы болмасын.
Қабыл болсын, оразаң,
Әuletінді ондасын!
Әумин!





МАЛ-ЖАНҒА БЕРІЛЕТІН БАТАЛАР

Е, Құдайым, оңдасын,
Мың саулығың қоздасын.
Сегіз түйең боталап,
Сегіз келін қомдасын.



Жүзге жетсін түйеңіз,
Үш жүз болсын биеніз!
Әлдеріңің келгенінше
Жығылғанды көтеріп,
Сүйенгенді сүйеңіз!
Тарығып келген адамға,
Бермесек, отқа күйеміз,
Бергенді тым-ақ сүйеміз.
Жомарттық қылышп қолдасан!

Әрбір жерде жар болсын
Бір жасаған – Иеміз!



Аладан алпыс бие құлышнадап,
Алқалап ұлың байласын.
Желіден жетпіс інген боталап,
Қызы-келіншек қызығымен қомдасын.
... Ораздыны көшіріп,
Шиеліде қонысып,
Отыңның басы



Перзентке толысып.
... Эр елге әр перзентің
Патша болсын!
Батамыз біздің берген
Қабыл болсын!
Әумин!



... Ағайынмен тату бол,
Жаз кигенің құлпы бол!
Қыс кигенің түлкі бол!
Бағаналы таудай бол!
Шағалалы көлдей бол!
... Есігіңің алдында,
Елу інген боздасын
Қоранды бес жұз саулық қоздасын!
... Жылқың сенің мың болсын!
Жылқы деген жақсы мал,
Бес өлкеге бақтырып,
Бес айдыннан суарып,
Бетегелі тауға жабысып,
Сиырың сенің мың болсын!
Қысың қатты болғанда,
Қамысты жерге айдал сал,
Бісмілла, Аллауакбар!





«Әумин!» деп қолыңды жай,
Қабат тусын Күн мен Ай.
Алғаның болсын сайма-сай
Қапалық болмай кезінде
Ұлғи болсын мамыражай.
Қос-қостан тауып ұл мен қызы,
Мінгені болсын жорға тай.
Әумин!



Е, Құдайым, жарылқа!
Жарылқасаң малды қыл!
Біткен жүрттың алды қыл!..
Е, Құдайым, бала берсін!
Мал мен басты және берсін!
Саған қас қылған дүшпанды.
Табаныңың астына сала берсін!
Аллауакбар!





Қозыға толсын көгенің,
Уыз болсын жегенің.
Құтты болсын құрығың,
Тартылмасын құдығың.
Қияқты болсын сұңқарың,
Тұяқты болсын тұлпарың.
Өрісті болсын жайлауың,
Ырысты болсын қыстауың.
Арыстандай болсын айбатың,
Жолбарыстай болсын қайратың.
Гүлге толсын өңірің,
Көңілді өтсін өмірің.
Асқа толсын табағың,
Ашық болсын қабағың!
Әумин!





СҮНДЕТКЕ ОТЫРҒАН БАЛАҒА БАТА

Қол жайындар халайық, сұндетке арнап,
Құдай құллы Мұхаммед Үмбетке арнап.
Қырық парыздың біреуі осы дейді,
Исламда атқарар міндетке арнап.
Айың жарық, күндерің ашық болсын,
Пәле-жала қырық кез қашық болсын.
Жүргегіне ізгілік нұр құйылып,
Өміріне жететін һәсіп болсын!
Ақ бата әрқашанда орындалған,
Ашық қылсын жар болып жолынды Аллам.
Ғайып Ерен, Қырық Шілтен қорғап жүрсін,
Азамат бол Қыдыр ата қолынды алған.
Әумин!



ЖАСТАРҒА БАТА

Жарылқа, Тәңір, қабыл ет,
Жарылқаудың қамын ет!
Бере гөр, мына жастарға
Ізет-абырой, бақ-дәulet.
Береке орнап бақ қонсын,
Баянды боп нақ қонсын.
Талап қылса әрнеге,
Тек жақсылық тап болсын.
Жастығы өтсін гүлдей боп,
Төрт құбыласы бірдей боп.
Бере көрме оларға,
Жан тәзгісіз бір бейнет.
Жолдары болсын әманда,
Пайдасы тисін қоғамға.
Тәңірім өзі қолдаса,
Бақ қонады адамға!
Әумин!



Бата-тілектер



Берекең ешбір қашпасын,
Белінді ешкім баспасын,
Адал болып алғаның,
Арынды құлдей шашпасын.
Бақыт болса бастасын,
Мейманың, сірә, таспасын,
Тірлікте түзу жол тапсан,
Тәнірім берер басқасын!
Әумин!



Сұрасаң бата берейін,
Үстем болсын мерейің.
Ықыласпен қол жайсан,
Ақ тілекті төгейін.
Дастарқаның мол болсын,
Абыройың зор болсын.
Көре алмаған бағынды,
Сындыра алмасын сағынды,
Дүшпандарың жер болсын.
Жортқанда жолың болсын.
Жолдасың Қыдыр болсын
Отбасың басқа толсын,
Қазаның асқа толсын,
Өрісің малға толсын,
Басыңа бақыт қонсын.
Ел-жұртың аман болсын,
Бақытты заман болсын,
Үйіңе береке кіре берсін,



Бала-шаған, туыстарың
Бақытты өмір сүре берсін!
Әумин!



Тілек сізден болсын,
Ықылас, ниет бізден болсын.
Жақсы-жаманды көріп бақ.
Бар мен жоққа көніп бақ.
Ашы-тұщыны татып көр!
Тайыз-теренді батып көр!
Ел басына түскен сынды,
Тұз кешіп, тұн қатып көр.
Жиында топқа түскенде,
Жүйрігің баптаулы болсын,
Жортуыл, жорық жолықса,
Найзаң саптаулы болсын.
Некерің сақтаулы болсын.
Аман сақтап,
Абырой берсін!
Жорытқанда жолың болсын!
Әумин!



Бата-тілектер

Мен батамды берейін,
Тілегімді төгейін.
Алладан тілеп жақсылық,
Бүлкілдесін көмейім.
Дастарқаның тарылмасын,
Құт-береке арылмасын.
Жарқылдал жүр жүрт алдында,
Аяғың тасқа шалынбасын.
Бала-шағаң аман болсын,
Тыныш заман болсын.
Әрбір адымың,
Сәтті қадам болсын!
Әумин!



Еліңнің қамын ойла деп,
Жерінді жаудан қорға деп,
Ғұмырың ұзақ болсын деп,
Жуадай жауың солсын деп,
Әкең берген ақ бата
Басыңа қонсын бақ бата.
Қызығың сенің алда деп,
Қатарыңнан қалма деп,
Бетінен жанның алма деп,
Жаныңа жара салма деп,
Анаң берген ақ бата,
Басыңа қонсын бақ бата.
Құйрық-бауыр жегізген,
Мың жылдық құда дегізген,



Астыңа жорға мінгізген,
Үстіңе шапан кигізген,
Құдан берген ақ бата,
Басыңа қонсын бақ бата.
Қонақсыз үйің құрысын,
Үйіңе өзің ұрысын,
Қырықтың бірі Қыдырың,
Бақ дәулетің ырысын,
Қонақ берген ақ бата,
Басыңа қонсын бақ бата.
Әумин!



ӘСКЕРГЕ АТТАНАТЫН ЖАСТАРҒА

Оң болсын, балам, сапарың,
Мол болсын дәм-тұз татарың.
Тұған елің тапсырған,
Аманат саған Отаның.
Барып келіп жатыр ғой.
Өзіңдей жастар – қатарың.
Сом темірдей білекті,
Батырлардай жүректі.
Азамат болсын өренім,
Бере гөр Аллам, тілекті!
Әумин!



ҮЙ ИЕСІНЕ БАТА

Шаңырағың шалқи берсін.
Кереген кеңи берсін.
Осы үйге ән-күй келсін,
Дұшпаның кеми берсін.
Дастарқанға береке берсін.
Күнде мереке болсын.
Қастық ойлағандар,
Қабағы ашылмай келеке болсын!
Әумин!



Бастарыңа бақ берсін,
Не берсе де нақ берсін!
Қырда жүрген Қызырды
Үйлеріңе ап келсін!
Карындарың тоқ болсын,
Қайғыларың жоқ болсын!
Шүпірлеген үйінде,
Балаларың көп болсын!
Бата бердім, бақ тіледім,
Ақ дастарқан басына.
Я, Құдайым, шын тіледім,
Келсін деп менің қасыма!
Көнілің көлдей болып,
Көргенің түстей болып,
Қыдыр қонсын басыңа!
Әумин!



Әумин десең маған,
Құдай берсін саған!
Оң жағыңа қарасаң,
Алтыннан терек орнасын!
Сол жағыңа қарасаң,
Күмістен терек орнасын!
Еш жамандық болмасын,
Аман болсын мал-басын!
Әумин!



Ордалы болсын еліңіз,
Құрметті болсын тәріңіз.
Ұрпағың өсіп артыңан,
Қызығың оның көріңіз.
Келінің болсын келісті.
Құрсағы болсын өрісті.
Ұлың болып арқалы,
Болмасын қызың кемісті.
Асың болсын табақты,
Баспасын қайғы қабақты.
Қоның жерің қонды боп,
Туың болсын барақты.
Асың болсын қазанды,
Иманың болсын азанды.
Тыныш болып айналаң,
Алмасын ешкім мазаңды.
Торқалы болсын тойыңыз,
Отарлы болсын қойыңыз.



Біз келгенде қонаққа,
Семізінен сойыңыз!
Әумин!



Өрістен қайтып жамырасқан,
Шуылдасып маңырасқан.
Қошақанның енесі,
Қоңыр қой толсын қораңа!
Тұяқтары сартылдап,
Мүйіздері жалтылдап.
Бұзаулардың енесі,
Сиыр толсын қораңа!
Шудаларын шаң басқан,
Екі өркешін қом басқан.
Ботақанның енесі,
Інген толсын қораңа!
Құйрық-жалы төгілген,
Шапса көбесі сөгілген.
Құлышақтың енесі
Бие толсын қораңа!
Әумин!



САҚТЫҚ БАТА

Дұшпанның табасынан сақта,
Достың наласынан сақта.
Әмір бойы жазылмайтын,
Жүректің жарасынан сақта.
Шарасыз шерменде болғаннан сақта,
Мезгілсіз солғаннан сақта.
Ағайынға көзтүрткі болып,
Сүмірейтіп қорлаудан сақта.
Сенгенің сатып кеткеннен сақта,
Дұшпан алдында шөккеннен сақта.
Қарғап-сілеп тамам жұрт,
Қаһарын төккеннен сақта.
Үгіліп жылағаннан сақта,
Араша сұрағаннан сақта.
Амалың құрып есенгіреп,
Қайтып тұрмастай құлағаннан сақта.
Кесапаттың зәрінен сақта,
Патшаның кәрінен сақта.
Қол жайып тілеген пенденді,
Пәле-жалаңың бәрінен сақта.
Әумин!





Далақтаған даудан сақта,
Жалақтаған жаудан сақта.
Ашыққан бәріден сақта,
Қара жердің көрінен сақта!
Ашынған ұрыдан сақта,
Құлқыны құрыдан сақта
Дауылдың кәрінен сақта
Жыланның зәрінен сақта
Аяқ астынан кезігер –
Бәле-жаланың бәрінен сақта!
Әумин!



Уа, жаратқан ием,
Тілегімізді қабыл ет,
Иманымызды кәміл ет.
Ұнтымақсыз алауыз,
Қырқыстан сақта.
Әрі тарт, бері тарт,
Жұлқыстан сақта.
Төрінді билер жатынан сақта,
Көк долы қатыннан сақта.
Руға бөлінген наданнан сақта,
Жақсылығы өзінен
арылмас адамнан сақта.
Қара жүрек есерден сақта,
Нанды аттаған кесірден сақта.
Кеуде көрген көргенсіз келіннен сақта,
Мезгілсіз келген өлімнен сақта.



Татымсыз тұзыңнан сақта,
Көргенсіз қызыңнан сақта.
Бетіңе күлгөн сүмнан сақта,
Бетімен кеткен жыннан сақта.
Жалғасқан бәледен сақта,
Бас кетер жаладан сақта.
Қайырсыз малдан сақта,
Қазымыр шалдан сақта.
Адасқан елден сақта,
Ез болған ерден сақта,
Төтенше нәүбеттен сақта,
Міндешіл жекжаттан сақта!
Әумин!



ЖАС ОТАУҒА БАТА

Сезімнің пәктігін берсін,
Көңілдің ақтығын берсін.
Берекелі отбасыңа
Сәбидің шатты үнін берсін,
Пейілдерің тарылмасын,
Есіктерің жабылмасын...
Дау-жанжалдан сақтасын,
Асып тасқаннан сақтасын...
Өмірлерің бал болсын,
Отауларың елге сән болсын!
Әумин!



Босағаларыңа жамандық жетпесін,
Төрлеріңнен жақсылық кетпесін.
Ұлдарың он шақты болсын,
Қыздарың моншақты болсын.
Бастарыңа бақ қонсын,
Жаратқан ием жақ болсын.
Ынтымақ серік болсын,
Шаңырақ берік болсын.
Несібесі ііп келсін,
Құт-берекесін үйіп берсін.
Дастарқаның кең болсын,
Байларменен тең болсын.
Ауылың мерекелі болсын,
Өмірің берекелі болсын.
Жолдарың ақ болсын,



Молшылық тап болсын.
Сән-сәулетің ассын,
Бақ-дәүлетің тасысын!
Әумин!



Құдай қосқан қосағың,
Құтты болсын босаған.
Қолға қонған құсыңды,
Тұғырлы қылсын Жасаған.
Үйленген мынау жастарға,
Болсын батам арнаған.
«Тәубе» дейік Аллаға,
Қабыл болмай мұндайда,
Ешбір тілек қалмаған.
Баянды болсын махаббат,
Екеуінді таңдаған.
Жоламасын Әзәзіл,
Сан сезімді жалмаған.
Періштегер күзетсін,
Ақ төсекті ортада,
Екеуіңе арнаған.
Сенім оты сөнбесін,
Қос жүректі жалғаған.
Кабыл болсын тілектер,
Аруақтарын қолдаған.
Некелерің қылсын,
Мешіттегі молдадан,
Қияметтік жар болу,
Бүйрықты болсын Алладан!
Әумин!

КЕЛІНГЕ БАТА

Құтты болсын қадамың,
Келін болдың, қарағым.
Салтын ұстап ардақта,
Бұрынғы ата-бабаның.
Отша лаулап сөнбегін,
Еш жамандық көрмегін.
Бақытты бол, келінжан,
Сәбидің жуып жөргегін,
Ошақтан от кетпесін,
Үйіңнен көп кетпесін,
Қосағыңмен қоса ағар,
Дүшпанның көзі өтпесін.
Адал болып жарыңа,
Қанағат қыл барыңа.
Қайғы мен мұң түспесін,
Ақ қағаздай жаныңа.
Әумин!



ЖОЛАУШЫҒА БАТА

Иә, Құдайым оңдасын,
Оң жолына бастасын.
Жортқанда жолың болсын,
Жолдасың періштелер болсын.
Жер жүзіндегі қатерден
Жаппар Иеме тапсырдым!
Судан келер қатерден,
Сапардағы қатерден.
Жаратушы жан Ием,
Сақтай гөр, – деп тапсырдым!
Бір Аллаһ өзіңе тапсырдым!
Қайырлы дәulet берсін
Халыққа татулы өмір берсін!
Өткенге иман берсін,
Тірігे – береке берсін.
Жастарға ғұмыр берсін,
Халқымызға бірлік берсін!
Әумин, Аллауакбар!





КӨШКЕ БЕРІЛГЕН БАТА

Көштерің көлікті болсын,
Жолдарың көрікті болсын,
Қоныстарың құтты болсын,
Босағасы мықты болсын,
Ауру-сырқаудан аман болындар.
Бастарыңа айырылмас бақ қонсын,
Мейірбанды Алла сендерге жақ болсын!
Әумин!





ҚАРАБИДІҢ ЖӘНІБЕККЕ БЕРГЕН БАТАСЫ

Бедері жоқ қамқадан,
Берік тоқылған бөз артық.
Берекеті жоқ ағайыннан,
Берік сөйлескен жат артық.
Пайданы алыстан қылғайсың,
Залалды жақыннан қылғайсын.
Тышқан да інінің айналасына оттамайды,
Оны да есіңе алғайсың.
Қайтып кірер есікті,
Қатты серпіп жаппағайсың.
Қайтып көрер досыңа
Қайрылмастай сөз айтпағайсың.
Осыны есіңе ала жүрсөң, ешкімнен
Кем де, қор да болмайсың.



ҚАРАСАЙ БАТЫРДЫҢ ЕСІМХАННАН АЛҒАН БАТАСЫ

Ал, ақ батамды берейін, қолыңды жай:
Аллаға қылышың жақсын,
Таңда машһар күнінде
Алдыңнан бұлақ ақсын!
Періштелер маңдайыңнан иіскеп
Жауырыныңнан қақсын,
Көкірегің ақ болсын!
Қара босағаңнан қыдыр кетпесін,
Қара шаңырағыңнан ырыс кетпесін,
Атың алты алашқа танылсын
Дұшпаның табанында қырылсын!
Атың – ұран болсын,
Айтқаның құран болсын,
Жолбарыстың жүргегін берсін!
Бар әулие, әмби, аруақтар қолдай қоршап,
Бар жақсылық тілегінді берсін!
Әумин!



БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ НАУРЫЗБАЙ БАТЫРҒА АЙТҚАНЫ

Ей, Наурызбай, Наурызбай!
Шапырашты Наурызбай!
Асылы едің асылдың,
Жасылы едің жасылдың.
Ей, Наурызбай, Наурызбай!
Жауға тиер беренім,
Миуа ағашта берегім,
Еңкерістен жау келсе,
Бетіме үстар керегім.
Ағайын қызыл сөз айтса,
Өсекке тоспас құлағын,
Түк естімес кереңім.
Арандай ашып ауызын
Серен келсе сестеніп,
Аттана шабар еренім.
Әліспей тірі беріспес,
Артықша туған өренім.
Жау қыспақça алғанда,
Қазақты қанға малғанда,
Әткел бермес тереңім!



АЛТЫ ЖАСАР ТӨЛЕГЕ БЕРГЕН ҚАРАСАЙ БАБАНЫң БАТАСЫ

Қарасай Әлібекпен еді құрбы,
Сөйледі оңашада мына сырды:
Басында билігінің талай болдым,
Қақ жарды сұрауында қара қылды.
Туса да мың қой егіз – бір-ақ қошқар,
Алтынның қолындағы қадірін біл!
Төлеге қарап толғанып:
... Қарасайды ойға алып,
Бір бұрылып бата қыл.
Қойшысы ел-ананың,
Өзің болғай, қарағым! – деп сиынып
Аллаға,
Бата берді балаға.





ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ

Аллаға жағайын десен,
Азанды бол, балам!
Халыққа жағайын десен,
Қазанды бол, балам!
Жаңбыр жаумаса жер жетім,
Басшы болмаса ел жетім,
Үқпасқа айтқан сөз жетім...
Атың жақсы болса
Ер жігіттің пырағы,
Балаң жақсы болса,
Жан мен тәннің шырағы.
Әйелің жақсы болса,
Бірінші – «иманың»,
Екінші – жиғаның
Үшінші – ырысыңның тұрағы...





ТӨЛЕ БИГЕ ҚАРАСАЙ БАТЫРДЫҢ БЕРГЕН БАТАСЫ

Қарағым Төле, айтқаның әділ болсын,
Тілегің қабыл болсын.
Дүшпаныңың қарғысы жетпесін,
Атқан оғы өтпесін.
Басыңдан бақыт кетпесін.

Бабам Бәйдібектің батасы,
Жауыңдан қорғап, септесін.
Қасыңдағы жолдасыңа берекең артып жүрсін,
Дүшпаның өзіңе қорғалап,
Досың болып, басын тартып жүрсін.
Көзіңді жақынға салма, алысқа сал,
Ниетіңді қалысқа сал.
Сиынғанға кие бол,
Халқыңа ие бол!
Әумин!



ТӨЛЕ БИДІҢ ҚАЗЫБЕК БИГЕ БЕРГЕН БАТАСЫ

Атасызға ата бол!
Батасызға бата бол!
Арып-ашқан ғаріптің,
Жел жағына жота бол!
Панасызға пана бол,
Кек сақтамас бала бол!
Дос сүйініп, қас сыйлар,
Асу бермес дана бол!



СҮЙІНБАЙ АҚЫННЫң ЖАМБЫЛҒА БЕРГЕН БАТАСЫ

О, Жамбыл, бата дедің, бердім саған,
Бақытты, өмірлі бол, жүргін аман.
Батасын ат орнына берді ғой деп,
Қоймағын былай шығып кінә маған.
Соңынан Сүйінбайдың орнын басып,
Тіліңнен балың тамсын сорғалаған.
Жапаға, риза болсын, айта барғын,
Осымен өкпелей жүрсін маған.



Ағайындар, туғандар,
Жүрген жерің Нұр болсын.
Тыңдағаның жыр болсын.
Жолымыз басқа болғанмен
Тілегіміз бір болсын.
Әуелі Алла ондасын,
Оң жағынан толғасын,
Жан-жағынан қорғасын.
Бақ пен дәulet қатар кеп,
Мыңғырып өссін мал-басың.
Ұрпағымыз мол болсын,
Қайда барса жол болсын,
Қария мен қарт әже



Ақ тілегі оң болсын.
Жаппар ием, Құдірет,
Айтқан сөзім қабыл ет,
Қазынасы кең Құдайым,
Орындалар ақ тілек,
Ағайын, бауыр, жақындар,
Сәл-сәл ғана сабыр ет.
Аллауакбар!



ӘСЕТТИҢ БАТАСЫ

Ал, батамды берейін,
Арта берсін мереін.
Қойға толып өрсін,
Алшы түссін кенейін.
Құлыш-тайың шұрқырап,
Тассын бағың, мереін!
Басыңа бұлт қонбасын,
Өмір гүлің солмасын!
Төбеңе күн ұялап,
Тірлігінді ондасын!
Қиындыққа қайыспа,
Арың болсын жолдасың!
Ел бастасаң батыр боп,
Ер Жәнібек қолдасын!
Дүшпандарың жер шұқырап,
Сағы сынып сорласын!
Судай тасып дәuletің,
Еш жамандық болмасын!



Алтынға балар тастарың,
Алтайың бағың – асқарың.
Соның құллі қызығын
Көре берсін жастарың!
Біріңе-бірің қорған бол,
Бүлінбесін бастарың.
Темір торға түссен де,



Дос-жааранды сатпағын!
Жұлдызың жансын төбенде,
Бірақ асып-таспағын!
Қариялар ақылмен
Елді ілгери бастағын!
Тосқауылға торықпай,
Жолдан алып тастағын!
Көк желкесі үзіліп,
Жер жастансын қастарың!
Айың тусын жарқырап,
Нұрға толсын аспаның!



САРЫБАЙ БИДІҢ ЖАМБЫЛҒА БЕРГЕН БАТАСЫ

Ау, Жамбыл, бата сұрап келіп қапсың,
Қобыз тастап, қолыңа домбыра апсың
Өлеңіңің, арасынан қыл өтпесін,
Алдыңан інжү-маржан өзен ақсың.
Жамбыл-ау, Екей елі – өлең деген,
Жел сөзге әрбір қазақ елеңдеген.
Көзіңде – от, көкірегіңде жырың тұнық
Түбінде ақын шығад сенен кенен.
Екейдің аты шыққан өлеңменен,
Ірі ақын мойны озық көрем сенен,
Сүйінбайдың сөзін жалғар – алтын көмбе,
Батамды түбі саған берем деген.



Ер бол!
Елдің өзегі бол!
Ел-жүрттың жүргегі бол!
Көпті ойлар тірегі бол!

Көпшілікпен көбейесің
Арқа сүйер, білегі бол!
Жүртүм десең жарылқасың
Менің берер тілегім сол!





ЖАМБЫЛДЫҢ БАТАСЫ

Құдайым бүл үйге дүға берсін,
Тіл-аузын дүшпаныңың буа берсін.
Келіннің балағынан бала саулап,
Салпы ерін сары балалар туда берсін!



Бүл екі жасқа
Денсаулық, амандық беріп,
Ұзақ өмір берсін.
Адалдан бер,
Ақтан бер,
Пәле-жаладан сақтай бер.

Ер маңайын баққа бер,
Абырой асар жаққа бер,
Батпас күндей шат көңіл,
Жаңа қосақ жасқа бер.

Зор махаббат
Өмірлік серіктеп болсын.
Бақыттары баянды болып,
Жаңа өмірде
Жолдары сәтті болсын,
Үбірлі-шүбірлі болсын,
Мерейлері үстем,
Мәртебесі зор,
Адамгершілігі мол болсын!



Бір-біріне сүйікті,
Ел-жұртына сүйкімді,
Отбасына сыйымды болсын!
Осы тілек қабыл болсын!



Атаңнан бата ал, балам,
Арғымақ атқа мін, балам.
Ақ сақалым желбіреп,
Артыңнан қарап мен қалам.

Құлағында, құлышым,
Дауысым жүрсін жырлаған.
Алғадайым арлы едің,
Атаңның сөзін сыйлаған.

Перзентімнің алды едің
Көнілімді қимаған.
Аттандырдым майданға,
Аман-есен жүр, балам!

Абыройға ие бол,
Ағат баспа бір қадам.
Атақ берген атаңа,
Ел қадірін біл, балам!

Ел ерлігі, бірлігі,
Сынға түскен бұл заман!
Саған айтқан сөзімнен,



Сабақ алсын тыңдаған,
Айтылған сөз деп үқсын,
Аңғарлы жан «бұл маған».
Қош, қош, балам, қош айттым,
Қолымды, міне, шошайттым!



Балалар, аманбысың, шырақтарым,
Майысып көлге біткен құрақтарым!
Жүрмесем есендерсіп тұра алмаймын,
Ішінен асып кетсе бір аптаның.
Қонаққа келді міне, Жамбыл атаң,

Сан жылдар жүк көтерген бүкір жотам,
Қарт бабаң дәүіріне мейірі қанған
Қуанып жастығынан сендей ботам.
Білемін өмірлерің түрған жайнап,
Күндіз, тұн жастық үшін жарық сайлап.
Ай, жұлдыз, құннің көзі, жел менен су
Бәрі де сендердің әлемге айғақ.





Асарың асқар тау болсын,
Жүзерің мұхит көл болсын.
Сүйенерің ел болсын,
Дұшпаның қара жер болсын!
Есігіңің алды ой болсын,
Ойың толған қой болсын.
Күнде ауылыңда той болсын!

Жақсыға елікте,
Жаманға желікпе,
Әрдайым шабытты бол!
Сарқылмас бақытты бол!



Иә, Құдайым ондасын,
Бақ пен қыдыр орнасын.
Бала-шағаң аман боп,
Қызыры болсын жолдасың.
Иә, Құдайым ондасын,
Оң жолына бастасын.
Жақсылығы жәрдем боп,
Көтеріп Алла тастасын.
Пәле менен жаладан,
Бір Алла өзі сақтасын
Өсе берсін мақсатың
Шыға берсін жақсы атың,



Көсегенді көгерпіп
Жамандықтан сақтасын.
Әумин!



Иә, Құдайым ондасын,
Бақ пен қызыр орнасын.
Ғайып берен, қырық шілтен,
Әрқашан болсын жолдасың.
Есіркесең елді қыл,
Жарылқасаң жанды қыл.
Тепендеңесіп келгенде
Тең құрбыңың алды қыл.
Бер тілеуін, ал тұсауын
Бір Алламыз қолдасын.
Әумин!





Өтірікті сүймедім,
Дүние үшін күймедім.
Алтынына біреудің,
Жолда жатса тимедім.
Думан топты қақ жарып,
Жастық шақта жүргенім.
Ақ бөкендей желгенім,
Ақынның көріп мергенін.
Өмірменен жанасып,
Жарлыменен санаып,
Ақиқатты сөйледім.
Ақ домбыра мергенім,
Сөздің оғын кезесем,
Алыстан атып жеткіздім.





СҮРАНШЫ БАТЫРДАН БАТА СҮРАҒАНДА

Батыр ел үшін туады,
Бағлан жер үшін туады.
Ата тұрып ұл сөйлемес болар,
Ана тұрып қыз сөйлемес болар.
Аға тұрып – іні жолын алмас болар,
Әйтіп ұятқа қалмас болар.
Аға деген аспандағы – шырақ,
Ақ жайлау, алтын тұрақ.
Бұл алтын тонды
Сұраншы ағама жабамын.
Сөйтіп, сол кісінің ақ батасын аламын!





МЕДЕУДІҢ АЙТҚАНДАРЫ

Сұрасаң арғы атамды ер Пұсырман,
Жақсы болмағы адамның пиғылынан.
Ойна, күл жас күнінде деп айтамын,
Пайда жоқ өлгеннен соң жиған малдан...



Құрдасыңмен жарасып жүр,
Жоқ жігітке қарасып жүр.
Аузында Алла, көнілінде тәубесі жоқтар,
Қара тұман төсінде адасып жүр.
Төңірегіңе дұшпандық етпе,
Заманыңмен санасып жүр!



ДОСМАЙЫЛДЫҢ БАТАСЫ

Әппақ аққу, әппақ қаз,
Келер жылы болар жаз.
Әппақ көніл, әппақ таң,
Ғұмыр деген тым-ақ аз.
Көкте үшқан пірлерім,
Сендермен бірге бірледім
Сендермен ұшып түрлендім.
Тілегімді қабыл ет,
Алдыма келген пенденің
Сырқауын емде, тездеп жаз!



Жыраудың үлкен пірі Қорқыт ата,
Бата алған тамам бақсы асқан ата.
Таң қалып жүрттың бәрі түрады екен,
Қобыз алып Қорқыт ата күй тартқанда.



Сөздің басы бісміллә,
Бісмілләсіз іс қылма!
Бісміллә десен Құдай бар.
Жын-шайтан көрінсе,
Сыртымнан әрі қуалай бер...

Бабаларым дем берген,
Өздеріңе қол берген.



Үлкен ата ер аруақ,
Талай жерден жол көрген.
Әулиеге дем берген,
Айтар сөзге ем берген,
Жеті өлікке жан берген,
Жеті пірге қол берген.
Жауланбай-ақ келіңіз,
Мына ауруды көріңіз:
Етер бұған ем бар ма?
Салар бұған дем бар ма?
Айтатұғын мал бар ма?
Шығатұғын жан бар ма?
Төңіректі болжаңыз.
Ақылменен толғаңыз,
Әүелі Құдай елді онда,
Елді ондасаң ерді онда,
Мұхамметтей пайғамбар,
Айналайын, сен де онда!
Қалам шіріп мойныңда,
Дүғаларың қойныңда,
Төңірекке көзің сал,
Әлеумет отыр үйінде,
Санап жұлдыз батырған,
Сарғайтып таңды атырған.
Мың кісіге барабар,
Ақсақалды бабаңыз,
Біздер сіздің балаңыз.





МЕДЕТБЕК БАТЫРДЫҢ БАТАСЫ

Батам, батам батасын
Батам жерде жатпасын!
Осы отырған шаңыраққа
Барша әлеумет, жүртшылық
Жақсылықпен аттасын!
Дәuletі артып, құт орнап
Сүк көздерден сақтасын!





ҮМБЕТӘЛІ АҚЫННЫҢ БАТАСЫ

Ер болсан, ем бол!
Ел сүйсінер бел бол!
Ер жүрек екпінді,
Ел бастаушы сен бол!



Ақ батамды берейін,
Үстем болсын мереійің.
Әрқашанда Құдайым,
Жақсылыққа жеткізсін.
Жақсылық сенен кетпесін,
Жаманшылық жетпесін.
Адал болсын жолдасың,
Аман болсын мал басың.
Қосағыңмен қоса ағар,
Қосағың жалғыз қалмасын.
Ел іргесі аман болсын,
Әділетті, тыныштықты заман болсын!





Шапырашты – әсілім,
Айқым ата – нәсілім,
Әйтек деген арғы атам.
Елім деген жігітке
Өмірінің бәрі – сын!
Құт-береке, ынтымақ
Ұрпағына дарысын!
Батыр туған жігіттің
Әркім білер шабысын.
Жетесі болса жігерлі
Жібермес кек пен намысын!



АМАНГЕЛДІ БАТЫРҒА ДОСАЙ ШЕШЕННИҢ БЕРГЕН БАТАСЫ

Уа, барша әлеумет,
Сардарға бата берейік.
Біріміз қалмай, бәріміз,
Батырға түгел ерейік.
Кәріміз бен жасымыз,
Патшаға қарсы аттанып,
Ер қаруы бес қару,
Бойымызға ілейік.
Бостандық үшін ту ұстап,
Батырға өмір тілейік.
Қаһарман қол – сарбаздар,
Көк тілгендей жарқылдап,
Найзағайдай төнейік.
Қарсы келген дүшпанды,
Жермен-жексен көмейік.
Батыр киген ақсауыт,
Оқ дарысын демейік.
Алтын жапқан ақжебе
Көздеген жерден дәл тиіп,
Дәлдеп түйреп найзамен,
Жау қабырғасын сөгейік.
Алмас қылыш қолда ойнап,
Жауды өлімге бөгейік.
Батырға ерген ерлерге,
Батагөй болып жебейік.
Ата менен аналар,
Сондарыңнан ереміз

Неге жүрсін демейік.
Боздақ үшін жанпида,
Көзіміздің қарасы,
Көнгіліміздің санасы.
Өміріміздің мұрасы –
Жалғыз-жалғыз боздақты,
Жауға не деп береміз?
Бермейміз де ереміз,
Біз де қару қолға алып,
Атамыз тартқан сүр жебе,
Садақтан оқты себеміз.
Уа, халқым!
Көтеріндер, қолдарыңды!
Өңшең жас ұландарым,
Жолдарыңа жан садаға,
Жараса жанды береміз.
Ботамыздан айырылып,
Бұл жерде не деп жүреміз?
Шыр айналып шырғалап,
Жандарыңда жүреміз.
Жасаған Ием жар бол деп,
Жанамыз да күйеміз!
Тілегімізді берер күн,
Алыс емес жақын тұр.
Бақыт күнін орнатар,
Ақсұңқар құс – алыбын,
Қол бастаған көсемің,
Қасыңда тұр анау батырың!
Батар күнмен батуға,
Атар күнмен атуға,



Тілек тілеп, қол жайып,
Отыр мынау халқың да.
Құтты болсын бағыңыз,
Құтты болсын тағыңыз.
Ғаділдік қылыш халқыңа,
Жаққан үстіне жағыңыз.
Патшадан көрдік зәбірді,
Қайғылы түрған шағымыз.
Қайғыдан халқың арылсын,
Алтын ерлі ақ боз ат,
Астыңызда арысың.
15 мың сарбаз – қолыңа,
Қаһарман ерлік дарысын!
А, Құдайым ондасын,
Барша әулие қолдасын!
Ғайып Ерен, Қырық шілтен,
Жан-жағыңан қоршасын!
Күнің тузын оңыңан,
Айың тузын солыңан.
Ай мен күннің сәулесі,
Өмір бақи сөнбесін,
Қашанда болса жолыңан!
Қолаң шашты қифаш қас,
Ай мен күндей бір сұлу,
О да жүрсін соңыңан!
Қабыл болсын бұл батам,
Пана болсын Хая Ана, Адам Атам!
Өзім өлсем артымда,
Сөзім қалсын халқыма!
Әумин!

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ

А, Құдайым, ондасын!
Ондағанның белгісі:
Мың саулығың қоздасын!
Сексен інген боталап,
Сегіз келін қомдансын!
Тіленшінің биесін берсін!
Үйсін, Қоңырат түйесін берсін!
Біткен арақтарға тие берсін!
Аллауакбар!

Құдайым жарылқасын, бай қылсын!
Төрт түлігін сай қылсын!
Кетпес дәulet берсін!
Мал-басыңа сәulet берсін!
Кең пейіл берсін!
Құрбандығың қабыл болсын!
Тілеген тілегінді берсін!
Аллауакбар!

Асың, асың, асыңа!
Береке берсін басыңа!
Бәденедей жорғалап,
Қырғауылдай қорғалап,
Қыдыры келсін қасыңа.
Сенен байлық өтпесін!
Тәңірі берген несібен
Тепкілесен кетпесін!
Желіңнің екі шетіне



Тай шаптырса жетпесін!
Кешке келіп жамырасқан,
Шуылдасып, маңырасқан,
Кошақанның енесі
Саулық бассын үйінді!
Бақайлары сыртылдап,
Мұйіздері жылтылдап,
Бұзаулардың енесі
Сиыр бассын үйінді!
Шудаларын шаң басқан,
Артқы өркешін қом басқан,
Ботақанның енесі
Інген бассын үйінді!
Шіңгір-шіңгір кісінескен,
Сүйінішпен иіскесең
Құлышашақтың енесі
Бие бассын үйінді!
Аллауакбар!





РАЗЫБЕК ҚАЖЫНЫҢ БАТАСЫ

Дүниеде кем болмайды баталы құл,
Шашайын батаменен жемісті гүл.
Қосылған теңін тауып балалардың
Әуелі жасын ұзақ бақытты қыл.
Қаптаған қара ормандай шоғырлы қыл
Әр іске асықпайтын сабырлы қыл.
Алдында ақсақалдың абыроЙлы
Өзінен кейінгіге қадірлі қыл.
Сөйлесе айтар сөзін жүйелі қыл,
Қалдырмай қатарынан киелі қыл.
Тілегін екі жастың қабыл етіп,
Ат мініп, жүгін артар түйелі қыл.



КӨКЕН ШӘКЕЕВ

... Осы тойда отырған,
Жасың үлкен аға бар.
Ағаға берер баға бар,
Ағаға серік жеңге бар –
Жеңгесіз күн кемге пар.
Ел басқарар дана бар
Әділ болса пана бар.
Нешік түрлі маман бар,
Әкең де бар, шешен де бар.
Жезден де бар, апаң бар –
Қабағы түссе қатаң бар.
Балдызың бар, інің бар,
Інісіз қандай үнің бар.
Қарындастың, құрбың бар –
Сән-салтанат құрдыңдар.
Барлығына иіліп
Сәлем беріп тұрдыңдар.
Уа, екі жас, екі жас,
Сізге тілек ықылас:
Бақыт қонсын басыңа
Өле-өлгенше арылмас,
Мінез берсін тарынбас,
Өкпе берсін қабынбас,
Жүрек берсін жарылмас
Тыныс берсін тарылмас,
Денсаулық берсін табылмас.
Бейбітшілік күн берсін,
Ата-ананды сағынбас!
Әумин!



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Иллаһи Құдая,
Тілегімізді қабыл ет,
Иманымызды кәміл ет.
Тозақтың отынан сақта,
Қаңғыған оқтан сақта,
Парақор соттан сақта,
Кірлі сумен жуыстан сақта,
Ұнтымақсыз түстыстан сақта,
Қара жүрек батылдан сақта,
Көк долы қатыннан сақта.
Адамды қадірлемес есерден сақта,
Нанды басқан кесірден сақта,
Татымсыз қызыңнан сақта,
Ұятсыз ұлыңнан сақта,
Қайырымсыз жекжаттан сақта,
Жалқуа бала, тек жат тексізден сақта,
Түнере атқан таңнан сақта,
Жаңбырсыз шаңнан сақта,
Жастарында әдеп жок,
Өлгеніне бәтуа жок,
Құр айғай, шат-шәлекей даңнан сақта!
Әумин!





БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА ӘКЕСІНІҢ БЕРГЕН БАТАСЫ

Ақ жүрек болып жолдасың,
Адалдық сені қолдасын.
Жақсылық үшін тірессен,
Жаныңды арың қорғасын.
Арынды болсын шабысың,
Алымды болсын табысың,
Найзадай болсын намысың.
Ер жігітке бәрі сын.
Қиындық көрсөн, мұқалма,
Ауырлық көрсөн жұқарма,
Қамқоршы бол кішіге
Үлкенді үлгі тұт, аға!
Әумин!



ЖАМБЫЛДЫҢ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА БЕРГЕН БАТАСЫ

Батырдың жолы болсын!
Самсаған қолы болсын!
Түсі де сұық екен,
Ісі де долы болсын!
Аллауакбар!



Қарияларға бата

Тұндерің тыныш болсын,
Үйлеріңе ырыс толсын!
Келіндерің есті болсын,
Ұлдарың сесті болсын.
Балаларың қуаныш әкелсін,
Немерелер жұбаныш әкелсін.
Орындарың тәр болсын,
Дастарқандарың мол болсын.
Қатарларың көп болсын,
Уайым-қайғыларың жоқ болсын.
Жастардың қазасын көрмендер.
Зұлымдардың жаласын көрмендер!
Елінде бірлік болсын,
Жарасты тірлік болсын!
Әумин!



Шілдехана батасы

Нәрестенің бауы берік болсын,
Ата-анасына серік болсын!
Азамат болып ер жетсін,
Ақсақал болып төрлетсін.
Жігіт болсын көрікті,
Жарасқан әсем көлікті.
Дос-жараны көп болып,
Жақсыдан жисын серікті.
Азамат болсын ардақты,
Мінезі болсын салмақты.
Топқа түссе тосылмас,
Өнері болсын жан-жақты!
Аллауакбар!



Тұсай кесерде берілетін бата

Жас үрпақ өмірлі болсын,
Тұрмысы көңілді болсын.
Ата-анаға мейірлі болсын,
Ағайын-туысқа пейілді болсын.
Өнеге-білімге зейінді болсын,
Он саусағы майысқан шебер болсын.
Ел қорғайтын батыр болсын,
Шындықты айтар ақын болсын.
Халқым деген жүргегі болсын,
Жұртының қамқор тірегі болсын.



Абыройы өрлесін,
Жаманшылық көрмесін!
Әумин!



Тұсауың кесілді, құлама,
Тізенді жарапал жылама.
Құлындаі құлдырап жүгірші,
Кәнеки, өзінді сына да.
Секірсең құздардан сүрінбе,
Шыңдарға шыққанда бүгілме.
Болаттай қабырғаң қатайып,
От үшқын ойнасын түрінде,
Ұзақ боп Иншалла өмірің,
Тасысын шаттықтан көңілің.
Жарқырап күн санап өсе бер,
Жарқырап семсердей сенімің!
Әумин!



О, халайық, қол жайып,
Той тілеуін қолдайық.
Ата-баба заңдарын,
Барша ағайын қорғайық.
Тоқ ішек пен ала жіп,
Жасыл шөппен жарасып.
Үш түрменен кесейік,
Тұсауды біз санаып.



Әл-қуатын білетін,
Қуаныш қылып күлетін.
Жүйрік болсын балаңыз,
Мыңдан озып жүретін.
Қамқор болып халқына,
Берік болсын аntyна.
Есейгенде қымбатты,
Сыйлы болсын жалпыға.
Бұлдіршінім танып ал,
Көп тілеуін қабыл ал.
Тіл мен көзден сақтасын,
Бойға тұмар тағып ал.
Қызықтарың халайық,
Той-думан ғып тарайық.
Балақайым өссе екен,
Ел жұртына лайық!
Әумин!





ҚАНЖЫҒАЛЫ АСАУБАЙДЫҢ БАТАСЫ

Көтер білекті,
Берсін тілекті.
Әуелі құдай оңдасын,
Әжді-әулие қолдасын.
Қызыр менен Қырық шілтен,
Пірің болсын – жолдасың.
Асада жұртқа барғанда,
Қадірлі болсын өз басың.
Сегіз інген боталап,
Сексен саулық қоздасын.
Сегіз келін қондасын,
Сені көздеген дүшпанды
Бір Алла өзі жондасын.
Дәрежең аса берсін,
Дүшпаның саса берсін.
Сені көздеген дүшпанды
Пәлекет баса берсін!
Аллаң жар болсын.
Фатихам қабыл болсын.
Кеткениң келіп,
Кемтігің толсын!
Әумин!



БЕКЕНТАЙДЫҢ БАТАСЫ

Әуелі Құдайым ондасын,
Оң жолына бастасын.
Ғайып Ерен Қырық шілтен
Қолдаушың боп қорғасын.
Малың менен басыңа
Еш жамандық болмасын.
Бақыт берсін басыңа,
Береке берсін асыңа,
Келмесін дүшпан қасыңа.
Бата беруші біздерден болсын,
Қабылдаушы Құдайдан болсын.
Ішкенің адад болсын,
Айтқаның әділ болсын.
Таразылы, берекелі бол,
Ақ жүзді кеңпейіл бол.
Қаз дауысты Қазыбек,
Қара балуан Жәнібек,
Адассаң жолға сала жүрсін,
Пәле-жаладан қаға жүрсін.
Түркебай атам аруағы қолдасын,
Баталы ата торласын.
Дастарқанға бал төксін,
Қызыл ала нар шөксін.
Бақ қарасын,
Қыдыр дарысын.
Берген батам қабыл боп,
Жарылқасын Құдайым.
Аллауакбар!

КЕРЕЙ ТОҚСАН БИДІҢ БАТАСЫ

Қарада Қазыбектей бақытты бол,
Ақсүйек Ахметтей тақытты бол!
Жаппаста Жарасбайдай түйелі бол,
Қыпшақта Кенебайдай биелі бол.
Керейде Жәнібектей ақшалы бол,
Бұғының мүйізіндегі шақшалы бол.
Нәсілің Құрайыштың ғибласындағы,
Қожахмет Йассаудей киелі бол.
Сері Ғалы арыстандай балалы бол,
Бір тұнде бес жұз намаз ада қылған,
Шапатлы Батимадай аналы бол.
Шақшақта Қазыбектей аталы бол,
Ұлы жұз Сәуенедей баталы бол.
Абылайдан кем болмасын
Жұмсаған Алатауға сансыз мың қол.
Тәуфікте төрт ғиблан түгел болсын,
“Әумин” деп, қолыңды жай, айтарым сол.
Болғанда тағам сізден, ықлас бізден,
Енді қандай тілейсіз бата бізден?!
Әумин!



ӘБДІРАХМАН ӨЛМЕСҚҰЛЫНЫҢ БАТАСЫ

А, Күдайым, ондасын,
Ондағанның белгісі,
Қайырлы етіп басыңа
Бақ пен Қыдыр орнасын.
Дұшпаның үстем болмасын.
Әулие, аруақ көтеріп,
Ғайып Ерен, Қырық шілтен қолдасын.
Маңайың үбірлі-шүбірлі болсын.
Оларға және ғұмыр берсін,
Аузындағы сөзі дуалы болсын,
Тең құрбыларының алды болсын.
Келген Қыдыр кетпесін,
Жамандық келіп жетпесін.
Сапар жұрсен, жолың болсын,
Қалтаң толған пұлтың болсын.
Жарылқасын қорғаушың,
Ғажайып әулиедей пірің болсын!
Үй-іші, бала-шағаң аман болсын,
Тынышты халқымызға заман болсын.
Табиғат таусылмайтын ризық берсін,
Тартылған дастарқанда тағам болсын.
Абырой, амандығың арта берсін,
Бақ-дәulet мал-жаныңа қоса берсін.
Ер жетіп, балаларың батыр болып,
Өмірлері қызықты бола берсін.
Үйіңе жақсы адамдар келе берсін.
Тауфықты, инабатты келін берсін.
Ақ көңіл, ата-анаға жақын болып,
Қызығың ел-жүрттың көре берсін!



СЕЙІТ КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫНЫҢ БАТАСЫ

Айналайын, аттасым,
Таланттың судай қаптасын,
Атағың Абайдай болсын,
Абыройың Абылайдай болсын,
Жүректі болсаң Қабанбай жебесін,
Білекті болсаң Бөгенбай жебесін.
Наурызбайдай батыр бол,
Бауыржандай батыл бол,
Жалғыз болсаң Алланы есіңе ал,
Жарлы болсаң пайғамбарды есіңе ал,
Азамат бол, арлы бол,
Қатарыңың алды бол,
Біліміңмен әлді бол,
Халқың болсын тірегің,
Берік болсын білегің,
Қабыл болсын тілегің,
Жұз жыл соқсын жүрегің.
Дос-жараның сүйінсін.
Дұшпаның іштей қүйінсін,
Басыңа бақыт құйылсын!
Әумин!





ҒАБИТ МУСІРЕПОВТІҢ БАТАСЫ

Балаңның басы үлкен болса,
Милы болсын – жақын елдерге сыйлы болсын.
Есенейдей болмасын,
Іздегені дау болмасын, өнер болсын!
Ойынан өлеңі,
Қолынан өнері тәгілген шебер болсын!
Аллауакбар





ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА

Қарияларға бата

Тұндерің тыныш болсын,
Үйлерің ырыс толсын!
Келіндерің есті болсын,
Ұлдарың сесті болсын.
Балаларың қуаныш әкелсін,
Немерелер жұбаныш әкелсін.
Орындарың төр болсын,
Дастарқандарың мол болсын.
Қатарларың көп болсын,
Уайым-қайғыларың жоқ болсын.
Жастардың қазасын көрмендер,
Зұлымдардың жаласын көрмендер!
Елінде бірлік болсын,
Жарапты тірлік болсын!
Әумин!



Ұл балаға бата

Жұсіптің дидарын берсін,
Мұхамбеттің иманын берсін,
Жанына даланың кеңдігін берсін,
Әзірет Элидің ерлігін берсін.
Абылайдың байрағын берсін,
Бауыржан батырдың айбарын берсін!
Еліне ырыс-құт орнасын,
Жеріне тыныштық орнасын!
Өсек-аяңның құрбаны болмасын,
Озбырлардың шүлғауы болмасын!
Алыс жолдарда,
Қалың орманда,
Тайғанақ құздарда,
Шатқалда, мұздарда,
Көлденен қелер қазадан,
Жазықсыз төнген жазадан,
Әулие-әнбиелер қорғасын,
Ата-баба рухтары қолдасын!
Әумин!





Қыз балаға бата

Талдай бой берсін,
Сұңғыла ой берсін,
Жаздай жамал берсін,
Қардай жанар берсін!
Анаға шуақ болсын,
Ағаға қуат болсын,
Нәзік жаны болсын,
Елінің ары болсын,
Басына өнердің бағы қонсын,
Ақ орданың шамы болсын!



Жас жүбайларға бата

Сезімнің пәктігін берсін,
Көңілдің ақтығын берсін,
Жылулы отbastарыңа
Сәбидің шаттық үнін берсін!
Пейілдерің тарылmasын,
Есіктерің жабылmasын,
Шаршап-шалдыққандар
Төрлеріңде дамылдастын!
Көлденең кеселден сақтасын,
Күңкіл өсектен сақтасын,
Дау-жанжалдан сақтасын,
Достан көңіл қалғаннан сақтасын!



Шайтанның азғыруынан,
Елдің жазғыруынан сақтасын!
Асып-тасқаннан сақтасын,
Алшаң басқаннан сақтасын!
Отауларың елге сән болсын,
Өмірлерің бал болсын,
Бибі Фатима анамыздың
Аруағы ездеріңе жар болсын!
Әүмин!



Жақсы адамның белгісі –
Адалдықтан аттамас,
Аңқауларды даттамас,
Қара бастың қамы үшін
Жазықсыздың намысын
Біле тұра таптамас,
Білегінен сескеніп
Биліктіні жақтамас.
Жақсы адамдар бір-бірін
Жәбірлемес, жасқамас,
Жау қолына тастамас.
Бақ, билікке таласқан
Өтті талай шақша бас.
Ондайды елі мақтамас.
Көргенді елдің бірлігі
Ошағынан басталар,
Сыйлас, сырбаз тірлігі
Қосағынан басталар.



Тату болса ағайын
Жаулары да жасқанар.
Бірлігі жоқ сарайың –
Құр әншейін тас қамал.
Ақылдының белгісі –
Жас та болса, бас болар
Ақылсыздың белгісі –
Қарны тойса, мастанар.
Тату-тәтті жүргенге
Қара су да ас болар.
Жақсы азamat – елінің
Көзін ашар күрегі,
Артып үміт сенімін
Сүйенетін тірегі,
Жарқылдаған жігері,
Алтын балақ түлегі.
Қолдар ондай жігітті
Ел-жүртynың тілегі.



ОРАЗАҚЫН АСҚАР

Бас бата

Елбасымыз алысты көрсін,
Ел-жұрттыңыз табысты болсын.
Қыздарымыз сұлу,
Ұлдарымыз намысты болсын!

Көршілеріміз тыныш болсын,
Таңдағанымыз жұмыс болсын.
Малымыз тәлдеп, егініміз көктеп,
Дастарқанымызға ырыс толсын!

Қалада болсын, қырда болсын,
Келген, кеткен риза болсын.
«Жолдастан» жеріп, «мырзаны» теліп
Алғандар нағыз мырза болсын!

Нарық қалтаны қақпайтын болсын,
Теңгеміз теңдік сақтайтын болсын.
Қазақстанның барлық азаматтары
Қазақша сөйлеп, алға аттайтын болсын!

Соғыстың беті болсыншы әрі,
Ренжімесін өміріне кәрі.
Бауыр етіміз балалар түгіл,
Сатылмасын құс балапандары!



Румен бірге ұлт өзін сыйласп,
Қастерлесін асылын жинап.
Алаштың азаматтары бір ауызды болсын,
Шығара бермей бүйректен сирақ!

Банктер де теңгені топтайтын болсын,
Сыбайлас жемқорлық тоқтайтын болсын.
Ұлт араздығы ешқашан болмағанындай
Дағдарыс та бізге соқпайтын болсын!

Адалдықты ел жақтайтын болсын,
Арамдық қолдау таппайтын болсын.
Эбола деген аты өшкір ауру,
Енді ешкімге жүқпайтын болсын!

Әйелдер пәренже жамылмайтын болсын,
Үрпағымыз ислам дінін ғана
қабылдайтын болсын.
Дәстүрлі дінімізді бүрмалаушыларға
Ортамыздан орын табылмайтын болсын!

Еркектер де темекі тартпайтын болсын,
Әйелдер иба сақтайтын болсын.
Өз үйі, өлең төсегі барлар
Кез келген жерге жатпайтын болсын!

Балаларымыздың бағы жансын,
Қалаған білімін алсын.
Тілін, дінін, дәстүрін біліп,
Он саусағынан өнері тамсын!



Мәдениетіміз мәнді болсын,
Тұрмысымыз сәнді болсын.
Бәрін айт та бірін айт,
Дербестігіміз мәңгі болсын!!!



Наурыз батасы

Ниеттерің ақ болсын,
Наурыздың ақша қарындей.
Бастарыңа бақ қонсын,
Шаштарыңың барлық талындей!

Санасты асып адамның,
Көңілде кір қалмасын.
Құты қашып жаманның,
Жақсы тапсын жалғасын.

Тыныш болсын даламыз,
Түгел болсын нұымыз.
Таза болсын ауамыз,
Тұнық болсын сұымыз.

Қайғы-уайым жоқ болсын,
Оралмасын кез өгей.
Ұрысымыз көп болсын
Бүгінгі наурыз көжедей!



Жас жұбайларға бата

Оңай да емес, қыын да емес үй болу,
Үй болу – үйге қамқорлық жасап үйрену,
Қабағын бағу, көнілін табу жарыңын,
Екей боп өмір сүрудің жайын үйрену.

Қашан да жарға керегі жылы назарын,
Біріңе-бірің тарттырма құту азабын.
«Мен бүйтіп едім, сен неге сүйтпей жүрсің?» деп,
Сауданың үйге орнатпау керек базарын.

Жақсы үйде болар ішкі де, сыртқы саясат,
Аяйық жарды, біреуді егер аясак,
Отбасында да бар әскери қатаң құпия,
Жүрмендер әсте ішкіні сыртқа жая сап.

Асығыстықтан, ашудан абзал безінген,
Дос болу керек қашан да сабыр, төзіммен,
Жар деген өзің, өзім деп тапқан жалғызын,
Кешірімді бол, келіспей жүрме өзіңмен.

Киелі зат жоқ жарыңың махаббатынан,
Екеуінді де аялауға оны шақырам.
«Қосағыңменен қоса ағар!» деген тілекті
Айтамын барлық үлкен үйлердің атынан.



Екеуіңе

Қыын да емес, оңай да емес үй болу,
Ой бөлу үйге, қамқорлық жасап үйрену,
Көңілін табу, қабағын бағу жарыңын,
Екей бол өмір сүрудің жолын игеру.

Болады онда ішкі де сыртқы – «саясат»,
Аяйық жарды біреуді егер аясақ,
Жақсы үйде болмақ әскери қатаң құпия,
Жүрмендер әсте ішкіні сыртқа жая сап.

Қашанда жарға керегі жылды назарың,
Жалғызсыратпа, тартқызыба күту азабын.
«Мен сүйтіп едім, сен неге бүйтпей жүрсің», – деп,
Сауданың үйге орнатпау керек базарын.

Асығыстықтан, ашудан абзал безінген,
Дос болу керек қашан да сабыр-төзіммен.
Жар деген өзің, өзім деп тапқан жалғызың,
Кешірімді бол келіспей жүрме өзіңмен.

Киелі зат жоқ – жарыңың махаббатынан,
Екеуінді де аялауға оны шақырам.
– Көсегелерің көгерсін! – берген ақ батам
Сендерден бүрын үй болғандардың атынан.



СЕЙФОЛЛА ОСПАНОВ

Тұнып жатсын төңірегің,
Төрт түлікпен дүбірлі боп,
Думандасын аспан-көгің
Үбірлі боп, шүбірлі боп,
Лебіздерің қабыл болып,
Қайда жүрсең қанатты бол.
Бар айналаң жанға толып,
Қағылезді қарақты бол.
Қонақтарың арылмасын,
Ақ ниеттер жаңылмасын.
Қара ниет қағынбасын,
Ғайбат сөздер таңылмасын.
Көкірегің күрмелмесін,
Жан жолдасың түрленбесін.
Сөзің қисық үрленбесін,
Сезім отың сүрленбесін.
Ақылды бол, нақылды бол,
Елің сыйлар татымды бол.
Әрқашанда жағымды бол,
Жаңылыстырар жауыңды мол.
Бармаймын енді әріге
Дүшпаныңың жолы тарылсын.
Осы айтқанымның бәрі де
Періштенің құлағына шалынсын!
Әумин!





Әрқашанда
Несібен арылмай,
Қазаның қаспақты болсын.
Жыл сайын жаңылмай
Сиырың баспақты болсын.
Қолындағы берекең –
Қой-ешкің егізден тузын!
Бақ қонып ересен,
Таршылықты
Молшылық жусын!
Түйелерің бошалап,
Жылқыларыңың
Жал-құйрығы сүзілсін.
Аңыз етіп осы алап,
Дұшпаныңың
Көк желкесі үзілсін!
Қысқасы,
Өнірің малға толсын,
Дастарқаның нанға толсын.
Таси берсін байлық,
Жиналып жатсын айлық!
Әумин!



СЕЙСЕН МҰҚТАРҰЛЫ

Алпыс тілектен тұратын бата

Қысыр бақсаң қазылы болғай¹,
қара қойың қозылы болғай!
Ойсыл қараң жоталы болғай,
жыл құрғатпай боталы болғай!
Әрелі биен құлышынды болғай,
Қызылмендең тұлымды болғай!
Інінің бәрі иықты болғай,
шетінен алып сиықты болғай!
Тау менен тасың қорықты болғай,
көл-дарияң борықты болғай,
Ақ жүгерің шашақты болғай,
арпа-бидай масақты болғай!
Мәуелі бағың жемісті болғай,
жоталы жоның егісті болғай!
Қараңың бәрі қарынды болғай,
құлаңың бәрі шалымды болғай!
Сексеуілің сіңірлі болғай,
шикі өкпең дүбірлі болғай!
Құрбыңың бәрі қеуделі болғай,
шетінен жібек жейделі болғай,
он жақта қалған есікті болғай,
шүмегі алтын бесікті болғай!
Қамысың қуылдырықты болғай,
балығың уылдырықты болғай!
«Құраулап» құлын қайырғайсың,

¹ «Қоркыт Ата дастаны» бойынша қайта дайындалған.

табындал жылқы айырғайсың!
«Шөрелеп» қозы айдағайсың,
өрелеп Зәңгі байлағайсың!
Шеше көріп тон пішкейсің,
Еңбек еміп, сорпа ішкейсің!
Зәңгі бабаң сүтті болсын,
Шопан атаң құтты болсын!
Ай – Тәңірің іркілмесін,
Күн – Тәңірің күрсінбесін!
От – Тәңірің көз ілмесін.
Су – Тәңірің безінбесін!
Аталар рухы араша болсын,
азалы жерде тамаша болсын!
Қатерде Қызыр серігің болсын,
сапарда дүлдүл көлігің болсын!
Өткеннің бәрі иманды болсын,
фәниде жүзі дидарлы болсын!
Өзің тоқтар тәңірің болсын,
тәңірің тоқтар өмірің болсын!
Бүгінгі түяқ аталы болсын,
аталар ақ баталы болсын!
Ертеңгі түяқ бабалы болсын,
бабалар алтын жағалы болсын!
Ұлыс ұлды тойлы болсын,
тойдың соңы жайлы болсын!
Ұл менен қыз бақытты болсын,
кешер ғұмыр жақсы болсын!
Бірдің басы екеу болсын,
жұптың басы жетеу болсын,
Жетеу болған жетпіс болсын,



жетпіс болған көп күш болсын!
Ханталапай, барымта болмасын,
барымта бітсе қарымта болмасын!
Ағайын арасын бәлекет бөлмесін,
Елге нәубет, әлемет келмесін!
Біздің осы ақ батамызды,
әуелі, көктегі хақ Тәңір,
әулие-әмбиeler мен
ғайбірен қырық шілтен қолдасын,
Алла-тағаланың құлағына шалынсын!
Әумин!



МҰСА ЖАНӘДІЛОВ

Той күнгі ақ тілек

Тойға келген ағайын,
Домбыраны алайын.
Ата-дәстүр салтымен,
Термелеп әнге салайын.
Қуанышқа ортақ боп,
Қызығына қанайын.

Өлең айтып сарнайын,
Қызмет етіп талмайын.
Той қызығын шалқытып,
Таңды-таңға жалғайын.
Екі жасқа үй болған,
Ақ тілеуді арнайын.

Қораң толған мал болсын,
Он-он бестен жан болсын.
Татулығы жарасқан,
Өмірлерің сән болсын.
Күнде қызық, думан-той,
Үйлеріңде ән болсын.

Дос пен туыс көп болсын,
Дұшпандарың жоқ болсын.
Замандарың шат болсын,
Дастарқаның тоқ болсын.



Махаббат-сезім – өмірлік,
Суымайтын шоқ болсын.

Ұлдарың өсіп, бай болсын,
Құлының өсіп, тай болсын.
Қыздарың өсіп қылышты,
Жұлдыз болсын, ай болсын.
Тоқ етерін айтқанда,
Дәuletке сәулет сай болсын.

Жырдан маржан құрайын,
Шалқып тасып тұрайын.
Қуаныштан, шаттықтан,
Айырмасын Құдайым,
Ақ тілеуді ендігі,
Құда жаққа бүрайын.

Қыз өсіріп, қыз берген,
Айналайын сіздерден.
Мейірімге қандық біз,
Күлімдеген жүздерден,
Сондықтан да мың сәлем,
Той иесі біздерден.

Бүтін болып жартымыз,
Қуанды жас пен қартымыз.
«Құда болар мың жылдық»
Деген екен халқымыз,
Баянды болсын, құдалар,
Сол бір ата салтыңыз.



Аталы сөзге иласып,
Жамандыққа қимасып.
Жас отауға қамқор боп,
Ақыл айтып, ойласып.
Өткен жақсы өмірден,
Сіз, біз десіп сыйласып.

Ендігі тілек бәріңе,
Жасыңа да кәріңе.
Қызы ұзатсан, келін ал,
Төріңнің көркем сәні де.
Үміт-арман ақталсын,
Өмірдің сол ғой мәні де.





ХАМЗА ҚАЖЫНЫҢ БАТАСЫ

Құдайдың құлы, пайғамбардың үмбетімін!
Адамнан тілегеннің екі көзі шығады,
Алладан тілегеннің екі бүйірі шығады.
Алла Тағаланың берері көп, шын тілейік.
Я, Алла тағалам!
Әмір берсең жайлы ғып бергін.
Дәүлет берсең сайлы ғып бергін.
Еңбегіміз өрісті болсын,
Қамбамыз астықта толсын,
Көсегеміз көгерे түсіп,
Мыңғырған мал өріске толсын.
Әйел берсең әдепті,
Жанға тыныш жайлы ғып бергін.
Келін берсең келісті ғып бер,
Ағаш берсең жемісті ғып бер.
Тұлпар берсең шабысты ғып бер...
Жомарт болсаң осы айтқандарымның барлығын
Үйіп-төгіп бір-ақ бер!
Аллауакбар!





Алланың аты ашады,
Көңіліңдегі қаранды.
Нышаны дейді жұмақтың
Жазғы соққан самалы,
Тозағы дейді қыстың соққан аманды.
Шариғаттың түзу жолын ұстасаң,
Тайдырмас дейді табанды.
Басыңа бейнет болады,
Жолдас қылсаң жаманды.
Ілтиппатты жан болсаң,
Сыйла ата мен анаңды.
Ақыретке барғанда
Сақтайтың қағба панаңды.
Дастарқандарыңа береке берсін,
Бастарыңа мереке берсін.
Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін.
Әумин!





Тіл қадірін білетін,
Сөз маржанын теретін
Жастар-ай,
Сенсің өренім,
Көп сенің Алла берерің
Ақылды болсаң білімді,
Айналаң да сенеді.
Ел мұддесін қорғасаң
Жүрт соңыңнан ереді!
Дастарқандарыңа береке берсін,
Бастарыңа мереke берсін.
Астарыңа адалдық берсін,
Бастарыңа амандық берсін.
Әумин!





АУБАЙ АҒАНЫҢ БАТАСЫ

Нар артатын жүгің болсын,
Жүргегіңнің түгі болсын.
Елің үшін ерінбейтін
Табаныңның бүрі бол!

Қарасайдай батыр бол!
Жамбылдайын ақын бол!
Кеудене иман ұялар
Өз еліңе жақын бол!
Әумин!





ЖАРЫЛҚАСЫН АҒАНЫҢ БАТАСЫ

Дастарқан батасы

Дастарқаның бай болсын,
Қазан, ошағың май болсын.
Төрт түлігің сай болсын,
Көңілің толып жай болсын.
Құнажындарың құлышында,
Құлышындарың тай болсын.
Ұлың қонып ұяға,
Қызың ұшып қияға,
Келінің бибі атанып,
Ұлың болсын би аға.
Бергеннен Алла танбасын,
Көбейе берсін мал басын,
Өсе берсін жан басың,
Арманың көкке самғасын.
Досыңдан көңілің қалмасын,
Жағаңдан дүшпан алмасын.
Жолың болып жортқанда,
Жолыңды Қызың жалғасын.
Әумин!





Берек берсін асыңа,
Бақ келіп қонсын басыңа.
Балын татып өмірдің,
Жамбылдың жетіп жасына.
Қуанышпен достарың,
Жинала берсін қасыңа.
Қойың қоздап егізден,
Ешкің туып сегізден.
Майдан қолың кетпесің,
Соғымың болып семізден.
Айтып жүрсін қонағың
Таңдайдан кетпей жегізген.
Шалқып жатсын дәүлетің,
Тасыған селдей теңізден.
Баянды Алла бақ берсін,
Адалын берсін ақ берсін.
Атағың кетіп Алашқа,
Астыңа алтын тақ берсін.
Әумин!





Атымтай жомарт секілді,
Тасытсын Алла ниетінді.
Досың түгіл дұшпаның,

Қайтармасын бетінді.
Төле бидей сөздерін,
Халқыңа болсын өтімді.
Қырық жігіт, қырық қызы,
Қоршап жүрсін көшінді...
Төрт түлігің қаптасын,
Сай менен сайын төсінді.
Дариядай дәuletің,
Арнадан асып құйылсын.
Сәулелі болып сәuletің,
Тең-тең болып жиылсын.
Бақ келіп қонып басыңа,
Көнілің көлдей шалқысын
Пейіліңе қонған қонағың,
Ішпей-жемей балқысын.
Әумин!



Ер азаматқа бата

Сөзің аталы,
Атың жоталы болсын.
Биен құлышынды,
Түйең боталы болсын.
Қойың егізден,
Ешкің сегізден тапсын.
Келін аяғымен,
Қойшы таяғымен жақсын.
Көңілің дилы,
Басың сыйлы болсын.
Қызың ибалы,
Ұлың милы болсын,
Қосағың сарамжал,
Айшадай ақ адад болсын.
Кемімей парқың,
Қадірлі халқың
Басыңды бағалар болсын.
Өзің сары тісті қария,
Дәүлетің дария болсын.
Әумин!





Атың тұлпар,
Құсың сұңқар болсын.
Желің биелі,
Көшің түйелі болсын.
Ісің жүйелі,
Басың киелі болсын.
Қызың қияға,
Ұлың ұяға қонсын.
Сапарың сәтті,
Жегенің тәтті болсын.
Баянды болып,
Бақ, дәulet қонып,
Көнілің толсын.
Әумин!



Сыртыңан дүшпан жүрмесін,
Көніліңе үрей кірмесін.
Көре алмаған құншілдер,
Күшіктей шулап үрмесін.
Сыйлы етіп Алла басыңды,
Ғұмырлы қылсын жасыңды.
Аруақ қолдап өр, шыңға,
Домалатсаң тасыңды.
Қадірің білген анаңың
Қызығын көргін балаңың
Күнің мен ісің түспесін,
Қолына топас сараңың
Асқақ болып арманың,



Арайлап атсын таңдарың.
Мақсатыңа жете бер,
Аман болып мал-жаның.
Әумин!



Жас жұбайларға бата

Шаңырақтарың биік,
Босағаларың берік болсын.
Бау-бақтарың,
Алма мен өрік болсын.
Басында дәйім,
Құлпырған құндыз бөрік болсын.
Ақ жүзіне жарыңың,
Ақ кимешек көрік болсын.
Құдай қаласа,
Көп ұзамай жерік болсын.
Торсық шекелі ұл туып,
Ол өзіңе серік болсын.
Әумин!





Қол ұстасып өтіндер,
Армандарыңа жетіндер.
Жемісі мол дарақтай,
Өркендендер, өсіндер.
Болдыңдар ақ некелі,
Бөлінбендер екі елі.
Аппақ келін ұл тусын,
Айдай торсық шекелі.
Жүзге келіп жастарың,
Аппақ болсын шаштарың.
Шөберене ұрысқанда,
Қалтылдасын бастарың.
Әумин!





ДӘРКЕМБАЙ ҰСТАНЫҢ БАТАСЫ

Ғажап талант берсін!
Ғаламат талап берсін!
Кеңдігің жеріндей болсын!
Мейірімің еліңдей болсын!
Өмір-көрігің өшпесін!
Достарың жаңыңнан кетпесін!
Ісіңе жұрт сүйсінсін!
Қуанбай әсте өтпесін!
Ұлдарың бай, дүбірлі болсын!
Ұрпағың үбірлі-шүбірлі болсын!
Әумин!



ОРЫСБАЙ ӘБДІЛДАҰЛЫ

Ел көнілі шалқысын,
Күн нұрына балқысын.
Перзенттері тік тұрып,
Қызмет етсін халқы үшін.

Қара жерге шаншылып,
Орман болсын талшыбық.
Егін-жайлар жайқалсын,
Ақ жауынға малшынып.

Безінгендер боздасын,
Қой егізден қоздасын.
Жұмыр басты пенделер,
Ойламасын өз басын.

Бұзау үзіп бүйдасын,
Сиыр уыз сыйласын.
Көже құйып көршілер,
Бірін-бірі қинасын.

Қыл құйрықты өсіріп,
Құлын шапсын көсіліп.
Жылқышылар құрық сап,
Шаттансын бір төс ұрып.

Отар көшін бастаған,
Ай мүйізбен жасқаған,



Ақ серкелер көбейсін,
Етке өткізіп тастаған.

Көк қауласын дүркіреп,
Жауын жаусын сіркіреп.
Жаңа дүние жаңғырсын,
Ой-сананы сілкілеп!
Әумин!



Жай қолыңды құрдасым,
Ғұмыр кешкін бір ғасыр.
Сипалап өт өмірден,
Қосағыңың сырғасын.

Ағайын-жұрт азбасын,
Ойламасын өз басын.
Бабалардан ұласқан,
Жөн-жоралғы тозбасын.

Берік болсын, бел, мықын,
Қорғаштай біл ел құтын.
Есті болса ер жігіт,
Халық аман, жер бүтін.

Тасып кетпей меймана,
Нәпсінді тый, ей, бала!
Қалтылдаған қарттар мен
Артында бар кейуана.



Арулар көп үмітті,
Ардақ тұтқан жігітті.
Арқа сүйер әрқашан,
Азаматқа білікті.
Өмір гүлі әр үйдің,
Қорғаны бол сәбидің.
Құдіретінді хош көріп
Сонда ғана танимын.
Қайырым жаса жарлыға.
Жомарттық тән арлыға.
Айтып-айтпай не керек,
Жарық құнде қалғыма!
Әумин!



Жер қайыссын жылқысы,
Тыныш болсын үйқысы.
Қоздап жатсын қойлары,
Тарқамасын тойлары.

Боталасын түйесі,
Қорғап журсін киесі.
Егіз тапсын ешкісі,
Ренжітпесін еш кісі.

Сайға сыймай сирыы,
Малға толсын қиыры.
Озып келсін қосқаны,
Алқаласын достары.



Ұзын болсын құрығы,
Ұзатпайтын ұрыны.
Ойына алған тілегі,
Орындалсын үнемі.

Құт-береке дарысын,
Уыздығы жарысын.
Жарқырасын Ай-Күні,
Асып тұрсын айбыны.

Өсіп-өңсін ұрпағы,
Шуақ шашсын нұр таңы.
Аулақ болсын, уайым,
Сақтап жүрсін Құдайым!
Әумин!



Балаларға бақ қонсын,
Періштелер жақ болсын!
Кілең бестік сыйлансын,
Имандылықта илансын!

Бікті қалықтасын,
Оқудан жалықпасын!
Ауырып-сырқамасын,
Үлестен құр қалмасын!

Өнерге құштар болсын,
Таланттын ұштар болсын!



Кітапқа құмар болсын,
Халқына ұнар болсын!

Өмірде сыйлас болсын,
Өкпеге қимас болсын!
Құдайым қуат берсін
Көнілге шуақ берсін!

Қаламы жорғаласын,
Бестікті дорбаласын!
Құндей боп күлімдесін,
Сындардан сүрінбесін!

Мұраттас болсын-дағы,
Жарқырап жансын бағы!
Құлашын кең сермесін,
Бос жүріп теңселмесін!

Алысқа көзін тіксін,
Ақ бата сөзімді ұқсын!
Мақсаты зордан болсын,
Еліне қорған болсын!

Ақ сүтті ақтар болсын,
Отанға мақтан болсын!
Ұстазын ұлықтасын,
Осыны ұмытпасын!
Әумин!





НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫ

Ұлдарыңыз айбарлы болсын,
Қыздарыңыз жайдарлы болсын!
Үйлеріңе қызыр шалып,
Әманда қыдыр қонсын!

Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шапырашты Наурызбайдай
Баһадұр батыр бабаларымыздың
Жүректілігін берсін!

Әз үйсін Төле би,
Қаз дауысты Қазыбек би,
Алшын Әйтеке бидей
Данагәй бабаларымыздың
Ақжарылған тілегін берсін!
Еш жамандық болмасын,
Ізгілік болсын жолдасың.
Жамбыл ата жасына жетіп,
Қарасай баба аруағы қолдасын!
Әумин!



Жас жұбайларға бата

Айналайын, құлныым!
Ғұмырымдағы тынысым!
Маңдайымдағы ырысым,
Тілегімізді ақтасаң,
Әрқашанда ірісің.
Ай мен Күндей жарасып,
Бір-біріне қарасып,
Шалқып шықсын күлісін,
Оңалар сонда жүрісін.

Айналайын, келінім!
Құтты болсын, қосағың!
Екеуіңе бақ тілеп,
Тілегіме қосамын!
Ырыс, байлық кетпесін,
Маздал жансын ошағың.
Жарыңменен жарасып,
Мәңгі бірге жасағын.
Ата-ананың тілегі:
Сендерсіңдер жүрегі.
Намысты болсын ұлдарың,
Гүлдей өссін кыздарың.
Тәтті болыңдар мәңгілік,
Сонда мен де ырзамын.
Ұрыс-керіс болмасын
Алла тілегімді қолдасын!
Тіл-көзден Құдай сақтасын!
Келін-бала, тілегімді ақтасын!
Әумин!



ХАЛЫҚ ЖЫРЫ

Ақ сауыт деген сол болар,
Атқанда оқ өтпесе.
Ақ берен деген сол болар,
Тигені тұяқ серіппесе.
Алмауыт деген сол болар,
Артынан қиқу жетпесе.
Ер жігіт деген сол болар,
Жасқанбай жауға беттесе,
Жан жолдас деген сол болар,
Жалғыз тастап кетпесе.
Адал дос деген сол болар,
Абыройынды төкпесе.
Адал жар деген сол болар,
Білдірмей жоқты ептесе.
Тұысқан деген сол болар,
Сетілгенді септесе.
Қайырымсыз жан сол болар,
Жетімнің бетін өппесе,
Қатігез жан сол болар,
Жеткіншекке тек десе.
Қайырымды жан сол болар,
Керегінді көктесе.
Ақ көңіл жан сол болар,
Айтар сөзін бүкпесе,
Жан қинап еңбек етпесе.



Қас жаман қабақ түйеді,
Шаруасы бітпесе.
Бітпейтін, сірә, іс болмас,
Жұрт жұмылып көптесе.
Ерлердің ісі еленбес,
Халық үшін терін төкпесе...



Қатыныңмен дос бол,
Үйіңе береке кіреді.
Азаматпен дос бол,
Қадіріңді біледі.
Білімдімен дос бол,
Сасқанда ақыл береді.



Ит асырасаң сырттан жи,
Қой бермейді қорадан.
Мал жинасан қойдан жи,
Май кетпейді шарадан.

Ақ пейілден би қойсан,
Бұрылмас сөзге арадан.
Қара жүректен би қойсан,
Аузы кеппес парадан.



Тентек көпке тоқтайды,
Жомарт жоққа тоқтайды.
Асыл қынға тоқтайды.
Арлы шынға тоқтайды.



Асу-асу белдер бар,
Аса алмаса ат өлсін.
Ағайынмен тату бол,
Айыра алмай жат өлсін.
Жетімшілік көп көрген,
Үш шақырмай «ә» демес,
Өзі тоймай «мә» демес.
Жаманшылық көп көрген,
Жақсы сөзге «жә» демес.
Ақсұңқардың баласы
Сарқыт қоймай жем жемес.
Қанша жуан болса да
Жалғыз ағаш үй болмас.
Қанша жақсы болса да,
Жалғыз адам би болмас.





Бала болсаң болғандай бол,
Ағайынға қорғандай бол.
Досыңа майыспа,
Дүшпаныңа қайыспа,
Жаман болсаң көп жақсы,
Жақсы болсаң ел жақсы.

Арғымақ мінген байлардың
Тайға мұқтаж күні бар.
Май шайнаган билердің
Нанға мұқтаж күні бар.
Елден безген залымның
Елге мұқтаж күні бар.

Басқа бақ жарасады,
Батырға жақ жарасады.
Аталы ерден би тұрса,
Халықтың пайдасына жанасады.

Жақсы адамға мал бітсе
Ағайынның жоғына қарасады.
Жаман адамға мал бітсе,
Көрінгенмен итше таласады.





Өткел өтсең бұрын өт,
Арты болар бір тайғақ.
Үрлік қылсаң жалғыз ет,
Екеу болсаң бірі айғақ.

Қарауылдың жаманы
Алдыրғанда өкінер.
Балуанның жаманы
Шалдырғанда өкінер.

Пышағыңды мүқалтпа,
Не кеспесті біліпсің.
Сырын білмей сыр айтпа,
Не деспесті біліпсің.

Көлік жисаң атан жи,
Қияға салсаң мойытпас.
Сауын жисаң бие жи,
Үш ай тоқсан болғанша,
Ариды деп ағытпас.





Тау берігінде қонысың болсын,
Іздеген жау таба алмайды.
Ел берігінде досың болсын,
Аңдыған дүшпан ала алмайды.

Жаман ердің қайғысы
Өз отының қасында,
Жақсы ердің қайғысы
Ауылының басында.

Жаман еркектің басын
Жақсы әйел хан қылады.
Жақсы еркектің басын
Жаман әйел даң қылады.

Жанашырың жоқ болса,
Жатпен жалғыз жүрменіз.
Қостаушының жоқ болса,
Біле тұра білменіз.



БАЗАР ЖЫРАУ

Жас келінге өсиет

Әлпештеп жастан ата-ана,
Перзентке болар пәруана,
Бөпелеп бағар баласын.
Айтайын аздап насихат,
Келінге болсын өсиет,
Серлетіп сөздің шамасын.
Сақтанбасаң сол жерден,
Ат тағылса қалмайды,
Ақ та болсаң, қарасың.
Орынсыз ойнап-күлем деп,
Өсек сөздің өзіңе
Жапсырып алма жаласын.
Бір ілінсең жалаға,
Оңайлықпен қалмайтын,
Бәлеге, келін, қаласың.

Айтатын әлі сөзім бар,
Алсаң, келін, тілімді,
Сақтарсың түйіп жадында,
Салмақты болсаң, білімді.
Ақыллы кемге айтқан сөз,
Далаға кеткен шығынды.
Ата-ана менен жеңгеге,
Тұған ел, тәркін, өңгеге,
Қыз күніндегі еркелік,
Болмасын енді бұрынғы.



Даусыңды қатты шығарып,
Қарғап-сілеп, кейіме,
Жаман сөз айтпа балаға.
Асықпағын әлі де,
Болғаным жоқ, тағы бар,
Айтатын сөзім және де.

Сабыр қыл, келін, сыр бермей,
Аштық пенен тоғында.
Қағажу қылып ерінді,
Өзің жеп жүрме тамақтың
Дәмдісі түссе қолыңа.
Әңгімелессең біреумен,
Абайлап сөйле ақ болып.
Оңың менен солыңа.
Алдынан өтіп орданғап,
Келе жатқан кісінің
Кескестеп жүрме жолына.
Қабағың түйіп, кіржиіп,
Ауылдастан қызғанып,
Ас-суыңды қорыма.

Ерте тұруды әдет қыл,
Ерініп жатпай төсекте.
Бойкүйезденіп үйқыны
Бойыңа үйір дос етпе.
Өзің жатып еріңе,
Тұрсайышы деп пыш етпе,
Күтінбесең сақтанып,
Жаңа түскен жас келін,



Жақын болады өсекке.
Қартайып мәні өткесін,
Кәрі әйелге жұрт күлмейді,
Мінсе де жайдақ есекке.
Ықыласыңмен тыңдай бер,
Артық болмас әлде де,
Айтылды біраз десек те.
Ата-енеңе құрмет қыл,
Әдеттен сақтан ерінген.
Жыл өткенше жас келін,
Сынайды сені көрінген.
Сыр бермей кетсең екі-үш жыл,
Ісі жоқ жұрттың сенімен.
Ата-енең мен еріңе,
Бұл жақта келген еліңе,
Қолайсыз мінез көрсетіп,
Айырылып жүрме сенімнен.

Ықыласыңмен қызмет қып,
Қосылған қарап еріңе.
Ерегіспін еріңмен
Келме қарсы шебіңе,
Кеүілін тапсаң кейітпей,
Ол да сыйлар сені де.
Бір нәрсе десе қүйеуін,
Алыстан жауап қайтармай,
Кел жақындал шеніне.
Қағып-сүртіп киімің
Киінер кездे абай бол,
Еріңнің жаға, женіне.



Бір жерге барсақ бас қосып,
Өзгеден бұрын орданғап,
Ол үйдің шықпа төріне.
Көстендей көптің көзінше,
Кірісе кетпе біреудің
Сөйлем отырған сөзіне.

Әзірлеп сұлгі, су құйдыр,
Болғасын тамақ ішіліп,
Аларсың алғыс әр жерде-ақ,
Үлкенге қылсақ кішілік.
Жасыңан шықпас жақсы атың,
Кеуілінде болса кіслік.

Ретсіз бекер ыржыңдап,
Орынсыз әзіл айтам деп,
Өсекке қалма ілініп.
Сездірмесін десен де,
Жасырынбас жаманат,
Бір күні шығар білініп,
Жаманатың бір шықса,
Ерің менен еліңіңін,
Кеуілі қалар түңіліп.
Жас келін жатқа түйсін деп,
Жатырмын айтып жақсы үгіт,
Құлағыңа сіңіріп.
Жаулығыңды кір қылмай,
Жинақтап тарт басыңа.
Қобырап, қоқсып түрмасын,
Ықтият бол шашыңа.

Өбектеп өзіңе үйір қыл,
Жас бала келсе қасыңа.
Жақынның бәрін бірдей көр,
Алалап жаман, жақсы деп,
Қарамай кәрі, жасына.
Нағашы, жездем, қайным деп,
Әшейін әзіл, ойыным деп,
Мойнына кетпе асыла.
Есіткенді жатқызбай,
Біреудің сөзін біреуге,
Тұрлендіріп тасыма.
Мырза келін болам деп,
Бере берме барыңды,
Әркімге бір шашыла.
Береке болмайды үйінде,
Бастаңғы, ұрлық кіргесін,
Дүние, мүлік, асыңа.

Ұрлап алма біреудің
Сабақты жібін жасырып.
Сұғанақ келін атанба,
Бетіңің арын қашырып.
Аштан келген кісідей
Шайнама тамақ асығып.
Ақысы кеткен адамша,
Сөйлеме қатты ашынып.
Үйіңің ішін жинап қой,
Жатпасын жайрап шашылып.
Берекесін кетірме,



Күйеуіңің талқанын
Төркініңе асырып.

Аңдитын сені тыңшы көп,
Сынайтын сырттан сыншы көп.
Жабылуы оңай жаланың,
Ақыл мен әдет, өсиет,
Аңлаттым айтып білгенше,
Қалдырмай мен де тәмамын.
Айтпадың маған демессің,
Бәрінен болды хабарың.

Зейінмен құлақ салмасақ,
Сөзімнен тәлім алмасақ,
Өзіңің ойда жаманың.
Білгенге сөзім бағалы,
Ықыласыменен тыңдаса.
Тұсінбей босқа терлетіп,
Еңбегімді еш қылмаса.
Делебем қозды менің де,
Жұрт жиналышп тұрласа.
Ұйқысы көптің ашылар,

Айтушы дұрыстап жырласа.
Айтатын менің алғысым,
Қоса ағарып еріңмен,
Үрпақтап, келін, мың жаса!
Жай қолыңды жас келін,
Көптен бата алмадық.



Осымен сіз де ырза бол,
Отырған тыңдап халайық.

Өздері білер ретін
Жадына тағы салайық.
Не берсе де азсынбай,
Жайына біз де қарайық.
Біраз уақыт өтті деп,
Айтылған үгіт жетті деп,
Асығып тұр келін де,
Рұқсат болса, тарайық.



Қалжан ахунға

«Ауру-сырқау айналып,
Елдің құты қашсын!» – дер.
Әлпештеген біреудің
Жаңа түскен келінін –
«Қара албасты бассын!» – дер.
«Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Абыржып, әбден сассын!» – дер.
«Ат терлетіп алдырып,
Басына зікір салдырып,
Дәuletін сөйтіп шашсын!» – дер.
Бұл – бақсылар тілегі,
Сондай тілек бола ма,



Жақсылардың тілегі?
«Жаны ардақты жақсының,
Күнде бірі өлсін дер,
«Жаназасын оқы – деп,
– Шақырушы келсін!» – дер.
«Қатым құран шығарып,
Мал мен мұлкін бөлсін!» – дер.
Сол бөлінген олжадан,
«Өзгелерден көбірек,
Сыбағама берсін!» – дер.
Бұл – молдалар тілегі.
Жақсы тілек бола ма,
Сонда олардың тілегі?
«Ақ, жарылқап, құн туып,
Күнде қызық болсын!» – дер.
«Келін түсіп, ұл туып,
Үйге бала толсын!» – дер.
«Ел, азамат аман боп,
Басына бақыт қонсын!» – дер.
«Жамандық тілек тілейтін,
Жауыздық гүлі солсын!» – дер.
«Ойын-ойнап, жыр-жырлап,
Мерекелеп той-тойлап,
Жұрт жиналышп келсін!» – дер.
Бұл – жыраулар тілегі.
Сол тілекти тілейтін,
Мен солардың біреуі!

Молдалар, сауап іздесен,
Құранды оқы молаға.

«Басына түне» демеймін,
Келіндер қайтып қонаға.
«Өлім барды шашады,
Жоқтың артын ашады»,
Қосыла сендер тонама,
Жылап-сықтап жатқанда,
Олжада – ойы барларың,
Қараң күрсын жолама,
Тірінің көңлін ауласақ,
Дүние үшін жолдан аумасақ,
Мен сендерден садаға!
Құран оқып күніреніп,
Сары уайым саласың,
Берсе, қағып аласың.
Соларың дұрыс бола ма?
Қажеті болса сөзімнің,
Аяманұдар, айта бер,
Көңіліме менің қарама!



Не артық?

Ку қанжыға жүйріктен,
Қаза жалды берік артық.
Жылуы жоқ тымақтан,
Баса киген бөрік артық.
Жаман болса алғаның,
Мақтасы қалың көрпе артық.
Сөйлер сөзі болмаса,
Бір көруге көркі артық.
Қараға жауап бергеннен,
Аққа берген серт артық.
Жаманнан азап көргеннен
Құдайдың берген дерті артық.
Түзелер еді бұл заман,
Пейілі бұзық пендені –
Кетсе астына жер тартып.



Айдан ару нәрсе жоқ

Айдан ару нәрсе жоқ,
Түнде бар да, күндіз жоқ.
Күннен ару нәрсе жоқ,
Күндіз бар да, түнде жоқ.
Мұсылманшылық кімде жоқ.
Тілде бар да, ділде жоқ.
Көшпелі бейнет, көп дәulet
Біреуде бар да, бірде жоқ.
Іздегенмен таппайсың,
Осы кездे белгісіз,
Талайдың орны мұлде жоқ.
Ғалымның сөзін тұтпасақ,
Жаһилдің жолын ұстасақ,
Көретін шырақ шілде жоқ.
Қайда барсақ, жамандар,
Аяғың бассаң, табалар
Бір жерге басы қосылған
Екі жақсы елде жоқ.
Тұлғасын көріп, көз тойған,
Тұмына – әркім ден қойған,
Билігін бұрмай тұра айтқан,
Төбедей билер төрде жоқ.
Жауды көрсе сайланған,
Беліне садақ байланған,
Бес қаруын асынып,
Белсенген нағыз ер де жоқ.
Қасынан қонсы кетпеген,
Өзінен байлық өтпеген,



Қайырлы байды еш жерден –
Іздегенмен таппайсың,
Ол – аяқ жетер жерде жоқ.
Топалаң тияр мерзімді –
Тораңғы біткен қорда жоқ.
Үстіп жүрсе, бір күні
Кіжінуменен құрғырың,
Бастан заулар дүние боқ.



Ойналық та құлелік

Жабы мінген жөнелмес,
Тіріде пенде не көрмес,
Көтергенмен қеудесін,
Жақсыға жаман теңелмес.
Өлшеулі демі бітпесе,
Қырық жыл қырғын болғанмен –
Ажалы жетпей ер өлмес.
Тура құрық түскен соң,
Тырп етуге дәрмен жоқ,
Ұсынып мойнын, кім көнбес?
Ойналық та құлелік,
Сайран етіп жүрелік,
Өлген соң дәурен бір келмес!



Атамыз алыс болғанмен...

Атамыз алыс болғанмен
Жамиғы қазақ бір туған.
Бір бәлеге жолығар
Есебін таппай сөз қуған.
Әуеде үшқан көк шулан,
Әуезі төмен аққудан.
Жақсының сөзі жылдайды,
Тілі тәтті бал судан.
Жаманның сөзі аңы-дүр,
Адам ішпес зәр удан.
Шойынменен тең болмас,
Тұтқасы күміс жез құман.
Басында іспет бермесе,
Ағармас күнде бет жуған.
«Шу!» дегенде озбай ма,
Асыл туған наз бедеу
Қаптай шапқан көп дудан?!
Алысқа шапсам арымын,
Тұлпардан туған мен будан.
Саз керек атқа шаппаққа,
Ой керек қиял таппаққа,
Жолдас болсаң жақсымен,
Жетеді қолың мақсатқа.
Жолдас болсаң нәмәртпен
Аунатар бір күн батбаққа.
Үріп қойған қу қарын
Дарияға батпайды.
Түбі туыс байтақ ел



Бірін-бірі сатпайды.
Айнала біткен қақ шүлен
Ортасы бұлақ қатпайды.
Батыр туған ер жігіт
Алмасқа бегін сатпайды.
Дана туған білімді
Ел көрігін жоқтайды.
Ақ көңілді, ақпейіл,
Сабырдың қолын қақпайды.
Назбедеудің белгісі,
Қойшы мінген жабағы,
Қайырылып келіп шаппайды.
Көрпе тауып көнсөң де
Жаман ат келдеу жатпайды.
Жақсы айғырдың үйірін
Саяқ сансыз жоқтайды.
Бұлғіні бұзған орынсыз
Жұлқынып пайда таппайды.



Атасы жақсы қандай-ды,
Асқар бір зәулім таудай-ды.
Анасы жақсы қандай-ды,
Арайлап атқан таңдай-ды.
Ағасы жақсы қандай-ды,
Асылсаң биік жалдай-ды.
Інісі жақсы қандай-ды,
Дұшпаның көзін салмайды.
Әйелі жақсы қандай-ды,

Жарқырап жанған шамдай-ды.
Баласы жақсы қандай-ды,
Көнілде арман қалмайды.
Келіні жақсы қандай-ды,
Тындырып жаның жайлайды.
Құдасы жақсы қандай-ды,
Шырын мен шекер балдай-ды.
Нағашы жақсы қандай-ды,
Арқаңды сүйер тамдай-ды.
Жиені жақсы қандай-ды.
Үзілгенінді жалғайды.
Жан досы жақсы қандай-ды.
Жоғынды сырттан қамдайды.
Осылар түгел сай болса,
Көнілің сөйтіп жай болса,
Береке, ырыс, бедел, бақ,
Ізіңнен қалмай қуалап,
Сен қашсан да ол қоймайды!
Осылар түгел болмаса,
Әрің ердің оңбаса,
Іші лайсан, сырты сау,
Күнде жанжал, күнде дау,
Жігіттің соры қайнайды!



АСАНҚАЙҒЫ СӘБИТҰЛЫ

Есті көрсөң кем деме,
Бәрі түйғын табылмас.
Қарындасты жамандап,
Өзіңе туған табылмас.
Адам өзі айтар деп,
Көңілінді салмағын.
Нәпсі алдаушы дүшпанның
Насихатын алмағын.
Бақыты оянған ерлердің
Әрбір ісі оң болар.
Дәулеті күнде артылып,
Не қылса да мол болар.
Тазылары тұлқі алып,
Қаршығасы қаз іліп,
Сөз сөйлесе жән болып,
Не десе де жарасар...
Арғымаққа міндім деп,
Артқы топтан адаспа.
Күнінде өзім болдым деп,
Кең пейілмен таласпа.
Артық үшін айтысып,
Достарыңмен санаспа.
Білімім жүрттан асты деп,
Кеңессіз сөз бастама.
Женемін деп біреуді,
Өтірік сөзбен қостама.



ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

Белгілі биік көк сенгір,
Басынан қарға ұшырмас.
Ер қарауыл қарар деп,
Алыстан қара шалар деп,
Балдағы алтын құрыш болат,
Ашылып шапсам дем тартар,
Сусыным қанға қанар деп,
Арғымақтың баласы,
Арыған сайын нық жортар,
Арқа мен қосым қалар деп,
Ақ дария толқын қүшейер,
Құйрығын күн шалмаған балығым,
Ортамнан ойран салар деп,
Азамат ердің баласы
Жабыққаның білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп!



ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

Қоғалы көлдер, қом сулар
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес.
Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес.
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес.
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес.
Құрама шапшақ көп қымыз
Құйып ішкен өкінбес.
Екі арыстан жау шапса,
Оқ қылқандай шанышылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай тәгілсе,
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!



ШАЛКИЗ ЖЫРАУ

Шағырмақ бұлт жай тастар,
Ағытқан қойды жол бастар.
Ақ желкенді жел бастар.
Ғадыл тәре ел бастар,
Батыр жігіт жау бастар,
Аға жігіт қол бастар,
Шешен адам сөз бастар.
Құсты жисаң бүркіт жи,
Қыс тоныңды тұлқі етер.
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мұлкі етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Құндердің күні болғанда,
Жімле ғаламға құлкі етер.



Асқар, асқар, асқар тау,
Асқар таудың сол бүркіт
Ұлдидың ақын шалар ма,
Далада сұңқар түлесе,
Жұніне, қарға жолар ма,
Атайы ердің баласы
Атадан жалғыз тудым деп,
Басына қыын іс келсе,
Ісін көпке салар ма?
Атаның ұлы ерлерге
Малыңды бер де, басың қос.



Басыңды қос та, бек сыйлас,
Күндердің күні болғанда,
Басың жауда қалар ма!



Қоғалы көлдер, қом сулар,
Кімдерге қоныс болмаған,
Саздауға біткен қара ағаш,
Кімдерге сайғақ болмаған.
Жағына жалаң жібек байлаған
Арулар кімнен қалмаған.
Жағы түкті жылқы айуан
Иесін қайды жаяу салмаған.
Жалп-жалп еткен жапалақ
Жазыда кімге жолдас болмаған.
Сар шымшықтай шырлатып
Ғазырейіл кімдерге құрық салмаған,
Сақалына сары шіркей ұялап,
Миығына қара шыбын балалап,
Жазыда мал іздеген қазақтың
Басы қайды қалмаған.
Қүлелік те ойналық,
Киелік те ішелік,
Мынау жалған дүние
Кімдерден кейін қалмаған!



АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

Арудан асқан жар бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма,
Биенің сүті сары бал –
Қымыздан асқан дәм бар ма!
Желіде құлын жусаса,
Кермеде тұлпар бусанса,
Сәні келер үйқының,
Жылқы қолдан тайған соң,
Қызығы кетер құлқінің.
Қыздың көркі құлпыда,
Жігіттің көркі жылқыда!



Түйе мойнын тұз кесер,
Жігіт мойнын қызы кесер.
Сартылдаған сары аяз,
Жылқының мойнын мұз кесер.
Бұлан да бұлаң бұлан сан,
Бұланның санын оқ тесер.
Бұланңдап жүрген жігіттің
Жомарт қолын жоқ кесер!



Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең,
Білімді туған жақсылар



Аз да болса көппен тең,
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең,
Қайырлы болса баяжан
Дария шалқар көлмен тең,

Қайырсыз болса жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең,
Мінезді болса жолдасың
Күнде сонар қызбен тең,
Жаман болса жолдасың
Астыңдан өткен сыйбен тең.

Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма,
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу,
Ұяларлық ар бар ма.

Білімді туған жақсыға
Залал қылмас мың қарға,
Жаман туған жігітке
Рақатты күн бар ма.
Өз мінін білген жігіттің
Тәлімінде мін бар ма.





Балаларыма өсiet:
Қылмаңыздар кепиет,
Бірлігіңен айырылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке,
Араз болсаң алты ауыз
Еліңе кірген әреке.
Талпынып салдым егінді,
Ішсін деп әркім тегінді,
Ақылың барын ұғарсың,
Ойың болса сезімді.
Тоқсанға жас келген соң,
Өлім жақын көрінді.
Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта
Өлmedім оқтан, қайтейін!..
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымын Құдайым!



БҰХАР ЖЫРАУ

Бірінші тілек тілеңіз,
Бір Аллаға жазбасқа!
Екінші тілек тілеңіз,
Бір шұғыл пасық залымның
Тіліне еріп азбасқа!
Үшінші тілек тілеңіз,
Үшкілсіз көйлек кимеске!
Төртінші тілек тілеңіз,
Төрде төсек тартып жатпасқа!..
Бесінші тілек тілеңіз,
Бес уақытта бес намаз,
Біреуі қаза қалмасқа.
Алтыншы тілек тілеңіз,
Алпыс басты ақ орда
Ардақтаған аяулың
Біреуге олжа болмасқа!
Жетінші тілек тілеңіз,
Желкілдеген ту келіп,
Жер қайысқан қол келіп,
Сонан сасып тұрмасқа!
Сегізінші тілек тілеңіз,
Сегіз қиыр, шартарап
Жер тұлданып тұрмасқа!
Тоғызыншы тілек тілеңіз,
Төреңіз тақтан таймасқа!
Тоқсандағы қарт бабаң,
Топқа жаяу бармасқа!
Оныншы тілек тілеңіз,



Он ай сені көтерген,
Омыртқасы үзілген,
Аязды құнде айланған,
Бұлтты құнде толғанған,
Тар құрсағын кеңейткен,
Тас емшегін жібіткен,
Анаң бір арқырап қалмасқа!
Он бірінші тілек тілеңіз,
Он бармағы қыналы,
Омырауы жұпарлы,
Іісі жұпар аңқыған,
Даусы қудай саңқыған,
Назыменен күйдірген,
Қылышымен сүйдірген,
Ардақтап жүрген бикешің,
Жылай да жесір қалмасқа!





Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер.
Жатқа тізгін берменіз,
Жаламенен бас кетер.
Жаманмен жолдас болсаңыз
Көрінгенге құлкі етер,
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айырылмасқа серт етер.
Ит жүгіртіп, құс салсақ,
Киген тоның тұлкі етер,
Сыпайы сырын білдірмес,
Ақырын ғана бұлк етер.



Көш бастау қыын емес,
Қонатын жерде су бар.
Қол бастау қыын емес,
Шабатын жерде жау бар.
Шаршы топта сөз бастау қыын,
Шешуін адам таппас дау бар.



Жал, құйрығы қаба деп,
Жабыдан айғыр салмаңыз!
Қалың малы арзан деп,
Жаман қатын алмаңыз!
Жабыдан айғыр салсаңыз,
Жауға мінер ат тумас.
Жаман қатын алсаңыз,
Топқа кірер ұл тумас.
Жаман қатын алғаның –
Төркініне бере алмай,
Төсегіне жата алмай,
Тең құрбысы келгенде,
Оңды жауап қата алмай,
Жалғанда қор болғаның.
Таудан аққан тас бұлак,
Тасыса құяр теңізге,
Қанша малы көп болса,
Бай қуанар егізге.
Жаманнан жақсы туса да,
Жақсыдан жаман туса да,
Тартпай қоймас негізге.





Жақын жерден шөп жесе
Жердің сәнін кетірер,
Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетірер,
Абысынның аразы
Ауыл сәнін кетірер.



Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз,
Судан суға шүйгумен
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін.
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден
туғандай болыңыз.





Алла деген ар болмас
Ақтың жолы тар болмас
Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес.
Берем деген құтылмас,
Берік байлаған шешілмес,
Қазулы жолдар көмілмес,
Қартайсан қарт бабанды сыйлай бер,
Қундердің күні болғанда
Кімдер де кімнің дейсің белі бүгілмес.



Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұн болар,
Есіл көзден нұр тайса,
Бір көруге зар болар.
Батпақты сайға су түссе,
Атың арып келгенде
Өткел бермес кешерге,
Қайырысыз итке мал бітсе,
Аңқаң құрып келгенде
Саумал бермес ішерге.
Жаман болса алғаның,
hәммәтлі туған есіл ер,
Киім пішсе ол қатын,
Жағасы кетер көнтиіп,
Етегі кетер салпиып,
Үлгі болмас пішерге.



Айналасын жер тұтқан
Айды батпас деменіз,
Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас деменіз.
Құрсағы құшақ байлардан
Дәulet таймас деменіз,
Жарлыны жарлы деменіз,
Жарлы байға тең келіп,
Жайлауға жарыса көшпес деменіз,
Жалғызды жалғыз деменіз,
Жалғыз көпке теңеліп,
Бір жапанда соғысып,
Кегін алмас деменіз.
Құландар ойнар қу тақыр
Қурай бітпес деменіз.
Қурай бітпес құба жон
Құлан жортпас деменіз.
Құрсағы жуан боз бие
Құлын салмас деменіз.
Құлық туған құлаша
Құрсақтанбас деменіз.
Қу таяқты кедейге
Дәulet бітпес деменіз.



КӨТЕШ АҚЫН

Қартайғанда қатының дүшпан болды
Баласымен бірігіп қысқан болды,
Келін деген бір дүшпан тағы шығып,
Біреуі іштен, біреуі тыстан болды.

Қартайғанда қатының қазба дейді,
Келін менен балаға жазба дейді,
Ат болса, айғыр болса солар мініп,
Шолақ байтал қақбасқа аз ба дейді.

«Бала, бала!» деуменен мазалымыз.
Баладан болар білем ажалымыз,
Баламызға жалынсақ жан сақтар ек,
Келін деген даяр тұр тажалымыз!



ШАЛ КҮЛЕКЕҰЛЫ

Саясы жоқ бәйтерек –
Саздауға біткен талмен тең.
Жақсы ағаңыз бар болса,
Алдыңда сары белмен тең.
Ағайының көп болса,
Ұлы бір шеру қолмен тең.
Ақылсызыға сөз айтсан,
Алды бір тұйық жармен тең.
Молдадан сабақ алсаңыз,
Алуа-шекер балмен тең.
Пайдасы жоққа жалынсан,
Семіз жемқор малмен тең.
Жақсы қатын алсаңыз,
Төбеңнен жауған нұрмен тең.
Жаман қатын алсаңыз,
Манғайға біткен сормен тең.
Уайымшыл жігіттер –
Кең дүниесі тармен тең.
Уайымсыз жігіттер –
Қара бұлан нармен тең.
Жетесі жаман жігіттер –
Тоқсандағы шалмен тең.
Жаманнан көрген қорлығың
Көкірекке біткен шермен тең.
Бір қалған сол көңілің
Қаңтарда қатқан мұзбен тең.



Пасыл да пасыл, пасылмаң
Аққа құлпы жасылман,
Жақсыға сырым жасырман,
Жаманға, сірә, бас үрман,
Мен бір шапқан жүйрік ат,
Бір желікsem басылман.
Өттің бір дүние өттің-ай,
Теңселе басып кеттің-ай,
Мен бір жүрген жорға тай,
Жылжи да басып кеттім-ай.
Домбыра қолда қарағай,
Қолға да оны алған соң,
Әріден бері салам-ай,
Жоғары мен төменге,
Ылди менен өреңге,
Даңқым жеткен баламын,
Шын ажалым жеткен соң,
Сызықтан мәлім өткен соң,
Айтпасам да, жарандар,
Мен де бір күн өлем-ай.
Түие деген бір мал бар,
Тамағы тойса көп кетер,
Қас жаманның белгісі
Жыын тойға барғанда
Тамағына өкпе етер,
Өкпелейім деп кетер.
Нәпсің бір көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай,
Егер тыю салмасан,
Иманыңды жеп кетер.

Ел елдетер, елдетер,
Ашылған тұман желдетер,
Жақсылардың алдында
Біразырақ сөйлесем,
Онан да менің нем кетер.
Өлгеннен соң басыңа
Топырақ үйіп белгі етер,
Белгі еткеннің белгісі
Көміп бір тастап ел кетер.
Қайырсақ та сазда өтер,
Қаңқылдаған қаз да өтер,
Үш ай тоқсан жаз да өтер,
Ақ бетіне қан құйған,
Орамалың дәл құйған,
Ерініне бал құйған,
Қылықты туған қыз да өтер.
Домбыра қолда қарағай,
Қолға да оны алған соң,
Жүйрік туған ағаңыз,
Арыдан бері тербетер.
Базарға барсаң бақ білер,
Базардағы беренниң
Әр бағасын сарт білер,
Өткен менен кеткенді
Көп жасаған қарт білер,
Жолдың алыс-жуығын
Белі де жуан ат білер,
Біреуді жақсы демесең,
Біреуді жаман демесен,
Бұл дүниеден өткен соң,

Шын дүниеге жеткен соң,
Көтеріп көрге салған соң,
Көр қараңғы болған соң,
Кімнің жақсы, жаманың
Бір Жаратқан хақ білер.
Адамзаттың белгісі
Бұл дүниеден өтері,
Өлгеннен соң белгілі
Тірлік бір жауап бітері,
Бұл айтқан сөз, құрбылар,
Бір күні болар керегі.
Басты бір аяқ қылады
Бір Алланың шебері.
Бақытты жігіт қол бастар,
Шешен жігіт дау бастар,
Әлемнен озған ала аяқ
Озып бір кетсе ойқастар.
Күнінде артықша туған жігіттер
Жарысқа салмай кім тастар.
Елінде жақсы жігіттің
Алыста даңқы зор болар,
Мен сөйлейін, мырзалар,
Сөйлемесем бұл жерде
Қадірлі сөзім қор болар.



Қыздар туралы

Жиырмаға жеткен қыз кәрі болар,
Өңі кетіп шырайы сары болар,
Ер елуге жетсе де айыбы жоқ,
Әр уақытта біреудің жары болар.

Қыз он беске жеткенде май тартады,
Ата менен енеге жау тартады,
Екі көзі ел көшсө төңіректе,
Шарасыздың күнінен жүк артады.

Қыз он беске жеткенде талма мойын,
Он алтыда қыздардың қылса тойын.
Он алтыдан асқан соң болмайды ойын.

Қыз он беске жеткенде кесте алады,
Жаман менен жақсыны еске алады,
Жиырмаға жеткенде тәйке деген,
Аюша жиған майын тәске алады.





Екі қатын алғанның дауы үйінде,
Жаман қатын алғанның жауы үйінде,
Жақсы қатын алғанның тойы үйінде,
Жаман қатын алғанның соры үйінде.
Салақ әйел ауы да болар тесік,
Қолын тығып қасуға оқай десіп,
Тағдырда маңдайында жазған болса,
Табиғаттың ісіне амал нешік.

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,
Жақсы қатын шығарар ердің атын.
Жаман болса өз қылған істерімен
Еріне қалдырады жаман атын.

Жақсы сол ерін күліп шаттандырса,
Атқарып тапсырмасын мойнына алса.
Ері жоқта күйзелтпей шаруасын
Ағайын, көршілерін жадына алса.
Сапардан ері келсе үйге кіріп,
Жылы жұзбен қарсы шығып қолын алса.





Ашу – дүшпан болғанда, нәпсі – жауың,
Ақыл – тұрған алдыңда асқар тауың,
Жүрекке ашу келіп толған шақта,
Дененің біле алмассың ауру-сауын.

Ойласаң мың бір пәле тілден туған,
Шешендер топ ішінде тілді буған,
Бір адам қателікпен сөз сөйлесе,
Жабылып мың бір пәле соны қуған.



Жігіт туралы

Бір жігіт бар – құр жан,
Бір жігіт бар – тірі жан.
Бір жігіт бар – жігіт жан.

Құр жан дейтін жігіт –
кеудесінде жаны бар, еш нәрсені бітірмейді;

Тірі жан дейтін –
бар тапқанын киім мен асқа сатар,
жақын көрген досын жатқа сатар,
Қызыл белбеу, шоңқима етік, үкі тағып,
әркімді бір сыйқақ қылар;

Жігіт жан дейтін жігіт –
сегіз қырлы, бір сырлы болар.



Әйел туралы

Қарауыл қана дейтін бір қатын болады:
таңертең тұрады,
түндікті оқынан ашады,
кетіп бара жатқанға көз салып,
әтіп бара жатқанды адал алады.

Екінші әйел – қыналы бармақ дейтін:
аз нәрсені көптей қылады,
көп нәрсені көлдей қылады,
киіміне кір жүқпайды,
асына қылшық тұрмайды,
дүниесінің бәрі таза болады,
ерінің бары, жоғын білгізбейді.
Ер егіз, еңбексіз жалғыз деген,
осы тапайллы ердің қолына түседі.

Үшінші – ашып атар, жатып ішер...
bastama etik kerpildek,
сиыр жапасы сырпылдақ,
сормаңдай ерге жолығады.





Алғаның жақсы болса қара жердей,
Жақсыменен сырлассаң шыққан өрдей,
Өтпес пышақ, шабан ат, жаман қатын,
Аң алмаған күйшіл құс – бәрі бірдей.

Алғаның жақсы болса қорғандай-ды,
Жаман болса қайтесің, сормаңдай-ды,
Атың жүйрік, алғаның жақсы болса –
Астыңда жылжып жүрген жорғаңдай-ды.

Көшкенде жақсы қатын атқа желер,
Жаман қатын байының сөзін бөлер.
Жаман қатын белгісін тағы айтайын,
Ауыл үйін тіккенде көші келер.

Тыңдасаң жақсы кеңес құлақ құрышы,
Тәтті үйқы, қалың тәсек жанның тынышы
Жүйрік ат, тұзу мылтық, сұлу қатын,
Мал мен перзент – адамның дәulet құсы.





Жақсы әйел байын түзеп сылақтайды,
Өз байынан басқаны ұнатпайды,
Үйіне мейман түссе хош келдің деп,
Еш адамнан рұқсат сұратпайды.

Жаман әйел байымен ұрысады,
Мейман келсе қабағы тырысады,
Бұл үйден шай ішкенмен оңбассың деп,
Мейман байғұс басқа үйге жылысады.

Жақсы әйел дәулетіңе жөн келтірер,
Әйелің долы болса күнде өлтірер,
Жақсыдан жаман туған бала болса,
Атаға үйде жатқан сөз келтірер.

Жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас,
Осал жігіг әйелге беттей қоймас,
Жауыз қатын қабаған ит сияқты
Ер жігіттің түбіне жетпей қоймас.





Ата-анаңның қадірін
Балалы болғанда білерсің,
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің.
Дәулетіңің қадірін
Мал кеткенде білерсің,
Маңайдағы дұшпанды
Тұн жеткенде білерсің.
Қона берсе жерің тозар.
Шаба берсе елің азар,
Жасай берсе ерің азар,
Ерің азған кезінде елің азар.



Ханнан бақыт таярда
Қараша жұртпен қас болар,
Байдан бақыт таярда
Дәулетіне мас болар,
Кәріден абырой таярда
Аңдығаны ас болар.
Жетесіз туған жігіттер
Жиырма бесте жас болар.





Көкала көл, нар қамыс,
Қар үстінде от жанар,
Баласы жаман туғанның
Әкесін түйе үстінде ит қабар.



Шежірелі қартың болса,
Қағазға жазған хатың деген,
Қарттың сөзі кітапқа жақын деген.
Жер ортада өлмесін атың деген,
Ер ортада өлмесін қатының деген.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Иманыңнан басқадан жақын деген,
Жігіттің алған жары жаман болса,
Қаншық иттей тақымдар кепір деген.
Ата-бабаң үлгісі,
Қазылған қара жолмен тең,
Ағайының көп болса
Ұлғұ әскер қолмен тең.
Жігіттің алған жары жақсы болса,
Жұмақтағы хормен тең,
Егер де жаман болса
Мына маңдайға біткен сормен тең.
Уа, жігіттер,
Әйел алсаң қарап ал ақылдысың,
Ол сенің ақыреттік жақын кісің.
Келген мейманыңды және туғаныңды
Бірдей тәрбиелеп,
Ол және ұмытпасын хақтың ісін.

Қыз сыны

Ерімнің бір тұрманы үзенгісі,
Қыз он бесте келеді түзелгісі,
«Аяғын кер, асын іш» деген сөз бар,
«Шешесін көр, қызын ал» сол белгісі.



Бұл дүниенің мысалы
Ұшып өткен құспен тең,
Әмірде көрген жақсылық
Ұйықтап өткен тұспен тең,
Атадан мирас ақылың,
Тұзік айтқан мақұлың,
Ләзім болған іспен тең –
Үлкеннен көрген зорлығың,
Жаманнан көрген қорлығың,
Ойлап тұрсаң бозбала,
Дұшпаннан көрген күшпен тең.
Ағайының көп болса,
Бірлігі оның бек болса,
Жамандық жер кез келсе,
Бір-біріне сеп болса,
Бүтін тұрған бұзылмай
Отыз екі тіспен тең.
Айдынды жақсы аймен тең,
Жомарт жігіт баймен тең,
Шешен жігіт дүрмен тең,
Имансыз көніл кірмен тең.

Ақылы жоқ надандар,
Іс бітірмес жамандар,
Жұз болса да бірмен тең,
Мектептен сабақ алсаңыз,
Алуа, шекер, балмен тең.
Саясы жоқ бәйтерек
Сазға біткен талмен тең.
Жаман туса балаңыз,
Бұғып өскен тазбен тең.
Қайғы ойлаған жігіттің
Кең дүниесі тармен тең,
Уайымшыл адамның
Алды түйік жармен тең,
Жетесі жаман бозбала
Тоқсандағы шалмен тең.
Жақсының айтқан ақылы
Қазулы сара жолмен тең.
Жаманға айтқан ақылының
Ағып кеткен селмен тең.
Қас жаманның орны бар,
Кесек те болса көрмен тең.
Жомарттық қылған жігіттің
Ықыласын байқасаң,
Толқып соққан көлмен тең.
Жақындаپ келген кәрілік
Жайып қойған көрмен тең.
Жақсы қатын алсаңыз.
Жақсылығын білдірер,
Ерін жөнге көндірер,
Анық осы, бозбала,



Жұмақтан шыққан хормен тең.
Алғаның жаман жолықса,
Жамандығын білдірер,
Ер қадірін кетірер,
Оның өзі, бозбала,
Маңдайға біткен сормен тең.



Қатын шайпау болғаны – болмағаны,
Келін шайпау болғаны – оңбағаны.
Оған да үн менен сары май керек,
Қапталдап қалың сордың қоймағаны.

Тасқа неге қонайын тау тұрғанда,
Судан балық құтылмас ау тұрғанда.
Теңін тауып тереңге қолың серме
Он кісімен қонасың тым құрғанда.
Жігіттер, шамаң келсе, шалқып, толқы,
Алпыс тәнің дененде сау тұрғанда.



Келін жақсы болса,
Үйіңе көп кісі келеді.
Келін жаман болса,
Ас құй десен төkkісі келеді,
Төкпей құй десен сөkkісі келеді.





Бақ-дәulet, мал бітерде ырыс қонар,
Ынтымағы ағайынның дұрыс болар,
Бала пайдакүнем болар,
Жалшы жауынгер болар,
Қыз қылышты болар,
Келін епті болар,
Көп көрініп жау қашырапар,
Көмектеп қонақ аттандырапар.
Адамы қырлы болар,
Малы түрлі болар,
Иті үреген келер,
Тіркеген малы жүрекен келер.
Бақ, дәulet, мал көшерде ырыс қашар,
Біреуі біреуіне пәле жасар.
Бала пайдасыз болар,
Қыз қылышсыз болар,
Келін керенау болар,
Қатыны салақ болар,
Ат мінсе жалақ болар,
Адамы қырсыз болар,
Малы түрсіз болар,
Иті үрмес,
Тіркеген малы жүрмес.



ЕСЕТ ҚАРАҰЛЫ

Тауға біткен қайыңның
Солқылдар басы жел өтсе.
Тоғайға біткен жоңышқа,
Сұлыған тартар күн өтсе.
Еңкейіңкі тартады,
Ер қолынан мал кетсе.
Ерні салпы ер аты,
Оқалмас қайта ер өтсе.
Арбадан үрікпес алаша ат,
Ер салдырмас жал бітсе,
Қасына қоныс қондырмас,
Қас жаманға мал бітсе,
Қайырсыз туған балаңыз,
Тіл қайтарар ержетсе,
Хан бұрылып қараған,
Би бұрылып сұраған,
Назданып аяқ көсілген,
Сылдырап белін шешінген,
Алма мойын арудың
Ажары кетер бетінен,
Екі он бестен жасы өтсе.
Алғаныңа жандарым,
Қадірің кетер күн болар,
Ер қартайып, жас жетсе.

Мен, мен едім, мен едім,
Қатарға жүрсе қажымас,
Қас арыстан ер едім,
Су шашырап, жел тимес,

Орнықты қара кеме едім.
Шабуыл салса шаршамас,
Шыны тұлпар мен едім.
Қасарысып келгенде,
Қап түбіне сыймаған,
Қара болат мен едім.
Қуды қиған қияннан,
Анық сұңқар мен едім.
Тегеуірінім теріс бітіп,
Тепсем жілік сындырған,
Қыран бұркіт мен едім.

Заманымда не көрдім,
Еңсеріскен ер көрдім.
Белсеніскен бел көрдім.
Қарсыласқан жау көрдім,
Тізелескен дау көрдім.
Самарқанды сапырдым,
Қарсы келген дұшпанды,
Шапқан шөптей жапырдым.
Дұшпанымды таптадым,
Қасыма ерген жолдасты,
Сары алтындей сақтадым.
Достың көңілін сындырдым.
Қорықпадым, қашпадым,
Аспадым да саспадым.
Кәрілікке жеткізсе,
Талайды көрер бастарың.
Төкпей-шашпай жиғанды,
Ортаңызға тастадым.
Не қылсақ да өзің біл,
Күн сенікі, жастарым!

АБЫЛ ӨТЕМБЕТҰЛЫ

Арғымақ атта сын болмас,
Қиған қамыс құлақсыз.
Азаматта сын болмас,
Арты болса түяқсыз.
Айдын көлде сын болмас,
Жағасы болса құрақсыз.
Асқар тауда сын болмас,
Бауыры болса бұлақсыз.
Ақ киікте сын болмас,
Арты болса лақсыз.
Жеті арнада сын болмас,
Аяғы болса тұрақсыз.



МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ

Күн қақты ердің астында,
Көп жүгіретін күлік бар.
Көн садақтың ішінде
Кебе бұзар жебе бар.
Қарайғанның, жігіттер,
Бәрін кісі деменціз.
Күпе-күндіз тайрандалап,
Тұзге шықпас ерлер бар.
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Ордалыға көз салсақ,
Оғы қалса жоғалмас.
Топтан озған тарлан боз,
Тұрасынан айырылса,
Тасты басып тұра алмас.
Асылдан болат ұл туса,
Екі жақ болып тұрғанда,
Егескен жерде шарт кетер,
Жауырынан өтін алса да,
Жамандарға жалынбас!



ДУЛАТ

Асқар таудың сәні жоқ;
Төрт түліктің қонысы,
Басылмайтын сонысы,
Көк майса белі болмаса;

Өзен судың сәні жоқ,
Өрлеп құлай қонатын,
Жағасы малға толатын,
Аймақты елі болмаса;

Қопалы жердің сәні жоқ,
Тұңғиық мөлдір үйірім,
Көз болжамас қырыын,
Айдын көлі болмаса;

Ақ ауылдың сәні жоқ,
Топталып жылқы үйездеп,
Ноқталы құлышын күйездеп,
Тартқан желі болмаса;

Шешендіктің сәні жоқ,
Сөзіне сүттей ел үйып,
Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса;

Қайырсыз байдан пайда жоқ,
Нашарға жәрдем бермесе,
Кем-кетікті көрмесе,
Көн болып қатса сіреуі;



Екіге сатса біреуі,
Несиенің өсімі,
Мөлшерлі жоқ кесімі,
Үзбей құйса, толмаса;

Сұлулықтың сәні жоқ,
Көрсе қызар құлқі ғой,
Шаруа істемей, сылап бой.
Жол саудаға жолдаса;

Би мен бектің сәні жоқ,
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса;

Батырлықтың сәні жоқ,
Тұн үйқысын төрт бөліп,
Елерген тұлпар ерттеліп,
Толғаулы найза қолға алып,
Тұйғын құстай толғанып,
Сары садақ асынып,
Егескен жауды қашырып,
Ұлын қорып жауынан,
Ереулеген егер дауынан,
Тұтамдап оқ жонбаса;

Бәрін айтпа, бірін айт,
Ұғынар мұны ел қайда,
Елді бастар ер қайда?



Аға сұлтан, абыздар,
Елінді қамап, көрге айда.
Барса келмес жерге айда.
Күш кеткен соң қолыңнан,
Зарлаудан, сарнау, не пайда?



ҚОБЫЛАН БӘРІБАЙҰЛЫ

Не жаман?

Сергелденғе түссе мал жаман,
Ығыр болса ел жаман.
Үлгісіз пішсе тон жаман,
Төресі теріс би жаман.

Бесіктегі жас бала,
Жетім қалса сол жаман.
Алты қанат ақ орда,
Иесіз қалса сол жаман.

Жіліктері жылтылдап,
Жаңа түскен келіншек,
Жесір қалса сол жаман.

Тоңқайып масақ термесе,
Өз күнін өзі көрмесе,
Тоқсандағы шал жаман.



Ұзындығы бес қабат,
Көлденеңі төрт қабат,
Төсеніштің жоғы жаман.

Қайтып келген қыз жаман,
Қайта шапқан жау жаман.
Бәрін айт та, бірін айт,
Бәрінен де жоқ жаман.
Қазулы жатқан көр жаман.



ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАПҰЛЫ

Тостағанды қолға алып,
Айқай салған жиырма бес.
Шаншатұғын найзадай
Қылтың еткен жиырма бес.
Шабатұғын қылыштай,
Жылтың еткен жиырма бес.
Жиырма бестен өткен соң,
Орда бұзған отыз бес.
Отыз бестен өткен соң,
Қынсыз қылыш қырық бес.
Қырық бестен өткен соң,
Емен шоқпар елу бес.
Елу бестен өткен соң,
Әрмен-бермен алпыс бес.



Жетпіс беске келген соң,
Сексен беске жеткен соң,
Ұлың жүрер ұялмай,
Қызының жүрер тіл алмай,
Сол мезгілде жүрерсің
Белге соққан жыландаі.
Сексен бестен өткен соң,
Тоқсан беске кеткен соң,
Шөңге болар түсіңіз,
Жылап тұрап ішіңіз.
Бойдан кетер күшіңіз.
Сол мезгілде болғай-ая
Сыйлайтұғын кісіңіз!



ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ

Бір насихат айтайын,
Тыңда мұны, балалар!
Есіткендер ұмытпа,
Қайсында сениң сана бар?
Жақсың аттан жығылса,
Жаманың түрып табалар.
Ендігі сорлы бейшара
Қорыққанға барып паналар.

Қария қалды ақылдан,
Қастық шықты жақыннан.
Ендігі күнің кем болған,
Тәубә қылмай қапы өттің
Әуелгі бұрын жасыңнан.

Бай кедейді көрмейді,
Кедей байға ермейді,
Қызметін бір күн қылмаса,
Майлы сорпа бермейді –
Әне байдың қайыры!
Бұрынғы өткен адамның
Міне, келді тайыры
Жалғанда қылған ісінің
Алдыңнан шығар ғайыбы.

Байды Құдай атқаны –
Жабағы, жұнін сатқаны.
Кедейің қайтып күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны.



Жаздай арық қазады,
Күздей пішен шабады.
Оны-мұны жиғанын
Шығын деп тілмаш алады.

Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды,
Қағаздатып бұзауын
Ноғайына қояды.
Кедейге салып шығынды
Негізі байдың тояды.

Қылымсыған қатыны
Қызыл көйлек киеді,
Өзінің байын менсінбей,
Көрінгенде сүйеді.
Осы мінез болған соң.
Тозаққа пенде күйеді.
Ендігі байға мал бітсе.
Елубасы, онбасы.
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ.
Ендігінің мырзасы.



ҚАРАСАЙ БАТЫР

Биік тәбеле шықсаң – көзің ашылады,
Жақсымен жолдас болсаң – көнілің ашылады.
Ақылды бимен болсаң – дауың басылады.
Хас батырмен бірге жүрсөң – жауынды қашырады.
Құтты адаммен қоңсы қонсаң – аруағынды асырады.
Атың жақсы болса – бұл дүниенің пырағы,
Қатының жақсы болса – жанып түрған шырағың.
Биің жақсы болса – сөзің елде түрады.
Балаң жақсы болса – еліңнің асыл шынары.
Қызың жақсы болса – өрісті болар түрағы.
Арғымақ аттың баласы – аз оттап, көп жусайды.
Асыл ердің баласы – аз сөйлеп, көп тыңдайды.
Қаңқу сөз – жанынды жаралайды,
Жала сөз – тірідей қаралайды.
Жақсы сөз – дем берер,
Күш-қуат, әл берер.
Болат қайнауда шындалады,
Батыр майданда шынығады,
Ер ат үстінде көп жүріп,
Елі үшін аз тынығады.





ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ

Атадан үл туса иғі,
Ата жолын құса иғі.
Өзіне келер ұятын
Өзі біліп тұрса иғі.
Жаудан бүкән немені
Ортасынан құса иғі!



Менен ақыл сұрасан,
Өгізге ер салма,
Қанатың талар.
Наданға көзіңді салма,
Сағың сынар.
Досыңа өтірік айтпа,
Сенімің кетер.
Дұшпаның шыныңды айтпа,
Түбіңе жетер.
Жал-құйрығы қалың деп
Жабыдан айғыр салма,
Жаугершілік болғанда,
Жағдайлап мінер ат тумас.
Жақының үшін
Жақсының жағасынан алма,
Жерің тарылар.
Ит жүгіртіп, құс салсан
Әүейі боларсың.
Әйел алсан,



Көріктіні алма, тектіні ал.
Мақтаншақ жігіт жисаң,
Жөніңнен шығарсың,
Ұрыншақ ат жаз жарға,
Қыс қарға жығар.
Тұмай түбі құрт болар,
Тұман түбі жұт болар,
Ақылдың түбі құт болар.
Қарап отырғанша
Бір нәрсеге жарап отыр,
Кәсіп болмай нәсіп болмас.
Қабырғадан қар жауса
Атан менен нарға күш,
Ел шетіне жау келсе
Қабырғалы биге күш.



Ya, көсіле шабар жерің бар,
Ту көтерген ерің бар,
Атадан қалған сара жолың бар.
Құлдық ұрсаң дүшпанға,
Арылмайтын сорың бар...
Құлдық ұрсаң дүшпанға,
Еркек болып туды деп,
Мына сені кім айтар?





Жаманға да бақ қонатын күн болады,
Біреудің өтірігі шын болады.
Батырдың бақ қайтатын күні болса,
Қанша тауып айтса да мін болады.
Қаңғыртса ханның қызы ханшаны,
Бақытсыз бір лайық күн болады.



Тамам жарлы жиылып,
Қонған жері көң болмас,
Тамам сұлтан жиылып,
Сәйлеген сезі жөн болмас.
Ұры-қары жиылып,
Ұйтқылы ел болмас...
Жаманды қанша мақтасаң,
Жайды білер ер болмас...



БАЛАБИ

Жерден ауыр не?
Судан терең не?
Оттан ыстық не?
Көктен биік не?
Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім.
Судан терең дегенім – оқу, ғылым.
Оттан ыстық дегенім –
фани жалған, адамның өмірі
Көктен биік дегенім – тәкаппардың көні.



Амандықта қадір жоқ, –
Алдырған күнде білерсің.
Денсаулықта қадір жоқ, –
Ауырған күнде білерсің.
Қолда бар жақсының қадірі жоқ,
Айырылып өлген күні білерсің.





Екі жақсы дос болса,
Біріне-бірі өш болмас.
Тәңірі берсе жігітке,
Мал мен бақыт кеш болмас.
Бақ қонбайтын жігітке,
Іздегені дос болмас.
Бұлақсыз сай тасығанмен көл болмас,
Жаманның қанша айтқаны ем болмас.



ДОСБОЛ БИ

Бөрілі таудан аспаған,
Бедеуге қамшы баспаған,
Алысқа сапар шекпеген,
Ат қадірін білмейді.
Жақсы тағам ішпеген,
Жайлы орынды көрмеген,
Жат қадірін білмейді.
Қыста соғым соймаған
Қозы етіне тоймаған,
Ас қадірін білмейді.



БАЙДАЛЫ ШЕШЕН

Ер қартайды, мал тайды,
Қара көзден нұр тайды.
Екеуледі, ей, ханым!
Мініп келер белді ат жоқ,
Еріп келер жолдас жоқ,
Үшеуленді, ей, ханым!
Келін шайпау, ұл тентек,
Толып жатыр кем-кетік.
Төртеуленді, ей, ханым!
Етік тозды, ұлтан жоқ,
Қадір білер сұлтан жоқ,
Бесеуленді, ей, ханым!
Қажыр қайтты, күй тозды,
Бастағы тігер үй тозды,
Алтаулады, ей, ханым!
Айта берсем қапам көп,
Жағасы бүтін шапан жоқ,
Жетеуленді, ей, ханым!
Келмейін деп жүргем жоқ,
Келгендер көп, берген жоқ,
Мен келдім, Уәли келген жоқ,
Сабыр қылышыз, ей, ханым!



АЛШАҒЫР БИ

Бақ-дәулет келер болса,
Отыңың басы үйым болар,
Үйің күнде мейман-жыын болар.
Кедейлік келер болса,
Бұта түбі үйің болар.
Кедейлікке қарсы тұр,
Келетұғын көрінбей.
Бір мінсе иығыңдан тұспейді,
Қайнатқан қара желімдей.
Қарау болма, ашық бол,
Саңдыққа берілмей.
Мал тап, алысқа кет,
Жалқаулыққа женілмей.
Мал арыстанның аузында,
Түрікменнің төрінде,
Табарсың оны қайраттансан өрінбей.
Бақ-дәулет келуіне мен кепіл,
Ар-ұттыңды төкпей жүрсөң, елірмей,
Атың Қайдар екен, айдарсың,
Топтап малды байларсың.
Тасымай жүр, тасыған төгілер
Ақылмен жүрсөң рұлы елді жайларсың.



ҚАЗЫБЕК БИ КЕЛДІБЕКҰЛЫ

Өркенім өссін десен
Кекшіл болма –
Кесапаты тиер еліңе.
Елім өссін десен,
Өршіл болма –
Өскеніңді өшірепсің.
Басына істүскен пақырға
Қастық қылма –
Қайғысы көшер басыңа.
Жанашыры жоқ жарлыға
Жәрдемші бол асыға,
Қыын-қыстау күндерде
Өзі келер қасыңа.
Бүгін сағы сынды деп,
Жақыныңды басынба!



Ерден ердің несі артық,
Ептестірген сөзі артық.
Малдан малдың несі артық,
Бір-ақ асым еті артық,
Жерден жердің несі артық,
Бір-ақ уыс шөбі артық.
Міндетіне алған сөзден
Шегінген жігіттен аштан өлген
Аюдың өті артық.





Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты болса, келінің жақын.

Алдыңа тартқан адапасын,
Қимас жақын – қарындастың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын.

Еркелейтін немерен жақын,
Өз үрпағың – шәберен жақын.
Жан серігің жас кезінен,
Бәрінен де әйелің жақын.



Алтын ұяң – Отан қымбат,
Құт-берекең – атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат,
Тұып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.





Арадан шыққан жау қыын,
Таусылмайтын дау қыын.
Шанышқылаған сөз қыын
Дәл осындай жағдайда,
Пана болмас өз үйің
Жазылмаса дерт қыын.
Іске аспаған серт қыын,
Ақылыңдан адасып,
Өзің түскен өрт қыын.
Тентек болса ұл қыын,
Не істеріңді біле алмай,
Ашиды сонда бас, миың.





ӘЙТЕКЕ БИ БАЙБЕКҰЛЫ

Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін,
Батыр болсаң жауға найзаң тисін.
Бай болып елге пайдаң тимесе,
Батыр болып жауға найзаң тимесе,
Елден бөтен үйің күйсін!
Бүркіт бол, заманыңыз тулкі болса,
Бай болар кедей жігіт мұлкі болса
Хас жақсының белгісі сол емес пе,
Қара қылды қақ жарған әділ болса.



Ашу деген ағын су,
Алдың ашсаң арқырап.
Ақыл деген дария,
Алдың тоссаң тоқырап.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.





Суалмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Тамыры суда тұрса да,
Уақтысы жеткенде,
Құрамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген фәни бұл,
Панасы жоқ, тұрақ жоқ.
Баласы жоқта мият жоқ,
Бәрінен қиын сол екен,
Артында қалған тұяқ жоқ...
Шүкіршілік етіңіз...



Бүркіт бол, заманыңыз тұлкі болса,
Бай болар кедей жігіт мұлкі болса.
Хас жақсының белгісі сол емес пе,
Қара қылды қақ жарған әділ болса.



Елдің қамын жоқтай білген,
Дұрыс сөзге тоқтай білген,
Ердің намысын жоқтата білген,
Өз сөзіне тоқтата
білген жігітке не жетсін!





ШАШАНБАЙ ШЕШЕН

Ақ бәкенім көп жортпа,
Алдында қазулы ор бар.
Көк түйғыным көп шүйгіме,
Алдында құрулы тор бар.
Адамым көп деп топтанба,
Малым көп деп мақтанба,
Білгішсініп сұқтанба,
Бәрімізден де зор бар.



ІЗБАСТЫ ШЕШЕН

Отырсам опақ дейсіндер,
Тұрсам сопақ дейсіндер.
Ел шетіне жау келсе,
Ізбастыдай ұл тумас дейсіндер,
Жау кеткен соң – қубас дейсіндер.

Аласаны атқа санама,
Жаманды затқа санама.
Бір сынаған жаманды
Егіз екі сынама,
Тіріде сыйласпаған туыс,
Көзіңе құм құйылсын,
Өлгенде жылама!





Бедеу аттың белгісі,
Бес тұнқатса болдырмас.
Қара нардың белгісі,
Шашасын сорға малдырмас,
Қас жүйріктің белгісі,
Құйрығынан алдырмас.

Қас шешеннің белгісі,
Топтан торай шалдырмас.
Ақылыңа көнбейді,
Айтқаныңа сенбейді,
Атадан жаман туған дәлдір бас.



Жақсы туған жігітті,
Жаным десе жарасар.
Жақсы ұл туған қатынды,
Ханым десе жарасар.

Жақсы туған жігітке
Бүкіл елі таласар.
Жаман туған жігіттер
Қара жолдан адасар.

Арғымақ аттың құйрығы –
Сатса жібек, кессе қыл.
Жақсы жігіт белгісі –
Тұзде мырза, үйде құл.
Қошқар болар тоқтының



Мандай жері дөң болар.
Адам болар жігіттің
Айтқан сөзі жән болар.

Би болатын жігіттің
Төбеде болар жұмысы.
Мерген болар жігітгің
Жебеде болар жұмысы.

Батыр болар жігіттің
Көбеде болар жұмысы.
Қызық көрер жігіттің
Бүркітте болар жұмысы.
Жаман болар жігіттің
Жалаң аяқ, жалаң бас
Итте болар жұмысы.





Сырттан келген мейманға,
Сәлем беріп, қол алсаң, –
Бірінші еткен құрметің.
«Түсіңіз» деп түс беріп,
Шылбырына оралсаң,
Екінші еткен қызметің.
Есік ашып енгізіп,
Көрпе төсеп құп алсаң, –
Үшінші еткен құрметің.

Мейман риза болмағы,
Құрметпен үйге қонғаны.
Кешіктірмей шай берсен,
Ұмыт болар тоңғаны.
Тысқа шықса қария,
Қолында болсын құмғаны.
Ірікпесен барынды,
Қонақжайлық сол-дағы.



Қазақтың бата-тілек, өситеттері



Толағай болған тал едім,
Таяқ қылса шарам не?
Айдын шалқар көл едім,
Құдық қылса шарам не?!

Жапалақ құс мақтанса,
Жардан тышқан алдым дер.
Жаман адам мақтанса,
Жақсыны аяғынан шалдым дер.



Қатының жаман болса сата алмассың,
Еліңе жақсы жігіт атанбассың.
Үйіңе бір құрбыңды ертіп келіп,
«Әй, қатын, ас қазан», – деп айта алмассың.

Жылға сай, батпақ болса өте алмайсың,
Жастан шыққан жүйрікке жете алмайсың.
Дүниенің жүзінде осы қыын,
Жаман деп ағайыннан кете алмайсың.



Өсиеттер



Көкірек таза болмаса,
Көз тазасы не керек.
Ниетің таза болмаса,
Тіл тазасы не керек.



Би болғанда не пайда,
Халыққа пайда болмаса.
Шөлдегі оттан не пайда,
Халайық көшіп қонбаса.



Артқы айылдың батқанын,
Иесі білмес, ат білер.
Ер жігіттің қадірін,
Ағайын білмес, жат білер.





Ашуға асу бермесе,
Алдау мен арбауға ерсе,
Ақыл мінсіз бе?
Арамдықта ұпайы кетсе,
Ажарға сайып «рахым» етсе,
Әділдік мінсіз бе?
Қайыршыдай қаңғып өтсе,
Бүгін қонып, ертең кетсе,
Бақыт мінсіз бе?
Дәмелендіріп көзіңді талдыrsa,
Ұмсыңдырып марқұм қалдыrsa,
Үміт мінсіз бе?
Ақылдан тірегі болмаса,
Алмастай өткір жүрегі болмаса,
Шешендік мінсіз бе?
Адастырып азапқа салса,
Талапты мұқап сенімді алса,
Арман мінсіз бе?
Талпынып қанат қақпаса,
Қыыннан қиуын таппаса,
Талап мінсіз бе?





Сынаманың сұлу сөзі,
Су түбіне кетірер.
Қыздырманың қызыл тілі,
Сүйгеніңнен кетірер.
Біреу сөз береді,
Біреу бөз береді.
Сөз бергеннің сөзіне ерсен,
Басыңа бейнет болады.
Бөз бергенге ерсен,
Үстіңе көйлек болады.
Жақсыдан жақсы туса,
Еккен шынарың емес пе!
Жаманнан жақсы туса,
Елдің шырағы емес пе!
Жақсыдан жаман туса,
Шамшырағың өшкені емес пе!
Елге үлгі айтар ерің болмаса,
Құт-берекен көшкені емес пе?!



БАЗАР БАТЫР

Тасыма, жігіт, тасыма!
Тасыған жетер басыңа.
Ителгідей томсарсан,
Кім келеді қасыңа.
Күшігендей солқылдап,
Күлгенің бе досыңа?
Жақсылыққа куанып,
Жамандыққа жасыма.
Өле-өлгенше тұрмайды
Жақсылық пен жамандық,
Бір кісінің басында.



Кеңшілікте жараспаған,
Таршылықта бастырмайды маңайын.
Сараң байдан сұрасаңыз ат майын,
Бермес үшін айта берер жоқ жайың.
Ер жігіттен сұрасаңыз ат майын,
Ерлік қылышп түсіп берер бір тайын.





Қалы кілем жапсаңыз,
Қара нарға жарасар.
Өкпе кімге жарасар,
Қарындасқа жарасар.
Қарындастың ішінде,
Қадірлесе жарасар.



БЕКЖАН ШЕШЕН

Әуеде бұлт бар,
Ауруда үміт бар.
Ақылды білер әр нұсқаны,
Алыс пенен һәм қысқаны.
Не іс қылса артын ойлар,
Адамзаттың данышпаны.
Иттің бәрі тазы болмас,
Еттің бәрі қазы болмас.
Тойғаныңша жасық жесен,
Бір асаған майға жетпес.
Көрмеген жер таныс болмас,
Көрінген жер алыс болмас.
Әр нәрсенің болжауы бар,
Ши жуандап қамыс болмас.





ШАУЫПКЕЛ ШЕШЕН

Батпағы бар көлдерден,
Су ішетін сай артық.
Қамшылатқан шабаннан,
Өзі жүрген тай артық.
Ас болмайтын арықтан,
Достың берген наны артық.
Жаманмен жолдас болғанша,
Аулақ жүрген көп артық.
Әділ бидің кегі жоқ,
Білімді туған жігіттің,
Әділ биден кемі жоқ.





АЙТҚОЖА ШЕШЕН

Жар басына үй тікпе,
Жар құласа – үй кетер.
Ала болса ағайын,
Рұлы елден күй кетер.
Ағайын ала болғанда,
Ауыздағы ас кетер.
Аңдыған дүшпан қүшейіп,
Жау қолында бас кетер...



Құлақтыға сөз айтсан,
Құлағынның астында.
Құлақсызға сөз айтсан,
Құба қырдың астында.
Айтса болар ұққанға
Айтып-айтпай немене,
Екі құлағын тас қылышп,
Мақта мен жұн тыққанға.





Ақсүйектің баласы,
Төренің бір міні бар,
Қарашасын бірдей көрмейді,
Дәулет біткен басына.
Байлардың бір міні бар,
Фаріп пенен нашарға,
Қайыр, ехсан бермейді.
Жүйріктің бір міні бар,
Жорғамен қатар жүрмейді,
Табан тіреп желмейді.
Жорғаның бір міні бар,
Бәйгеге қосса келмейді.



Тау белгісі тас болар,
Бай белгісі ас болар.
Азған елдің белгісі –
Бұралқысы бас болар.



Арғымақ аттың құйрығы –
Сатса – жібек, ессе – қыл.
Жақсы жігіт белгісі –
Түзде мырза, үйде құл.





Қошқар болар тоқтының
Маңдай жері дөң болар.
Адам болар жігіттің
Айтқан сөзі жөн болар.



Би болатын жігіттің
Тәбеде болар жұмысы,
Мерген болар жігіттің
Жебеде болар жұмысы.



Қас жақсының белгісі –
Әрі мырза, әрі құл.
Қас жаманның белгісі –
Өз үйінде өзі пұл.



Өз басыңа жау келсе,
Ерлігің зая.
Өз басыңа дау келсе,
Билігің зая.





Шөлде өскен дуадақ,
Көл қадірін білмейді.
Көлде өскен қоңыр қаз,
Шөл қадірін білмейді.
Тауды жайлап, таста өскен,
Ағайыннан басқа өскен,
Ел қадірін білмейді.



Сырттан келген мейманға,
Сәлем беріп, қол алсаң, –
Бірінші еткен құрметің.
«Түсіңіз» деп түс беріп,
Шылбырына оралсаң, –
Екінші еткен қызметің.
Есік ашып енгізіп,
Көрпе тәсеп құп алсаң, –
Үшінші еткен құрметің.



КӨБЕЙ БИ

Осы кездे кім ғаріп,
Бірлігі жок ел ғаріп.
Еркімен ел жайламай,
Құлазыған жер ғаріп.
Қаз-ұйрек ұшып қонбаған,
Айдын шалқар көл ғаріп.
Көмек тимей қорлықпен,
Арманда өлген ер ғаріп,
Мақсатына жете алмай,
Ерікті өмір ете алмай,
Көзінің жасы сел болып,
Зарлап өлген ару қыз,
Бәрінен де сол ғаріп.
Қадірін біліп ұқпаса,
Нақыл айтқан сөз ғаріп.
Елін жөнге салмаған,
Қос қыршынды жалмаған,
Есбембеттей би ғаріп.
Үш күн, үш түн жыладым,
Көзімнің жасын бұладым.
Жүргім от боп елжіреп,
Буыным босап құладым.
Нақыл сөзім өтпеген,
Тентек елге жетпеген,
Ақырында мен ғаріп.

Аз болған соң еліміз,
Даулы болып жеріміз.



Екі қыршын қаза боп,
Үзілді ғой беліміз.



Үйінен дуыл кетпейді,
Ақымақ болып, тоқ болсаң.
Ешкімге назың өтпейді,
Арыстан болып жоқ болсаң.
Ат барлығы не керек,
Болмаса аттың сияғы.
Тау барлығы не керек,
Іргесінде болмаса тұрағы.
Шалқар көлдер не керек,
Жағасында болмаса құрағы.
Ер жігіттер не керек,
Артында болмаса тұяғы.
Адал сөз екі дүниеде жанның шырағы.
Арам сөздің ана дүниеде бар сұрағы.
Дүниеге келген адамның,
Қара жер болар тұрағы.



АСАУБАЙ ШЕШЕН

Жау қашырап көптеген,
Көпшілікten мықты өтпеген.
Батыр да болса жау алмас,
Жалғыз жүріп бақ алмас,
Елінен шығып шеттеген.
Жақсы болар жігіттің,
Қасынан халқы кетпеген.
Болар жігіт жасынан,
Халқы кетпесе қасынан,
Дұшпаннның сөзі өтпеген.
Жұрт алдына шыққан жоқ,
Дүние жиып ептеген.
Ескі киіп, аз ішіп,
Бірін-бірін септеген.
Өзі сүйтіп жүрсе де,
Халықтың мінін көп көрер.
Сырттан айтып жамандап.
Кіңі қалмас сөкпеген.
Аяғың тайса бір істен
Ақыл айтушы көп болар,
Өз ақылы өз басына жетпеген.



БАПАН БИ

Ауырлыққа сабыр ғып,
Артын тілей сұраса,
Қайыры болсын қазаның
Ием солай сынаса.
Ешбір пенде өкінбес,
Бір Тәңірісін ойласа.
Тағдырға тоқтау кім салар,
Ақылға терең бойласа?
Қарсылық еткен болады,
Болмасқа жаңын қинаса.
Өткен қайтып келер ме,
Бар қайғыны жинаса?
Өлмей адам, жүрмек қой,
Ажал аяп сыйласа.
Шүкірлік ету міндеп қой,
Әр тәмсілді ойласа.
Қайғыны қалай жеңеді,
Ақыл-есін жимаса?
Жүректі билеп, у ішер,
Тұла бойды қуласа.
Адамдықтан қалдырар,
Ақылды қайғы үрласа.
Өлген қайтып келу жоқ,
Ел-жұрт болып шуласа.
Разыллық еткен бола ма,
Көздің жасын тыймаса.
Жылаудың да орны бар,
Артында үрпақ қалмаса.

Өсиеттер



Сабырлық еткен жарасар,
Ағайын халқы қайғырып,
Көңіл айтып сыйласа.
Шерлі көңілін тия алмас,
Сөзі жөнге сыймаса.
Қайғы деген бір теңіз,
Тұбіне жетпес, бойласа...





СӘДУАҚАС ШОРМАНҰЛЫ

Өтпес пышақ, шабан ат! –
Басыңа қорлық келтірер.
Жаман құрбы әзілі –
Ажалдан бұрын өлтірер.

Жақсы болса алғаның,
Жағаның кірін кетірер.
Жаман болса алғаның,
Басыңнан бақыт кетірер.

Бетіңен алып арсылдал,
Үй ішінен ит үрер,
Абысын-ажын, келінге
Тұздегі жаудай жекірер.
«Сақтай гөр деп кесірден»
Алыс-жақын түңілер.



Жалқау болған жігіттің,
Ақ таяғы ат болар.
Безер болған халыққа,
Ағайыннан жат болар.
Салақ болса қатының,
Жағаң болар құрымдай.
Тәрбиесіз жігіттер,
Жүрер белін буынбай.
Сөзінде бір тұрлау жоқ,



Ашы судың буындей.
Түрлі сөзін тыңдасаң,
Жыланның зәрлі уындей,
Екі достың арасын
Шағыстырап от жағып,
Мергеннің шақбақ – қуындей.
Кері кеткен керенау –
Сасып кетер маңайы.
Ғұмырда бір жуынбай,
Насихат айтсаң «былай» деп
Сөзінді қалар ұғынбай.
Ақылсыз бас, жарымес,
Дамыл бермес аяққа.
Білгеннен сұра білмесен,
Түбі соғар шатаққа.
Айыбын айтсаң ақымаққа,
Қас көреді сөзінді.
Айыбын айтсаң бетіне,
«Жоғалтам» дер көзінді.
Түсініп, ақыл ұғатын,
Ұл туған жоқ безенді.



СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ

Жақсы жігіт ел-жұрттың қаласындей,
Жақсы әйел әмме жұрт анасындей.
Ешкімнің де жақсыға жаттығы жоқ,
Көреді бәрін де өз баласындей.
Жақсы жігіт сөзіне сақ тұрады,
Қыырдан байқар қыран баласындей.
Жақсы мен жаман парқы бірдей емес,
Жақсы жігіт елінің ағасындей.
Жақсының сөзін әркім пайдалана,
Миуалы алма-әріктің ағашындей.
Жаманның көкірегі – көр, көзі – соқыр,
Тал түсте жолдан жүрер адасып-ай.
Нышаны кем болса да адамдықтың,
Әркім жүр жақсымын деп таласып-ай.
Жамандар – өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың іріткі салар арасына-ай.
Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындей
Әркімге бір соқтығып ұрынады,
Тентек болған сиырдың танасындей.
Сондай жаннның ешкімге сүйкімі жоқ,
Жылқының қотыр болған аласындей.

Жақсы адам елдің басшы серкесіндей,
Жұғымды болар елге еркесіндей.
Жақсының жүзі жылы, сөзі майда,
Халқымның қалың жүнді көрпесіндей.
Жақсы болар баланың жүзі жылы,



Орыстың құймей піскен бөлкесіндей,
Жақсының айтқан сөзі тиянақты,
Түйенің аумайтұғын өркешіндей.
Жақсыға үлкен-кіші бәрі бірдей,
Жасынан бірге өскен еркесіндей.

Көрінер жақсы кісі жыл құсындай,
Жаман адам балтаның ұңғысындай.
Олақтан салақ жаман деген мақал,
Жамандар түзей алмас тұрмысын-ай.
Жақсы адам алысты да жақындар,
Беттескен екі таудың тұрғысындай.
Жамандар өсек-аяң айтып жүрер,
Ешкімнің білмесе де қылмысын-ай.
Жаманның қеудесі үлкен, сөзі кесек,
Ақылы ауысқан адамның жындысындай.
Екеуін салыстырып әдейі айттым,
Қажетін қолданарсың тұрмысыңа-ай.



ҚҰРТҚА ТӘУІП

Аяқ – азамат,
Қол – мұлік.
Бас – сандық,
Тіл – кілт,
Төртеуіне тоқтау қойсаң,
Естігенің мақтау болады.
Бір адам жүрген кездे – із қалады,
Жұз адам жүрсе – соқпақ болады.
Мың адам жүрсе – жол қалады.
Адамға қастерлі іс істесен,

Соңында сенің сол қалады.



Арам адамның тобасы жоқ,
Аштан өлген кісінің моласы жоқ,
Қайырылып кеп кешірім сұраса,
Ер жігітке еш оқасы жоқ.



Озбыр олжа үшін өледі,
Күншіл күндеумен өледі.
Міншіл мінеумен өледі.
Қайсар өзіне-өзі сенеді.
Батыл мен ақыл біріксе,
Бәрін де бәрін женеді.



СҮЙІНБАЙДЫҢ НАҚЫЛДАРЫ

Ыңыршақты мінгенмен, ер болмайды,
Жаған үлкен болғанмен, жең болмайды.
Бәрі – адам, бәрі мал дегенмен,
Жақсы мен жаман нарқы тең болмайды.



Ер қадірін ел бақсан
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірін зер соқсан
Зергер білер деген сөз.
Өмірде құны ескірмес
Бағасы құнды асыл сөз.
Ақылы жоқ ер жігіт
Ағайынды жат қылар.
Ақылы бар ер жігіт
Жатты сыйлас дос қылар.





ҚЫДЫР АТАНЫҢ МЕДЕУГЕ АЙТҚАН ӨСИЕТІ

Малсызға малға балап үйқы береді,
Арсызға арға балап құлқи береді.
Керілген керауызға өсек сөз – түрпі береді.
Ерінбекен ерге байлық пен жылқы береді.
Байлық – барға бітеді,
Қара күш нарға бітеді,
Батырлық алып-зорға бітеді.
Төккен терің ақталып,
Ісің тек оңға бітеді.



ҚАРАБИДІҢ АЙТҚАНЫ

Бедері жоқ қамқадан,
Берік тоқылған бөз артық.
Берекеті жоқ ағайыннан,
Берік сөйлескен жат артық.
Пайданы алыстан қылғайсың,
Залалды жақыннан қылғайсың.
Тышқан да інінің айналасына оттамайды,
Оны да есіңе алғайсың.
Қайтып кірер есікті,
Қатты серпіп жаппағайсың.
Қайтып көрер досыңа
Қайырылмастай сөз айтпағайсың.
Осыны есіңе ала жүрсөң, ешкімнен
Кем де, қор да болмайсың.



НҰРЫМ ШЫРШЫҒҰЛҰЛЫ

Ұсынсам қолым жетер ме,
Қырдан асқан тұлкідей,
Қырмызы қызыл заманға,
Айтсам сөзім жетер ме,
Ақылсыз туған жаманға.
Қайыра қамшы сермеме.
Сүйекке біткен шабанға.
Екі жақсы дос болса,
Бірін-бірі кия алмас.
Екі жаман дос болса,
Бір мекенге сия алмас.

Қас жаманға мал бітсе,
Ебіменен жидым дер.
Қас жаманнан ұл туса,
Қатарымнан оздым дер.
Бұ күнде өзім болдым дер.
Дүние деген сары алтын,
Әркімдерді алдаған.
Қабаты қалың қара жер,
Талай ерді жалмаған.
Екі достың арасын
Айырады оңбаған.
Ерлер өтті қарасам,
Көк сұңгісін өңгерген,
Аузын көпке теңгерген.
Астана жүртyn менгерген.
Көкірегі желденген.



Ерекесіп келгенде,
Хандарды тақтан тайдырған,
Қалың дұшпан келгенде,
Жалғызбын деп қарамай,
Азды-көп жауды санамай,
Ақ сүңгісін өңгеріп,
Жауға жалғыз жөнелген.

Бұл дүниені байқадық,
Маңдайдағы көзбенен,
Әрбір түрлі жол айттық,
Оралған қызыл тілменен.
Қартайғанда сүр өмір,
Жас шағында ду болар.
Балдан тәтті не көрсе,
Ішпесе о да у болар,
Жібектен асыл не нәрсе,
Кимесе о да тұл болар,
Арқар дейтін ақ болар.
Ол арқардың мекені
Асқар ала тау болар.
Бәйгеден келген боз шұбар,
Мұны көркем көрсеткен,
Құйрығы менен жал болар.
Жал, құйрықтан айырылса,
Шұбар шолақ тай болар.

Ұстаны көркем көрсеткен,
Ұстасында дат болар.
Жігіттікте сөйлеп қал,



Төкпектеген бұл жанға
Кәрілік шіркін, тап болар.
Бір күні қөзің жұмылса,
Қатар жүріп шын айтқан,
Тар төсекте сыр айтқан,
Қатар-құрбың жат болар.

Нешелер шешен өткен жоқ,
Домбыра қолға алып,
Шаршы төрде қақсаған,
Нешелер сұлу өткен жоқ,
Ақ бетінің ажарын,
Ай менен күнге қақтаған,
Нешелер батыр өткен жоқ,
Қу найзасын саптаған,
Елдің шетін жақтаған.
Бір өлімнің айласын,
Шыбын жаннның пайдасын,
Ешкім ойлап таппаған.



МАЙЛЫҚОЖА

Жақсы болсын жұбайың

Көргенді жерден қыз алсан,
Атыңды ерттер жүгендеп,
Далаға жүрер уақта
Керектінді түгендер.
Тұнде көрсөң күндіздей,
Көңілің құшақ сүймендер.
Көрсетеді көзіңе,
«Былтырғы берген инең» деп,
Құрала берер дүниен көп.
Билікті салсақ соған сал,
Бір сөз айтпа «бұл нең?» деп.
Жаман қатын қаптағы,
Жұнінді тауысар күйбендер.
Аттершіден алғаны
Айна, тарақ, ірең боп,
Әлгің қайда деп айтсан.
Бәлелеге қояр сүйрендер.
Белге соққан жыландаі.
Амалың құрыр күйрендер.
Маңдайыңа салған соң,
Соған күнің қалған соң,
Әркімменен бірдей деп,
Жасырасың қүргейлеп.
Қыла ғой деген жұмысың,
Қилаға кетер сұрдай боп.
Ауыл көшсе «ал-алдап»,

Артасың жүгін амалдап.
Өзіңе жүкті жидыrap,
Ол қозғалыс табандап.
Ел жатарда ас жейсің,
Шикі қылса шабандап.
«Сен құрттың мені» дер,
Тағы өзінді жамандап,
Демінді зорға аласың,
Өліп-талып шамалдап.

Жақсы болса қатының,
Ер егізің – жақының...
Жан денең де жай тауып,
Тола да болар ақылың.
Өзіңе керек жұмыстан,
Көрмейсің істің қапылың,
Сол секілді әйелдің
Алтынға беріп болмайды,
Шаштарының әр қылын.

Жаман болса қатының,
Ұқсайды тілі шешекке,
Ызаға толар қос өкпе,
Әр жұмысты қылғанда,
Жолықтыrap кесетке.
Жамбасың үйір боп кетер
Жастығы қатты төсекке.
Қаншама жақсы сөз айтсан,
Алмайды оны есепке.
Арманда өтер өмірің –



Артылғандай есекке.
Жақсы қатын жігіттің,
Кесектен соққан кентіндей,
Дүниенің тұйық ментіндей,
Сары майға былғаған
Алуа, шекер, жентіндей.
Шоқтығы биік ат мінсен,
Көкпарда көңілің еркіндей.
Шолпан жұлдыз жар алсан,
Кіргізеді көркінді-ай.
Қызықтықпен өткен күн
Болмай кетер бір күндей.
Алғаның жаман жолықса,
Қайтесің дүние шіркінді-ей?!

Қатының жаман жолықса,
Халық ішінде қатты дақ,
Қызы алмаққа саған бақ.
Сондай жаман боп тұрып,
Сөйлеуін қоймас шалықтап.
Қамшыңды берсең қолына,
Тапсыра алмайсың еш нәрсе,
Бұрыннан сырын алып қап,
Өз отаның болған соң,
Кете алмайсың қалықтап.
Сондай, сірә, күн болса,
Мың қой қырқып жұн болса,
Арқаң тұсау, қап жазы
Базардан сатып алып бақ.



Оныңды да тоздырар,
Сандыққа құлыптан салып бақ.
Жұмсаудан жағың талады,
Ісінің көріп шаласын.
Бір желеуді айтады
Көре тұра нанаңың.
Тағы да өзі сыр берер,
Анығына қанаңың.
Ақырын Құдай ондар деп.
Бар үзірі сол-дағы,
Тауып берсе баласын!

Алғаның жаман жолықса,
Үйіңнің іші шаң болар,
Ісіңнің бәрі қам болар.
Сол әлімен тұрмайды,
Киім таңдал паң болар,
Әңгіме-жанжал қоздырар,
Өзгеден өзін оздырар.
Жыныға киер жібекті,
Тезек теріп тоздырар.

«Қай жеріңмен тойдым?»— деп,
«Не көрсетіп қойдың?»— деп.
Тағы өзінді жазғырап.
Айтқанына қоғам боп,
Дүнием болсын соған деп,
Үстінде болар жан-тәнің.
Қатыны жақсы адамдар,
Тез қартайып қарымас,

Өтетүғын өмірге,
Қатыннан жақын табылмас.
Іші-сырты тең сұлу
Әйел емес, үр деңіз,
Ондай үрге жолыққан,
Ол үзірде жүр деңіз.
Бас, бәдені жарасқан,
Әйелдің аты бір деңіз,
Сол секілді жары бар,
Үр құшқанмен тұр деңіз.

Іші-тысы тең жаман,
Қап-қара батпақ лай-ды.
Оған душар болғандар
Өкінішпен жылайды,
Тілеу тіле, жігіттер,
Жақсы қылсын жұбайды,
Алғаның жаман жолықса,
Қайтесің дүние шұрайды?
Алған жары жігіттің
Қап-қара болса мескіні,
Айдан аппақ сұлудың,
Тең келмес оған ешбірі.
Қара қойдан оза ма,
Мақтасаң ақ ешкіні?

Алдыңдағы жақсылар,
Жаман қатын жігіттің
Тоздырады табанын,
Тар қылады заманын,



Жақсы қатын жігіттің
Адам қылар жаманын,
Үшқыр қылар шабанын.



Толғай

Ілімге толса көкірек,
Ашылар көзі сананың.
Құлақ салсаң, жақсылар
Азырақ сөзді жазамын.
Көрейін мен де толғанып.
Келгенінше шаманың.
Дүбірге қызған жүйріктей,
Қызып түр әзір табаным.

Айтқан сөзің бармайды,
Көңіліне наданның.
Аспан-жердей парқы бар
Деп айтады адамның.
Халық ішін аралап.
Өнерді өлшеп шамалап,
Үлғайса деймін қадамым.
Үлкен-кіші жамағайым,
Бәріңің жақсы аманың.
Өзіме келген тіл бағы,
Өнері емес бабаның.

«Жігіттің көркі – өнері»,
Жақсылардан шыққан сөз
Алтынды – гаяхар бедерлі.
Осы күнде халқымда,
Мәлім болып жалпыға,
Тілдің болдым шебері,
Етпекке кеңес келелі,
Азырақ сөйлем берелі.
Бақ пен дәулет тең келсе,
Адамның толар кемелі.
Кімдерге бұғау салмаған,
Дүниенің асай белең?
Біреу үйде отырып,
От басында хош ұрып,
Біреу жаһан кезеді.
Нақлиқатты¹ мысал қып,
Төмендегі айтқан сөз
Майлы ақынның сөзі еді.

Мәлім болған халыққа,
Өтірік емес анық та,
«Өнер алды – тіл» еді.
Сарттан² өткен Иаан
Тілдің ғаусар гүлі еді.
Парсыда өткен Фирдоуси,
Заманында дүр еді.
Не жүйрік келіп дүниеге
Аяқтарын тіреді,

¹ Нақлиқат - нақыл

² Сарттан – өзбектен деген мағынада

Қарсыласқан хандарға
Үзеңгісін шіреді.
Бәрі де өтті дүниеден,
Адам бар ма оларды
Есіткенде күймеген?
Нұсқа қып айтсам кейінге,
Ақынның солар бірі еді.
Қай қазақтан ақын боп,
Өткендерден ірі еді?
Талайы өткен ақын боп,
Дүниеге жақын боп,
Қалт-құлт етіп өңгесі
Бұлардан басқа жүр еді.
Майлы ақынның өзіне,
Ыбырат¹ берер сөзіне.
Тірі болса осылар,
Болар еді-ау тірегі.
Осы кезде халқымда,
Сөз тастайтын артына
Менен басқа кім еді?

Өңкей жақсы қосылса,
Бітіреді кеңесті.
Өңкей жаман қосылса,
Шығарады егесті.
Мәмілемен іс бітер,
Бас қосып қалса көп есті.
Жақсының жолы – жарық құн,
Жаманның жолы – көмекі.

¹ Ыбырат –ұлғі, өнеге



Жаман сөйлер лепіріп,
Орамалың желпініп,
Соза түсіп өңешті,
Мақтағанмен жарамас.
Пайымы аз, кем есті,
Тентек бір-ақ аттайды,
Белес пенен дөңесті.
Жаман сөйлер халықтан
Бастағы мінін жасырып.
Жақсы сөйлер халыққа
Қызметін асырып.
Бағы қалың жігіттер
Ешкімге бармас бас ұрып.
Халық ісіне, жақсылар,
Тоқталып қалма тартылып.
Бейқайраттың белгісі,
Таласты жер кез келсе,
Сөйле деп енді сөз берсе,
Жалт-жұлт қарап тұрады
Берекесін қашырып,
Сабыр – ақыл серігі,
Сабырсыз болма асығып.

Жүгірген аң, ұшқан құс,
Іздегені тамағы.
Әрекет етіп бәрі де,
Ұрызық, ауқат табады.
Дәүлет кетіп біреуден
Біреуге жана қонады.
Нала болып біреулер,

Біреулер риза болады.
Бағы келген жігіттің
Көңілі соғып жоғары:
«Жамандықтан қалды ол,
Өзіне,— дейді,— обалы».
Жамандардың белгісі –
Сары ала қаздай саңғиды,
Панаалаған қоғаны.
Есерліктің белгісі –
Өтірік-өсек, аяңды
Іркілместен соғады.
Қасам¹ ішіп, ант ұрып,
Тіліне алар тобаны.

Бағың бар да, жігіттер,
Тоқталып, сірә, іркілме.
Жүрт қарасын қызығып,
Бәрекелді деп шіркінге.
Арзымас іске еліріп,
Бос салынба күлкіге.
Бір күні өтер өмірің,
Қараңғыда қалып көңілің,
Дүние үқсар тұлкіге.

Парасатты ер жігіт
Ақылмен әр іс біледі,
Мен істедім бәрін деп,
Өзгеден артық әлім деп,
Ие бол тентек жүреді.

¹ Қасам - ант



Ақылсыздықтың белгісі,
Орынсыз жерде күледі.
Талап, білім, еңбексіз –
Қалайша тірлік жеңбексіз?
Бос күлкіге салынып,
Қара терге малынып,
Жақсы болған кім еді?

Елге келген салмақты
Жақсы жүрер көтеріп,
Табытын қағып шай ішіп,
Тентек жүрер жетеліп.
Жаман, жақсы әр іске,
Қалады дейді еті өліп,
Көпті көрген ер жігіт,
Көсем болып төселіп.
Жаманың басы бойрадай,
Жерде жатқан төселіп.
Азырақ, халқым, тыңдаңыз,
Бәһәнә¹ бұны қылмаңыз,
Бір әңгіме етелік,
Елге келген жұмысқа
Жақсы жүрер қайысып,
Жаман жүрер майысып.
Гүлдесіп тентектер,
Бұл жұмыспен ісі жоқ,
Өзінің қылар күші жоқ,
Отырады шай ішіп.

¹ Бәһәнә - себеп



Жолын тапсаң орын көп,
Білмейді соның жолын көп.
Табалайды бір-бірін,
Қойшы, ісін соның деп.
Қай жерде оқып жүр еді,
Қай тірлігі оның деп?
Бақ келсе бір күн жақындар,
Сізге жақын мен едім,
Берші маған қолың деп.

Жақсы сөйлер шешіліп
Бастағы мінін жасырмай,
Кішіпейіл әдепті,
Басынан сөзді асырмай.
Адырайған есус
Дұмбірлеп сөйлер тасырлай.
Болымсыздың қылышы,
Адамға жоқ жұғымы,
Қашатұғын қашырдай.
Ессіздіктің белгісі –
«Екі, – дер, – сөзді айтпаймын».
Қайсарлықтың белгісі,
Бетімнен дейді қайтпаймын.
Бұл сияқты баланы,
Болар деп халық адамы,
Қалайша енді мақтаймын?
Тура сөзді айтам деп.
Көбісіне жақпаймын.
Елде жүрген жақсы көп,

Халықты жегіп лыпылдап.
Жай халықа сөз бермес,
Аузы-басы жыптылдап.
Жақсыны көрсө табалар,
Сауысқанша шықылдап,
Алар жерге келгенде,
Жан салмайды сыптылдап,
Бір парасы тым салақ,
Шаруаға сылпылдап,
Тұзғе шықсаң сырдаң бол,
Мен белгілі мырзаң деп,
Үйінде қалар қылпылдап.
Өсекшілдің белгісі,
Сәйлесе сөзді шым-шымдал,
Сұлу тұрап керіліп,
Кербез тұрап қылтындал.
Тақыстардың мінезі,
Жақтырмас сөзді қыртындал.
Насихатты сөзімнен,
Кез келгенде өзімнен,
Қалса деймін бір тындал.
Жаман-жақсы әр істі
Пейілінен адам табады,
Парасатты ер жігіт
Жақсыдан ыбырат алады.
Ерінбей бейнет еткеннің
Еңбегі дейді жанады.
Жақсы болып өседі,
Осылай қазақ деседі,
Тойға барса баланы

Алымларға¹ оқытып,
Көніліне білім тоқытып,
Көрсетпейді қаланы.
Думан-қызық көкпар боп,
Бақ таласып барлығы,
Сиазға² атын салады.
Бір-біріне жалғайды,
Қара тәһмәт³ жаланы.
Күші жеңген басым боп,
Әлі келген алсын деп,
Бір жағы шаршап қалады.
Өздерінше билеп жүр
Адырда қалған даланы.
Насихат сөзді айтқанмен,
Көніліне калай алады?
Ақын маған келер деп,
Жырын айтып берер деп,
Ақысын халық төлер деп,
Отырады үйінде
Би-болыстар жаңағы.
Сонда да мейлі сөйлейін,
Кешірдім бақтан демейін.
Халықтың болсын хабары.
Бұрынғы айтқан нақылда,
Қонағын сөз көп ақылға,
Алуан-алуан жүйрік бар.
Әліне қарай шабады,

¹ Алымларға - ғалымдарға

² Сиазға — съезге

³ Тәһмәт — жала, өтірік, өсек.



Дегендей боп мен-дағы
Сәйлейін өз халқыма,
Тұрсам осы қалпымда,
Болмасам да, болсам да,
Әзірше аса бағалы.
Ерінбей Қожақ сәйлесін,
Опасыз мына жалғаннан
Кеткенше тайып табаны.

Жарасар ер кемде-кем,
Егес болса қабақта.
Әншейінде әркім-ақ
Өтіп жүрер санаққа.
Баяны жоқ дүние-ай,
Бітсейші дәулет талапқа!
Жаманнан жолдас ертсөңіз,
Болмайды, сірә, амалы.
Басыңа мехнат-күш болар
Достай болған жаманы.
Ой жіберіп көрейін.
Көңілді қозғап шамалы.
Алдыымдағы жақсылар,
Осындай кезім келгенде,
Қожеке, сөйле дегенде,
Тартынбай айтып өлеңін,
Ақының әнге салады.

Жаман, жақсы Алланың
Болады ісі қалаған.
Дәулет кешіп біреуден,



Біреуге қонар жаңадан...
Асықпай-ақ жолығар.
Әркім асса шамадан.
Қарыздар болсаң жаманға,
Тар жерде алар жағадан.
Үәжге көнбес түсініп,
Көк сөзіне ісініп,
Құтырар иттей қабаған.



Жақсы адам қартайса

Жақсы адам қартайса,
Көңілінде хат болар.
Жаман адам қартайса,
Бықсып бір жанған шоқ болар.
Жақсы қария белгісі
Жанып бір түрған шам болар.
Жаман қария қартайса,
Қайрақ боп қалған сал болар.
Әдепті өскен бозбала
Ырғалып түрған тал болар,
Әдепсіз өскен бозбала
Жүрген жерің шар болар.
Жапанның бәрін болжайсың,
Төбенің шықсаң басына,
Басыңа дәулет келеді
Жақсының ерсен қасына,

Мезгілінде қонақтап,
Дәүлетсіз ұшқан қаршыға
Басыңа қыын іс түссе,
Немере, дос келмес қасыңа.
Заты жоқ жерден қыз алсан,
Перзентің толмас аршынға.
Дүниеге екі келмейді
Шапқанда атың қаншама.
Әркім болмақ ағайын
Қайнаған қазан, асына.
Өзіңе де сауда бар
Өлгенді көріп жасыма.
Сарқырап сулар сағадан,
Асыл сөз шығар данадан.
Жалған мақтанса сөз шығар,
Ақылы жарым шаладан.
Әркім-ақ тоқып өсер
Ата менен анадан.
Бұлбұл торғай жарасар
Сәпенде тұрып сайраған.
Шалшыққа біткен тал жаман,
Қайырсыз біткен мал жаман.
Ел қадірін ойламай,
Есіріктеген шал жаман.
Есіріктің белгісі
Дарияға есек жалдаған.
Орнына келмейді
Өтірік сөзді жалғаған.
Ақшасы көптер базардан.
Қымбат бұйым таңдаған.



Арзан бұйым паспаға
Қалімшіден қалмаған.
Баянды дәүлет сүре алмас,
Баласы тілін алмаған.
Өз күшіңе сенбесең
Көтерме көптің салмағын.
Балдақсыз сойыл басқа еңбек
Көтере шаршап қалмаған.
Ас қайырып болмаса,
Азар да болар жан-жағың.
Теңізіне малтығып,
Суына кетпе арманның.
Шешесі қызын мақтаса,
Оған, сірә, бармағын.
Женгесі, сірә, мақтаса,
Әжеп болар алмағың.
Жақсы болса алғаның,
Қоғамды болар жан-жағың.
Жаман болса алғаның,
Үйіңен кетпес жанжалың.
Бала-шаға, отаның
Орнаған бау-шаршағың.





ҚҰЛЫНШАҚ КЕМЕЛҰЛЫ

Енесі жүдеп, нашарлап,
Ертелеп туған төл ғаріп.
Ауадан жауын кем болса,
От шықпай қалса жер ғаріп.
Басшысы нашар жолығып,
Ынтымақ кетсе, ел ғаріп,
Кекала жылқы болмаса,
Бетегелі бел ғаріп,
Қаз-ұйрегі болмаса,
Айдыны шалқар көл ғаріп.
Қатарынан кем тартып,
Қуаты кеткен ер ғаріп.
Жастайыңнан көсілген,
Он саусақ ойнап секірген
Ақ домбыра сен ғаріп.
Өлеңдетіп, әндеткен,
Айналаны сәндеткен,
Уақытым кетсе мен ғаріп.





Әңгімесін естісең,
Жаһаннан асқан ұлама.
Қылған ісін байқасаң,
Батқандай белден күнәға.
Күндіз сопы болса да,
Бұзылар көңілі қонаға.
Арызға келген әйелден
Сұрайды шеттеп шола да.
Бұрынғыдан қалған сөз:
«Айтқаның қыл молданың,
Қылғанына жолама».





ҚҰЛТУМА САРМҰРАТҰЛЫ

Жаман туыс – бір масыл,
Арқалаған құммен тең.
Жақсылығың істеген
Елекке құйған сумен тең.
Келіннің зекіп айтқаны –
Езіп құйған умен тең.
Көңілсіз берген тамағы –
Құм аралас күлмен тең.
Жаман болса әйелің –
Көрген күнің түнмен тең.
Атадан жаман ұл туса –
Елестеген жынмен тең.



Жақсы болса әйелің –
Үйіндеңі ырысың.
Жақсы болса ұл балаң –
Қайрап қойған қылышың.
Жақсы болса келінің –
Басып қойған күрішің.
Жақсы болса қыз балаң –
Жайлы қоныс, тынысың.



МАРАБАЙ ҚҰЛЖАБАЙҰЛЫ

Сөйле дедің біздерге,
Біз сөйлейік сіздерге.
Кімдер бар да, кімдер жоқ,
Келесі наурыз, күздерге.
Қарағай басы құ болар,
Жау белгісі ту болар,
Ел ішінде жалғыздың
Көкірегі шер болар.
Атадан туған ұл болар,
Анадан туған қызы болар.
Су қатайса, мұз болар,
Жас өтіп, жылың құз болар.
Құз өткен соң не болар,
Аязды ақпан қысы болар,
Өткен өмір адамға
Үйқыда көрген түс болар.
Асып туған жақсының,
Ақыл-ойы кең болар.
Ел аузында сөз болар.
Атадан жаман туғанның,
Ақыл-ойы кем болар.
Сөз кезегін берген соң,
Сөйлеп өткен жән болар.
Жиналып бәрің келіпсің
Алқалаған әлеумет,
Жақсы көрген құрбының
Қуанышты тойына.
Той қызықты болады,



Ортасы толса ойынға.
Ойын түрі басталса,
Сый-сипаты тасталса,
Қыз бен жігіт қосылып,
Қоңырлатып ән салса.
Домбырадан күй төгіп,
Балаусадай балқытса,
Құйқылжытып қалқытса.
Той қызықты болады,
Табақ тартса сәнімен.
Өлең айтса келісер,
Тамылжыған әнімен...



ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ

Бұл дүниеде не жетім?
Кім қажетсіз – сол жетім.
Хакімі әділ болмаса,
Бұқара байтақ ел жетім.
Қаптап елі қонбаса,
Жайылған малы болмаса,
Көкорай шалғын балқашы,
Жеусіз тұрып сорласа,
Ел қонбаған жер жетім.
Ішсең суы жақпаса,
Адам менен мал түгіл,
Қаңғырған қарсақ татпаса,
Ащы дария, көл жетім.
Жетпістен жасы асқанда,
Сексенге аяқ басқанда,
Жастар елеп келмесе,
Келін сәлем бермесе,
Қайғысы келіп күніренген,
Күнінде асыл десең де,
Қартайған күнде ер жетім...
Қырға шықса белім деп,
Ойға түссе тізем деп,
Келіні менен балаға
Қонақ болған уақытта,
Басынан билік кеткен соң,
Кемпір менен шал жетім.



АБЫЗ

Ата-ананың қадірін,
Балалы болғанда білерсің.
Ағайынның қадірін
Жалалы болғанда білерсің,
Балалықтың қадірін.
Саналы болғанда білерсің.
Асыл менен жасықты,
Бағалы болғанда білерсің.

Бостандықтың қадірін
Жабылғанда білерсің.
Қалтаңдағы ақшаны
Қағылғанда білерсің.
Денсаулықтың қадірін
Ауырғанда білерсің.

Ақ бетіңің қадірін
Қан кеткенде білерсің.
Ақ білектің қадірін
Әл кеткенде білерсің.
Жиырма бестің қадірін
Жас өткенде білерсің.

Қара көздің қадірін
Нұр кеткенде білерсің.
Татулықтың қадірін
Дос кеткенде білерсің.
Аяқ-қолдың қадірін
Ақсағанда білерсің.



Отыз тістің қадірін
Қақсағанда білерсің.
Қызыл тілдің қадірін
Тоқтағанда білерсің.
Білгеніңді сөйлеп қал,
Білгендерден ғибрат ал!



ЖАНҚҰТТЫ

Бір сөз айтсаң жақсыға,
Аталы сөзге тоқтайды,
Бір сөз айтсаң жаманға,
Өмірінде ұқпайды.
Надандықтың белгісі,
Өзін-өзі мақтайды.
Көкірегі соқырға
Өмірде таң атпайды.
Шешеннің сөзі шын асыл,
Қап түбінде жатпайды.





Тон бітпеске тон бітсе,
Қағуменен тоздырар.
Жаман болса алғаны,
Бір жігітті аздырар.
Жақсыменен сөйлескен,
Құмарыңды қандырар.
Жаманменен сөйлессен,
Көнілінді қалдырар.
Кез болсаңыз суайтқа,
Өтірік айтып нандырар.
Өсекшімен сөйлессен,
Ұрмай-соқпай талдырар.
Жолдас болсаң сараңмен.
Жол үстінде қалдырар,
Жаман болса достарың,
Өзінді жауға алдырар.



Жаман болса жақын жау,
Шайпау болса қатын жау.
Шабан болса атың жау.
Тартыншақ болса түйең жау,
Тебеген болса биең жау.
Құнде келсе қүйеу жау,
Жымысқы болса жиен жау.
Тіл алмаса ұлың жау,
Арсыз болса қызың жау.



БАПАН ШЕШЕН

Жағалай елің қонбаса,
Суы тұщы болмаса,
Мал-жаннның бәрі сусындал,
Мейірі онан қанбаса,
Көл дегенің немене?!

Ыңтымақ-бірлік болмаса,
Елдікке мойын бүрмаса,
Үлкеннің айтқан сөздерін,
Кіші қолдап тұрмаса,
Ел дегенің немене?!

Еліне құрбан болмаса,
Абырой-бедел қонбаса,
Ағайын-туыс, ел-жұрты
Батырым-ау деп тұрмаса,
Ер дегенің немене?!

Шайырлы шөп болмаса,
Тұлігің шайлап толмаса,
Қатар өсіп мал мен бас,
Қуанып елің қонбаса,
Жер дегенің немене?!

Желге пана болмаса,
Қарды бәгеп тұрмаса,
Андары қойдай өрмейтін,
Қызығын адам көрмейтін,



Қадірі жоқ қырқалы
Бел дегенің немене?!

Адал жүрек болмаса,
Сөзіне опа қылмаса,
Тұзулікті бұрмалап,
Өтірікті шындаса,
Кең дегенің немене?!

Атан түйе атамай,
Ат-айғырды матамай,
Шын икемге келмесен,
Тұзу жәнді білмесен,
Төл дегенің немене?!

Арыңды сатпа, малың сат,
Жалған айтып, болма шат,
Жалған айтып жандассан,
Жүргегінде қалар дат.

Тегінде жәнді білерсің,
Тұзулікке келерсің.
Бекер айтты деп журме,
Түбінде бір сенерсің!



ШАҒЫРАЙ ШЕШЕН

Өзін ғана ойлаған
Жамандықтың белгісі.

Өзгені де ойлаған
Адамдықтың белгісі.

Үлгілі сөз білмеген,
Надандықтың белгісі.

Бар-жоғына қарамас,
Анық жомарт ер кісі.

Өз үйінде салғыртсу,
Сараңдықтың белгісі.



Атаң болса анаңмен,
Алтыннан соққан қорғаның.
Ағаң болса ақылды,
Ешкімнен кем болмадың.

Інің болса жанашыр,
Семсер-қылыш білегін.
Ақылды қыз, ақылды ұл,
Өкпе-бауыр, жүргегін.

Жақсы болса жұбайың,
Жанып тұрған шырағың.



Жайлауында дүниенің
Жақсы қоныс – тұрағың.

Жаман болса туысың,
Арқалаған құммен тең.
Жақсылығың істеген
Елекке құйған сумен тең.

Келіннің зекіп сөккені,
Езіп берген умен тең.
Көңілсіз берген тамағы
Құл аралас құммен тең.

Жаман болса жұбайың,
Көрген күнің тұнмен тең.
Ақылсыз бала алдында
Көрініп тұрған жынмен тең...



БАРМАҚ

Ойласаңыз жігіттер,
Әуел бұрын не жаман?
Қайғысы қатты жау жаман.
Асылық ерден асқаны,
Жаңылса жазып тәубәдан.
Ұят күшті өлімнен,
Ерге намыс – ар жаман.

Екіншіден не жаман?
Қайғылы көңіл шер жаман.
Арам бейнет тер жаман.
Жыртылған жаға, жең жаман.

Үшіншіден не жаман?
Үлгісіз пішken тон жаман.
Кесе болып көлденен,
Аяқта түскен тор жаман.

Төртіншіден не жаман?
Керекті нәрсе жоқ жаман.
Жоқпын деме дүниеде,
Болмасын анық қор жаман.
Шын жоқтықтың белгісі,
Еш нәрсеге жете алмай,
Маңдайы қалың сорлаған.

Бесіншіден не жаман?
Белбеусіз болса бел жаман.

Жұмысы бітпес сары ойлы,
«Кері кеткен іс» дер жаман.

Алтыншыдан не жаман?
Боламын деп болмаған,
Толамын деп толмаған,
Ардақтаған аруың,
Ақырып қалса, сол жаман.

Денің аман-сау болмай,
Таршылық болса кең заман,
Үзілмеген кесел-дерт,
Дүниедегі ең жаман.

Жетіншіден не жаман?
Жүреін десе, жүре алмай,
Тұрайын десе, тұра алмай,
Іsten қалса дүниеде,
Бұл өліммен тең жаман.

Сегізіншіден не жаман?
Серке санды ат мініп,
Сергелдең болса ер жаман.

Тоғызыншыдан не жаман?
Тоқсанға келген қарт бабан,
Еңкейіп орақ ора алмай,
Тоңқайып масақ тере алмай,
Істен қалса дүниеде.
Бұдан жаман болмаған.



Оныншыдан не жаман?
Әуелеп үшқан құр жаман.
Жылқы ішінде сұр жаман.

Екі жақсы қайда бар,
Қайда болса қосылар,
Бір жақсыға бір жаман,
Баласын мақтар қас надан.

Алыстағы дүшпеннан,
Жақындағы дос жаман.
Туралап келген ажалдан,
Жағаңнан алған борыш жаман.

Ойласаңыз жақсылар,
Нәмәрт қандай, мәрт қандай?
Затсыз қандай, зат қандай?
Білімсізге айтқан сөз,
Айдалаға кетеді,
Құлағынан аққандай,
Мақтағаның жаманды,
Жабу жауып сиырға,
Қоңырау байлап таққандай.

Жақсының сөзі сап алтын,
Жүргегіне май жаққандай.
Наданның сөзі адамға,
Тиеді шаян шаққандай...

Жақсыменен сөйлессен,
Жаның дауа тапқандай,



Ісің түссе ондайға,
Орындарар мақтанбай.

Көңілің өсер рauшан боп,
Ағарып таң атқандай.
Жақсы менен жаманның
Арасы жер мен аспандай.

Түсіне білер кісіге,
Бір ауыз айтқан сөзімнің
Ауырлығы батпандай.

Екіншіден ойласаң,
Жақын қандай, жат қандай?
Барлық қандай, жоқ қандай?
Сәулесі түскен әлемге,
Жарықшылық күн қандай?
Қараңғылық тұн қандай?
Адамға жақын әм сая,
Қанат-құйрық, жал қандай?
Жатты – жақын, жауды – ел,
Қылатұғын жан сая,
Жүйрік шешен тіл қандай?
Жақсы ойменен жалғасып,
Ашылған көңіл, үн қандай?
Жаманмен сөз салғасып,
Көңілдің гүлі сынғандай.
Біраз ғана сөйледім,
Насихат тыңдар ер болса,
Ғибрат үғып алғандай.

АҚАҢ СЕРІ

Жастық шақтар

Тұған соң анаңыздан шықсан әйде,
Еңбектеп екі жаста жүрдің төрде.
Үш жаста талпындыңыз үй ішінде,
Төрт жаста қадам басып жүрдің жерде.

Бес өтіп сонда шықтың алты жасқа,
Лайық баққа біткен қиғаш қасқа.
Жетіде талпындыңыз жүйрік аттай,
Сегізде үкілі шоқты тақтың басқа.

Тоғызда толықсызың туған айдай,
Ләзәтті сөзің тәтті шекер балдай.
Оныңда сан құрбынан озып шығып,
Он бірде жайтаңдайсың тұрымтайдай.

Он екіде екпіндердің жүйрік аттай,
Он үште еш нәрсеге жүрдің батпай.
Он төртте алтын тудай айқындалып,
Әлемге мәшһүр болдың жазған хаттай.

Он бес пен он алтыға бастың аяқ,
Он жеті о да түр ғой жақын таяп.
Уа, шіркін, қыздың күні он сегіз ғой,
Жанымды қияр едім аямай-ақ.

Он тоғыз, жиырмаға бастың қадам,
Күн шалар көкорай басын құзге таман,



Жиырма бір – жиырма екі қалса кейін,
Ілгері сол жасыңдан үшпас бағаң.

Келетін мұнан соңғы жиырма үш,
Жиырма төрт қалса кейін ол бір тыныс.
Немене, айтып-айтпай пани жалған,
Артында қала берсе жиырма бес.

Құтқармай жиырма алты о да келер,
Кемуге күн-күн сайын пенде күтер.
Құрысын жиырма жеті, жиырма сегіз,
Жүйрік ат одан асса табады өнер.

Жиырма тоғыз, отыз о да жаман,
Келмейді қайта айналып өткен заман.
Қызықты жас күндерді айтып өттім,
Аяғы осыменен болсын тамам.



Қыз сипаты

Бірінші – бір қыз келер ақша маңдай,
Жамағат – үлкен-кіші мақтағандай.
Анадан туғаннан-ақ болып дана,
Әлінше жақсыларды жақтағандай.

Құрбысын жауға бермес ол шаһыбаз,
Жолдасын сары алтындаі сақтағандай.
Жүреді теңін тауып ойнап-куліп,
Сыны жоқ жұмысының ақтағандай.



Екінші – бір қыз келер тілі жорға,
Ұқсаған ұжмақтағы бейне хорға.
Ажары, ақша беті сағымданып,
Жарасар құлағына алтын сырға.

Үшінші – бір қыз келер қара шашты,
Күлім көз, оймақ ауыз, қиғаш қасты.
Шомылған айдын көлдің аққуындай,
Отыраар ағажан деп кәрі-жасты.

Төртінші – бір қыз келер қара торы,
Бұлғақтар шекесінде таққан шоғы.
Өз ісін өзі білмей жүртқа күлер,
Білініп жүрсе-дағы нәзік жолы.

Бесінші – бір қыз келер сұрша жайдак,
Отыраар тәуекелге белін байлап.
Көңілі жас-кәріні бірдей көріп,
Нәпсіні семіртеді майдай шайнап.

Алтыншы – бір қыз келер толық сары,
Бойына тең келмейді жанның бәрі.
Лайықты өзіне тең таппаған соң,
Кетпейді көкіректен қайғы-зары.

Жетінші – бір қыз келер алым-салым,
Болғанда мойны қысқа, шашы қалың.
Әрқашан осындейға кез келеді,
Қашаннан арылмаған соры қалың.

Әйелдер сипаты

Ақыл – шам, керек оған, май мен білте,
Сасарсың кеш боп қалса, егер ерте.
Кеш болмай құн бұрыннан жабдық сайлап,
Қолыңа түсіре бер бірте-бірте.

Кім мінер, ел көшкенде тауып атын,
Адам көп танитұғын әйел затын.
Дүниенің тұрақтайтын тұрағы екен,
Гүл жүзді, сырлы сөзді жақсы қатын.

Белгілі үрғашының бізге жайы,
Бұл құнде мал боп түр ғой қыздың байы.
Әйелдің ақылдысы қолға түссе,
Адамның барып түрған ақ манғайы.

Бұлттан шыққан құндей көрсөң жүзін,
Сөйлесер әрбір түрлі күймен сөзін.
Толғанып оқ жыландаі толықсыса,
Ешкімге білдірмейді басқан ізін.

Ал сонда түгел болар ажар, көрік,
Мінезі ажарына болар серік.
Алыстан мекеніне лебі тартып,
Боп кетер қызыққандар оған жерік.

Әйелді сыйлау керек ескеріп біз,
Оларға айту керек орынды сөз.



Жақсы әйелге көз салып бір қарасаң,
Алып кете жаздайды қиғаштап көз.

Ішпей, жемей тойғызып түріменен,
Көрінгенге бәстес қып өзіменен,
Шығып кете жаздайды денеңнен жан,
Көзінің қойса қарап қырыменен.

Танымыз осылайша әйел жұзін,
Мінезін, ақыл, көрік, бал мінезін.
Айтуға үшіншіні жаңа келдік,
Ақ мамық үлпілдеген бота көзім.

Іс болар, басқа түскен бүл бір сарсан,
Жаманнан құтылмассың қайда барсаң.
Төртінші бір әйел бар көңіл ашар,
Ал қызыл, ақ сұлудан келін алсаң.

Қол жетпес сермегенмен көктегі айға,
Дерт екен, бірдей келген жарлы, байға.
Жолама шамаң келсе бесіншіге,
Жай-жайма – жайма төсек жер алмай ма?

Сияды қанша болса жіп үршыққа,
Ілінсөң шыға алмассың бір қырсыққа.
Одан да артын біліп ойланыңыз,
Сары әйел сыртылдаған ол пысық па?

Шошытар иманыңды кейбір жауыз,
Дәні жоқ бәрі қайтып болар қауыз.



Дұшпаның, досың түгіл, кез келсе де,
Қабатын ит секілді қырсық ауыз.

Тай ойнап, тақыр жерге жылқы жусар,
Не жесе ит баласы соны құсар.
Өлікті бір аманат сақтағандай,
Тұнжырға, тұйықтыққа болма душар.

Үй ішін жаман әйел тұмандатар,
Домалап әрбір жерде құман жатар.
Тазалық бұл әйелде болмаған соң
Күнәға жігіт адам содан батар.

Көйлегі кір болады май-май ғана,
Ұрысар байыменен таймай ғана.
Сыртына шөмішінің балшық жағып,
Салады қазанына шаймай ғана.

Ойламай ол байының ата-тегін,
Сонымен қатын алар ерден кегін.
Үстіне киім кисең жыртасың деп,
Бермейді тағы жамап етек-женін.



Жігіт сипаты

Жігіт боп гауһар тастай асыл болса,
Әлсізге жаны кілең ашыр болса.
Әрқашан жігіт сондай тәуір болмас,
Не пайды шүберектей жасыл болса.
Көзі де, көңілі де соқыр қараңғының
Несі адам түк білмейтін масыл болса.

Наркескен қайырылмайтын қылыш болса,
Мінезі, ақыл, өнері дұрыс болса.
Бір сырлы, сегіз қырлы болса жігіт,
Жорғадай тілі майда жүріс болса.
Ақылды, сабырлы ер деп соны айтамыз,
Еткені берекелі жұмыс болса.
Бұл айтқан ақылымда жалған бар ма?
Көріндер миға салып бұрыс болса.

Бозбала шамшырақтай фанар болса,
Ішінде қалың топтың жанар болса.
Ақиқат адамдықтың белгісі сол,
Су берсен, балдай көріп қанар болса.
Ақылсыз кейбіреудің мінезі сол,
Бір сөзді екі қылыш жамар болса,
Бұл саған айтқан, досым, өснегім,
Жүре бер тыңдамай-ақ залал болса.



Достарыма

Жиырма бестен артық жас бар ма?
Ұйқыдан жаман қас бар ма?
Еріншектен жаман нас бар ма?
Ойланңдаршы, ағалар,
Шын жарыңнан артық дос бар ма?
Шын жолдасың ондайда
Жауға сені тастар ма?
Айта салған бір сырым,
Бірге жүрген достарға.



Жігіттерге

Бір дауа бір тарқасын арман-дертім,
Қалдырыдым жігіттерге сөздің артын.
Жақсыға жасын сынап, ашық айтып,
Байлайық тиянаққа істің шартын.

Бұларға үлгі берген өзі сауап,
Қымбаттың арзан менен білер нарқын.
Көлденең көмейіме сөзім тоқтап,
Басылған талай жаннан біздің қарқын.

Осындай сөз айтты деп біреуге айтып,
Шығарар оқығандар сөздің дәрпін.
Берерге ғылым жазып адам керек,
Біреу – мыс, біреу – қола, біреу – алтын.



Маңызын салмақтаған ар табылса,
Айтылмай неге қалсын менің атым.
Дана, надан – мағынасы екі түрлі,
Сарғайып сана, жүрек болар салқын.

Оқушым, айтушыдан болсын зият,
Ақыл менен ғылымның білсін парқын.
Астан жілік тістейсің, тойдан ілік,
Шарапатты жақсымен жүрсең жақын.

Сырлы сөз бен үлгілі жауап айтпай,
Надандар қай сезіммен болар ақын?
Мағынасы жолдастықтың қын жатыр,
Ойласаң әуел бұрын құрбы хәқын.

Шын жолдасың сыпайы сырттан мақтар,
Әуелі шын сырласың ішін ақтар.
Көзің жоқта сыртыңнан көмек болып,
Біреуге жамандауға ұят сақтар.

Оқуға жиһат қылған жігіттерге,
Азғантай мен жазайын ақыл дәптер.
Ұмытар жақсылығын ерден көрген,
Әрқашан жаман жолдас бастан аттар...

Құл болмас, құны кетпес кішіліктен,
Білімді терең ойлап сөзін саптар.
Ал енді қандай жанда тиянақ бар?
Ойласам, білген адам соны жақтар.



Бір дүшпан көре алмаған жамандаса,
Жете алса, жақсы жолдас сөзін ақтар.
Сыр шашпас жақсы жолдас таза жүріп,
Қайғына ортақ болар мойнын бұрып.

Тастамас жау қолына қысылғанда,
Өзіңмен жанған отқа бірге кіріп.
Шырқырап шыбын жанын бірге салар,
Мойнына бір дүшпаннан түссе құрық.

Айнымас, кетпес толқып, жаннан қорқып,
Бәйгеге басын тігіп қалар тұрып.
Құзырға қырық кісінің бірі жарап,
Біткен жоқ қой жақсы адам елден құрып.

Адамға мал мен мансап жолдас емес,
Байлықпен шайқап төгіп, ішсен үріп,
Қазына басқан байлық арылғанда,
Алғандай қолдың кірін сумен жуып...

Жамандық жақсылыққа бірдей болып,
Жолдасың іші-тыстан болсын жуық.
Шын жүрек, таза тілек табылмайды,
Болмасын сырты құлкі, іші құлық.

Құдайдың бүйіртпаған нәрсесіне,
Кіріптар боп жүреді адам мұңлық.
Болмайтын өзі жалтақ, сөзі өсек,
Дос қайда айырылмastaй тап мың жылдық...

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Әй, жігіттер

Әй, жігіттер, үлгі алмаңыз
Азған елдің ішінен.
Алыс-алыс қашыңыздар
Зияндасты кісіден.
Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар,
Өзі болған ерлердің
Аяғынан алмаңыздар.
Әр елге, әр жұртқа алтын сақа табылmas.
Бас ауырса бақсыларды
Алып келіп бақтырарсың.
Жазықсыз жануарды сойып,
Өкпеменен қақтырарсың.
Жын-бәлекет қашады деп,
Тұмар алып тақтырарсың.
Білмес надан еткен істен
Ешбір қайыр табылmas.
Алған жарың жаман болса,
Бір тәңірге көп налырсың.
Жарым сондай болса еken деп,
Көрінгенге көз саларсың.
Әзелде маңдайыңа нені жазса соны аларсың.
Бәріңізге қасы қара, қызыл жұзді табылmas.
Қатының өлсе қарс ұрып қаларсың,
Аны-мұны қармалап.



Және біреуді аларсың,
Бір кеткен соң қамқор әке-шешен табылмас.



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсан, арқалан.
Сен де – бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға.
Әділет, шапқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа,
Алдың – жалын, артың – мұз,
Барап едің қай жаққа?

Пайданы көрсөң бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.
Мініңді ұрлап жасырып,
Майданға түспей бәйге алма.

Өзіңде бармен көзге ұрып,
Артылам деме өзгеден.



Күндестігін қоздырып,
Азапқа қалма езбеден.

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегін кетпес далаға.
Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға.



Жастықтың оты жалынdap,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арынdap,
Әр қыынға салған шақ.
Уайым – аз, үміт – көп,
Ет ауырмас бейнетке,
Бүгін-ертең жетем деп,
Көнілге алған дәuletке.

Қайратпен кіріп, жалынбай,
Ақылмен тауып айласын,
«Мен қалайға?» салынбай,
Жылы жұзбен жайнасын.

Қайратқа сеніп қақтықпай,
Жазасын тауып жауласар.
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса жарасар.



Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы көрі дүниенің
Бір кетігін ұстап бақ.

Құйрығы шаян, беті адам,
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам,
Кез болар қайда сорлыға.

Досыңа достық – қарыз іс,
Дүшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі – өкініш,
Ойланып алмақ – сабыр сол.

Ақ көңілді жақсыдан,
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, ары тапшыдан
Қу сөзін алма қолқаға.

Сұм-сүрқия қу заман,
Гүл көрінер жігітке –
Қызықты өмір жайнаған,
Кеудесі толып үмітке.

Бір нәрсені ұнатса,
Қайта ойланып қарамас.
Мақтанып жүртты шулатса,
Құмары сол – қызба бас.



Сенісерге келгенде
Сене берер талғамай.
Жұрты құрғыр сенгішке
Тұра ма құлыш, жалғамай?

Ары кеткен алдағыш,
Мені-ақ алда, сөкпейін.
Балы тамған жас қамыс
Ормасаңшы көктейін!
Сені жақсы көрмесе,
Сенер ме еді сөзіңе?
«Япирма-ай!..» деп терлесе,
Ар емес пе өзіңе?



ШӘҢГЕРЕЙ БӨКЕЕВ

Жігіттің болса алған жақсы жары,
Сен болсаң бір Аллаға еткен зары.
Баладай риясыз еркелеген,
Сен болсаң тағы сонда ынтызары.
Құлқынға құмарланып құшқанында
Шайқалып тұрса алтын сырғалары...
Қамшаты барқыт төбе қырын киген
Қадалса империал һәм динары.
Ақылы жамалына болса лайық,
Жігіттің сол емес пе жан дидары?
Көлдерге ат ойнатып, құс шүйгенде,
Адамның болса әзілдес құрбылары.
Болғанда жарың сондай, құрбың мұндай,
Бозбала, деп біліңіз бағың бары.
Делбеймін көңілімді жалғыздықтан
Бір хақ деп қашаннан да жалғыз жары.



АҚТӘН КЕРЕЙҰЛЫ

Біріншіден не жаман?
Білімсіз болған үл жаман.

Екіншіден не жаман?
Ананың тілін алмаған,
Қасарысқан қызы жаман.

Үшіншіден не жаман?
Үш жерінен буғызып,
Көрге салған сол жаман.

Төртіншіден не жаман?
Төресін әділ берметен.

Бесіншіден не жаман?
Парақор болған би жаман.

Алтыншыдан не жаман?
Алғашқы алған әйелің
Көп ішінде күңкілдеп,
Тіл алмаған сол жаман.

Жетіншіден не жаман?
Жеткіншектеп оқ тиіп,
Жетпей қалсаң сол жаман.

Сегізіншіден не жаман?
Серке санды ат мініп,
Сергелден болған жол жаман.



Тоғызыншыдан не жаман?
Торғайдай болған бір басың,
Топқа түскен сол жаман.

Оныншыдан не жаман?
Оймақ ауыз, қиғаш қас,
Бір перзенттің жоғынан,
Мұндық болған сол жаман.



Мамығын төгіп қаз бен қу,
Көлге мекен ете алмас.
Ақсүңқар құстың зарпынан,
Азамат ердің баласы,
Пәмді¹ басын ете алмас,
Шетке кетсе халқынан.
Ер жігіт шауып шеп бүзбас,
Айқайлап ұран шаппаса,
Аламаны шулап артынан.
Шешендер сөйлеп топ жарып,
Сары бір қолдан самсынан.
Жақсылық алар әркімдер
Жауаптың келген парқынан.
Келтірер ұят бетіне,
Сөйлесе күмән балшыдан².

¹ Пәмді – бүл жерде қадірлі, құрметті деген сөз.

² Балшы – жалған, өтірік.

Адал жүріп, шын сейле,
Асығың түсер алшыдан.
Мақтағанмен аса алмас.
Кем болса қатар, шарқынан,
Сұрағанмен алмассың,
Көп қазғанмен қанбассың,
Қайырсыз сараң таңқыдан.
Мәжіліске келген соң,
Тәңірім жел сөз берген соң,
Тартпайым басым шаршыдан.

Бұл мәжіліс белгісі,
Жиналып басың құралмақ,
Батырлықтың белгісі,
Жауға шапқан ұрандап.
Палуандықтың белгісі,
Алқаға түсіп сыбанбақ.
Шешендейкің белгісі,
Халық жиналған алқада,
Дұрыстап жауап шығармақ.
Жүйріктіктің белгісі,
Бәйгеге қосқан тұмарлап.
Жігіттіктің белгісі,
Бедеу мініп астына,
Жиынға түскен бұланғадап.
Сұлулықтың белгісі,
Жұрт жиналған алқада,
Көрініске шыққан қыланғадап.
Кәріліктің белгісі,
Көңілдің қошы келмеген.

Жарлылықтың белгісі,
Жанын қинап өлмеген.

Жалғыздықтың белгісі,
Өзіне-өзі сенбеген.
Палуандықтың белгісі,
Өнермен өрге өрлеген,
Сақылықтың белгісі,
Халықтың қамын көздеген,
Әкімдіктің белгісі.
Тентекті жиып жөндеген,
Қаттылықтың белгісі,
Халықтың көңілін көрмеген.
Жамандықтың белгісі,
Қаумаға басы енбекен.
Төреліктің белгісі,
Аяғын басып жүрмеген.
Сұлулықтың белгісі,
Көргендер аңсап шөлдеген.
Жігіттіктің белгісі,
Мезгілсіз жүрген көлденең,
Екі талай болғанда,
Айқын жүйрік терлекен.
Кейбір жаман жыршылар.
Әншейінде ақтарып,
Сатып жүр жырын теңгеден.
Менің сөзім аяусыз,
Аға менен жеңгеден.
Құлақ қойып тыңдасан,
Зейін қойып танбасаң,



Менің сөзім, қошемет,
Көнілінді делбеген.
Билік пenen жыр басқа,
Өнердің түрі әр басқа,
Ортаға сөзді салайын,
Сағыңыз бізден сынбасқа.
Жігіттің қайтар базары,
Өнерін білген бұлданып,
Шығарып тұрса қымбатқа,
Арзан сөзден ала бер,
Дүния, шіркін жолдас па?!

Мысал етіп толғайын,
Жаманға айтсаң бір сөзді,
Келмейді сөзің татымға.
Жақсылығың жамандық,
Үлкейіп шығады басымға...
Жақсы сөзбен жай айтып,
Мейманды үйден қашырма.
Сөйлес десе қонағың
Үйде отырып айқайлап,
Не сұрайсың? – айтынба.
Барым, – деп берсең ол қонақ,
Риза болад шай-суға.

Тұсінгенге сөздерім,
Құлағыңа хат болар.
Тұсінбейтін жаманға,
Мал қимайтын сараңға,
Айтқаның мен айтпаған,
Бәрі бірдей сап болар.



Кейбір, кейбір жамандар,
Мал қимайтын сараңдар,
Жыршыменен қас болар.
Зәресі шығып жыршыдан,
Үндеместен тас болар.
Ақ, қараны айырган,
Қағазға жазған хат болар.
Шешендерді сынаған,
Тізелескен дау болар.
Ер жігітті сынаған,
Қарсы шапқан жау болар.

Кейбір, кейбір жамандар
Тақылдатар таңдайын,
Қыламын деп мал жайын.
Қайдан білсін о қонақ
Ол кісінің қандайын.
Ер жігітті білгесін,
Көп дәметер сауыр деп.
Қонақ іздеп қонады,
Аты шыққан ауыл деп.
Көп аралап жүргесін,
Сол мінезді білгесін,
Сүйкенбейтін әркімге,
Қарап жүрген тәуір деп.





Аққулар көркем көрінер,
Айдын шалқар көлдегі.
Құралайдың балдары,
Бұл да көркем көрінер.
Орғып қашқан шөлдегі.
Қатарланған қалың көш,
Бұл да көркем көрінер,
Сағым шалған белдегі.
Қыз, жігіт көркем көрінер,
Қалың дара елдегі.
Аруанадан туған кез өркеш,
Бұл да көркем көрінер
Айт-айт деген жердегі.

Қыз бала көркем көрінер,
Беттегі нұрлы қанменен...
Еділ көркем көрінер,
Жағалай біткен талменен.
Арғымақ көркем көрінер,
Өкпе, бауыр, жалменен.
Жиналып келген көпшілік,
Аз айтты деп сөкпендер,
Еркінше даусым шықпады,
Осылай айттым жайменен.





Бекен тонын жамылса,
Кекірегі қабынса,
Теріс қабаққа бағынса,
Ажалы жеткен майталман,
Көп ұзамай табылса,
Бұл – сүр мергеннің реті.
Ер жігіт елін меңгерсе,
Жетімдерге жем берсе,
Жесірлерге жер берсе,
Алдында тентек жөнделсе,
Әділдігін ел көрсе,
Бұл – азаматтың реті.



Аяғына қан түссе,
Айырылар жүйрік ағыннан.
Тұрасынан мертілсе,
Тұлпар қалар қарғыннан.
Көтермешің болмаса,
Топта туың жығылған.
Көмекшің болмаса,
Бәйгеден атың қалынған.
Айдын көлден сән кетер,
Айырылса қу мен қазынан.
Аспанның нұры тамбаса,
Көл қалады шабыннан.

Қонысына бақпаса,
Аруана қалар сауыннан.



Денеден артық жүк артса,
Нар да қашар ауырдан.
Бағым болып қолға өссе,
Нәндік қалар аюдан.
Парақор болып құнықса,
Әділдік қалар ханынан.
Оғыда байлап сенбеніз,
Торығар көнілің залымнан.
Жасы жетіп мендесе,
Ер айырылар қарудан.
Сәні болмас бұлбұлдың
Саясыз жерге саз үрған.



Қаумалап халқым келген соң,
Селдетпей топан жел сөзді,
Көрінбейін бекер жек.
Таңдайына татымас,
Абыл менен Нұрымнан,
Дәніккен жұртым секер жеп.





Азғын тартар қаз бен қу,
Суалса айдын көлдері,
Өзеннің бойы құлазыр,
Жайлаған кетсе елдері.
Тиянақ кетер дариядан,
Бұзылса шалқып сендері.
Дарияға кеме жүзе алмас,
Құрсаулы кетсе шеңбері.
Айдынды туған ер жігіт,
Кемшілік табар майданда,
Семсері кетсе белдегі.
Нұрқасым, Қорек заманда,
Ниеті таза, көңілі хат,
Жаралған абзал пенде еді.
Айран болады еken ақылың
Қолыңдан кетсе сенгенің.



ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

Артықша туған азамат

Жігіттікің кезінде
Жігерлі болса, ер болар.
Тұрмаса жігіт сөзінде,
Нәсілі оның кем болар,
Қажырлы болса майданда,
Халыққа сөзі ем болар.
Ел үшін туған ерлердің
Алды-арты дария кең болар.
Бірлігі кетсе ағайын
Әркімдерге жем болар.
Білімсіз болса жолдасың
Қылған қайырың сел болар.
Артықша туған азамат
Халыққа үлкен бел болар.
Серт адамды байлайды,
Ер жігіт серттен таймайды.
Өршеленген кезеңде
Өлімді кім ойлады.
Жігері болса жігіттің,
Орындармай қоймайды.
Атқан оқтан қайтпайтын,
Өтірік сөз айтпайтын,
Кезеңді жерде кез келіп,
Қорқып тізгін тартпайтын,
Батыр Қараш, Сауырық,
Шапырашты Өтеген –



Батырлардың еңбегі
Таныс маған ертеден.
Жамбылдың да серті бар,
Әділдік көрмей өмірден,
Жүргегінде дерті бар.
Ішіне Жамбыл түскен дерт –
Зұлымның салған өрті бар.
Қырандай Жамбыл қалқыса,
Өзі салған өрт жалын,
Зұлымға қарай шалқыса,
Елдің серті – ер серті,
Дүшпанның басын шарпыса!



Ой-хой, дүние-серуен!
Адам бір көшкен керуен.
Дүниені қызық қалдырып,
Асамыз өмір белінен.
Кірсе, лебіз. Шықса жоқ,
Қайіп етіндер өлімнен.
Қылышибайдан таралып,
Сөз нұсқасы келінген.
Дос-жаранға, кемтарға,
Қайырлы бол делінген!
Қылған қайыр болмаса,
Не әкетесің өмірден?



Елімнің қыздарына

Танадай көзі жайнаған,
Талпынса қанат талмаған
Қуанышты қыздарым
Беті қызыл алмадан.

Алтын кірпік, ай қабак,
Жамалы жарқын, айнадан.
Жүргегі қызыл Кремль
Жұлдызындаі ойнаған,
Көкте болса, көгінде.
Жерде болса, жерінде,
Қолға алғанын қопарып
Құлшына жеңбей қоймаған.

Алатаудың бақытты
Бұлбұлындаі сайраған.
Бақ дарыған Отанның
Қыздарым менің жайнаған.

Қартайған Жамбыл атаңың
Қыздарындаі жасарған,
Жыры бар сізге арнаған,
Сол жырды енді айтамын,
Қыздарымды көргенде,
Көрген сайын жасарам.

Сендермен бірге жүргенде,
Төбем көкке тиеді.



Куана сіздер күлгенде,
Бірің – білгір оқушы,
Бірің – доктор, кейбірің –
Далада алтын колхозшы,
Соны көріп қуанад
Тоқсанға Жамбыл жеткенде;
Құлшынбай Жамбыл не қылсын!
Тоқсан жасты бүркіттей.

Бүріп тастап жеңгенде,
Көлде жүзген аққудай
Қызыымды да өсірген,
Шахтаның тасын уатқандай
Ұлымды да өсірген.



НҰРЖАН НАУШАБАЕВ

Хұрметлу зайды ғұмырдан –
Ұйқыда көрген түс артық.
Тар жерде, тайғақ кешуде,
Ерлердің қылған құші артық
Құ қанжыға жүйріктің,
Топырыштан несі артық,
Көктемесе жаңбыр боп,
Қайырсыз жаздан қыс артық.
Тобылғылы шұбардан
Панаңыз таудың несі артық?
Қадір білмес туғаннан
Құныңды білген дос артық.
Дүниеге қару қылмайтын,
Қартайған шалдан жас артық.
Ауру үшін жан қиған
Туысы жақсы бас артық.
Білмей шалқып сөйлеуден
Сөйлемей тұру бес артық.
Білмегенге бағасын
Алтыннан да мыс артық.
Бұл опасыз дүниеде
Болмайды деуге осы артық.
Аталы болған жаманнан,
Өзі болған тең артық.
Кейінге үлгі қалдырған
Шешендердің тілі артық,
Әрбір істің қалпына,
Аңғырттықтан еп артық.

Өсиеттер

Шаппайтын алмас қылыштан
Қолдағы қамшың көп артық.
Суы аңзы теңізден
Томар да болса көл артық.
Арық малдың етінен
Бір тостаған сөк артық.

Сайран етіп жүргуге
Қараңғы түннен күн артық.
Қара озып кеткен шешен жоқ
Өзімнен озып көп артық.
Шамалы жерге талықпан,
Салсақ да ауыр жүк артық.
Мағынасын біліп түсінген,
Сейлейді демес неге артық.
Таразы махшар күйінде
Алла білер кім артық.

Күні суық зымыстан
Қаһарлы қыстан жаз артық.
Көз жұмып күш еткеннен,
Базына қылған наз артық.
Шақ көрсетпес жүйрік жоқ,
Қара озып кеткен, оза артық.
Он ұл туса біреуден
Бірінен-бірі жүз артық.
Бағасынша өзінің
Қалайыдан жез артық.
Ойға салсан Нұржанның
Көп ақыннан сөзі артық.



Бейғамал¹ жеңіл көңілден
Сабыр еткен ой артық.
Кішілік жоқ ақылға,
Керек емес бой артық.
Ән құралың сай болсын.
Шамаң келсе, жи артық.
Жаныңа жаны қосылған
Досқа болмас сый артық.
Жәүһарыңды мыс қылмай,
Сақтауға керек ми артық.
Тыңдаши, ей, даналар,
Бұл сөзімді біл артық.
Неше топқа салғанда
Мұдірмей кеткен тіл артық.
Жиренше сыңды шешеннен
Осы күнде кім артық?

Қызыл гүлің солмай тұрып,
Ер жігітке тәубә артық.
Фазиз жаның тілейді
Қастеліктен сауды артық...
Қызығып қақпан басарсың,
Достан көрсөң жауды артық.

Бейасылдан асыл артық,
Нәсілсізден нәсіл артық,
Дос көнілін жарагап,
Іс қылмайды асып артық,
Кір жүқтүрмай бойына,
Сақтап жүрер басын артық...

¹ Бейғамал – амалсыз

Леп үрған кейбір жігітке

Атқа мінсең наз бедеу,
Қапалы қөңіл ашылар.
Кем болмаса тумысың,
Қатарға басың қосылар.
Әдеп, ақыл, білімді
Үйрене ешкім тумайды.
Көруменен ысылар.
Ілгері тәңірі бастырса,
Өнерін күн-түн асырап,
Бақ қалаған жігітке
Таңдап мінсең бедеу ат
Көңілдің құбі шешілер.
Бекзаданың белгісі –
Ашу болмас бойында,
Жібектейін есілер,
Жамандардың қалыбы
Кемдік беріп талапқа,
Көңіл зауқын ұшырап,
Сыр сақтамас ішіне,
Көрінгенді дос көріп
Басына елді көшірер
Һауи мисыз жігіттер.
Ертеңнен кешке шапсан да
Шабысын тұлпар танбайды,
Мәрт жігіттің белгісі –
Бір қалыбын өзгертіп,
Женіл сөзге азбайды.
Нәмәрттердің ісі бұл –



Білмеген ісін білем деп,
Өзінің сөзін дұрыстап,
Қыңырайып болмайды.
Міңгіре еткен қызметің
Тек қана жолы болған соң
Бір тыынға тұрмайды,
Заман ауып мүбәдә
Қолынан бір іс келсе егер
Ешкімге мойнын бұрмайды.



Қатын үш түрлі

Бір қатын сыйлаумен қатын,
Бір қатын қинаумен қатын.
Нағыз қатын, сол қатын –
хәр нәрсені ойлаумен қатын.

Қатының жақсы болса
Көңілді жықпас.
Ыңғайың біліп,
Сөзіңнен шықпас.
Ақымағына жолықсан,
Өз бойына мін тақпас.
Жұмсақ сөйлесен, жеңемін деп
Мылтық жасап атсаң да бұқпас.

Қатын алсан, таспа белді торыны ал,
Ол болмаса аққұбаның зорын ал.



Бұл екеуі болмаса,
Қажымайтын қараны ал.
Бұл үшеуі болмаса,
Жұзі сары, көзі кек,
Былшылдаған сөзі көп
Соған жолығарсың...



Адам болар жігіттің
Етек-жені кең болады.
Қошқар болар қозының
Маңдайлары дөң болады.

Құлан қағынан жерінсе,
Су таба алмай шөлде өледі.
Өзінің басын зор еткен,
Ағайының қор еткен жігіт
Атасы басқа бір елде өледі.

Аштық не жегізбейді,
Тоқтық не дегізбейді.
Атаның баласы аштан өлсे де
Асатпай жемейді.
Жетесі жаман нәсілсіз
Жеп отырса да мә демейді.

Ер бергендей досың болсын,
Жер бергендей қосың болсын.
Жігіт емес бір сөзінде тұрмаса,



Ат қадірін еш білмес жаяу жүрмесе,
Жол да бір аштық, машақатты көрмесе,
Үйде ыстық нанның қадірін білмес.
Жігіт керек асыл заттан,
Өнер үйрен ұстадан,
Өткір қылыш – саф болаттан,
Шаппаған нәмәрт жігітке.
Болат қылыш қап түбінде жата ма,
Жасық болса егесен де өте ме?
Жолдас болсаң, мәрт адамға жолдас бол,
Өзі өлмей сені әр кез тастап кете ме?!



ӘСЕТ НАЙМАНБАЕВ

Жігітке қисық мінез мінменен тең,
Жараспас жас бойына сынменен тең.
Надан бар қолы сараң, көңілі қарau,
Ақ жүрегі қараңғы тұнменен тең.
Күлдіргіш, қалжыңға ұста тәуір жігіт,
Көңілдің бақшасында гүлменен тең.
Ойланып сасқан жерде тапқан ақыл,
Заты жалған болғанмен шынменен тең.
Ақылында жарасқан жақсы жолдас.
Кіндігіңен тараған үлменен тең.
Ойыншыл, қалжың, сықақ көтерген ер,
Терісі жуан өлі пілменен тең.
Жақсы атадан жарым ес бала туса,
Қайырымсыз, қайғылы суменен тең.
Ойсыз, мисыз болады кейбір жігіт,
Жігерінді қылады құмменен тең.
Біреуден пайдаланған ақыл, білім,
Жаңбырмен араласқан нұрменен тең.



КЕТЕ ЖУСІП ЕШНИЯЗОВ

Көп жүкті көтереді – бүтін туған,
Ерлік іс – мұсибатқа¹ белін буған!
Аздырмас ата жолын әрқашанда,
Жоспарлы ізгіліктің ізін қуған.
Бір күні бітсе демі, сүрінеді,
Топ жарған тұлпардың да озған дудан.
Алғаусыз айтқан сөзі көпке ұнаса,
Секілді көңіл – үйдің кірін жуған.
Айтысқан жарқынымен, жатқа жем боп,
Қалады қатар шауып ұмтылуудан.
Бүтіндеп өзінді-өзің, ел болмасаң,
Ерлерім, еш нәрсе өнбес, «жыртылуудан».
Дүғадан қол көтеріп еске алмасаң.
Біз кеттік, бас көтеріп бір тұрудан.
Еміреніп қалды артымда, есіл ерім,
«Болад, – деп, – әлің нешік?» есінедім.

«Болам, – деп, – бұрынғымдай!»
бос жүрмендер,
Ауруын арамдықтың кешір, елім!
Бел байлап тіршілікке, болмай араз,
Жалынын жауыздықтың өшір, елім!
Бұл айтқан өсietтім барлығыңа,
Басымда болса кінәм, кешір елім!

Ес білер ерлеріме айтқан сөзім:
Тартпасаң тәкаппарға қай міnezің!

¹ Мұсибат – қайғы.



Қызығып дүние үшін ауаланба¹,
Бер ақыл білім барда өзіңе-өзің!
Тапсырып, қолдарыңа кеттім тастап.
Кірмеген кішілерге ішкі сезім.
Қалғанға қуат беріп, Жаратқаным,
Шаттыққа айлағайсың қыс пен күзін!
Көп айтып көңіл бұзып не қылайын,
Сау болса, жүрер ерлер салып көзін.

Ал енді, көріскенше қош бол, халқым,
Талабым сапар етпек енді марқұм.
Дүниеден ертеңді-кеш көшіп жатыр,
Жан өшіп, жақсы, жаман мендей әркім.
Кекесін ел ішінде дау кейбейсе,
Ерлерім, түзелмейді, ойда, қалпың!
Қалайда қарындасқа қоғамды бол,
Кеңкиме, кішікtenгіл, келсе қартың!
Ақиқат пенде болса, өлім рас,
Нешеулер сапарланды шашқан дәрпін.

Саламат ел иесі есен жүрсөң,
Пейілің кең болсын жұртқа, жүзің жарқын!
Жайлы бол жанның көңілін жабырқатпай,
Сыр бермей, сыпалардың ұстап салтын.
Береке татулықтан табылады,
Сақтансаң сабырлы бол, бұзбай әлпің.
Араңа араздық от тұтандырма,
Білгенге: ашу – дүшпан, ақыл – алтын,
Деген бар: «Көп дүғасы – қол» мысалдас,

¹ Ауаланба – ауа жайылма дегені.



Ал, қол жай:

«Қайырлы ет, – деп, – ердің артын!»

Бұл науқас қатаң тиді, сірә, маған,

Бардай-ақ бассыз ісім ұнамаған.

Ажалдың ақ бораны соқса қарсы,

Гүлденген гүжім¹ бар ма құламаған?

Қаупім мол:

«қалдырмас, – деп, – мені де сау»,

Денем жоқ дерт аралап «сынамаған».

Әркімнің арыстаны айлап сапар,

Артында жетімі жоқ жыламаған.

Көп жылап, ақыр бір күн көнетүғын,

Кеткеннің, келмесіне сенетүғын.

Шырағым, сенде сейтіп тоқайрарсың²,

Қайғыдан қара пұл жоқ өнетүғын.

Сыңайын, сірә, мұның көрдім қатаң.

«Жігерлі» жағдайы бар жеңетүғын.

Жазылған өлшеулі өмір осы шығар,

Көп жүріп қызығыңды көретүғын.



¹ Гүжім – жапырақты жуан қара ағаш.

² Тоқайрау – тауы шағылу, тоқырау.

ИЛИЯС ЖАНСУГИРОВ

Бірді жесен, майды же,
Аузың тұрсын жылтырап!
Бірді мінсен, жүйрік мін,
Астында жұрсін жылпылдалап!
Бірді құшсан, сұлу құш,
Жанында жатсын былқылдалап!
Өсек аңдып, сөз бағып,
Ел қыдырма қылтындалап!
Жалаңаш адам бәрі бір,
Киімге күлме сыңқылдалап!
Сырынды айтпа сырдаңға,
Отырса нанба, жылтылдалап!
Көршіге салма күш-қайрат,
Қожайынсып, шыққылдалап!
Ағайынмен араз боп,
Әркімге барма қыңқылдалап!
Арттан өсек сейлеме,
Көрнеу көзге жылпылдалап!
Өнбес іске өкпе қып,
Келмей қойма, бұртындалап!
Қолданып кетпе құлышты,
Құзғындықпен құтындалап!
Құлген қорлық емес пе,
Жығылып жатып жырқылдалап!
Талапты болсаң, шыққаның
Қырсықтың басын қырқып ап!
Естіген сөзді пайымда,
Отырып, кетпей құр тындалап!

ШОРАЯҚТЫҢ ОМАРЫ

Биік тауға жарасар,
Басындағы обасы.
Айдын көлге жарасар,
Жағалай біткен қоғасы.
Бәйбішеге жарасар,
Ордадағы сабасы.
Ақсақалға жарасар,
Еліне болса тоғашы.
Келіншекке жарасар,
Емізулі баласы.
Балалыққа жарасар,
Еркелеткен анасы.
Ер жігітке жарасар,
Қолындағы найзасы.
Жақсы болса азамат,
Халқына тиер пайдасы.
Өзім білем дегеннің
Басына ойран салғаны.
Көпке ісін бергеннің –
Тастан соққан қорғаны.
Жан түршігер жаман іс.
Ағайын ала болғаны.
Қас жақсының белгісі,
Кәрі қайтқан шалмен тең.
Жақсы болса қыз балаң,
Қыз да болса ұлмен тең.
Жаман болса ұл балаң,
Пышақсыз белде қынмен тең.



Қас сахидың белгісі,
Айдын шалқар көлмен тең.
Қайырысыз байдың белгісі,
Асудағы шөлмен тең.

Бірінші тілек тілеңдер,
Бір Тәңірге жазбасқа.
Екінші тілек тілеңдер,
Наданның тілін алмасқа.
Үшінші тілек тілеңдер,
Шіркін болмау жолдасқа.
Төртінші тілек тілеңдер,
Білімсіз таққа мінбеске,
Қас жақсының қадірін,
Жақыны білмей, жат білер.
Қас айылдың батқанын
Иесі білмес, ат білер.
Шөлдегенін құланның
Ешкім білмес, қақ білер.
Кімдер жақсы, кім жаман,
Оны халық нақ білер.



ШАЙЫР

«Баһадүр» деп білменіз –
Жыынды бұзған тентекті.
Кезеніп атар оқ емес,
«Қару» деп білме келтекті.
Жолдастыққа санама,
Жайбар ауыз көнтекті.
Арабы қардың белгісі –
Бүйдасын ірікпес, елпек-ті.
Жүгімен жүріп жүдетер,
Айыр өркеш көмпекті.
Арғымақ аттың белгісі –
Салыңқы кеуде, еңкек-ті.
Талма тал түс болғанда –
Кигізер көзге телпекті.
Үмбетінен білерсің.
Әйел менен еркекті.
Ата досқа санама,
Алды-артында болжал жоқ,
Жаңадан болған селтекті.
Шайырлардың сомасы –
Хикая, толғай, ертек-ті.
Халық ықыласын қайтарсам,
«Болам ба, – деймін – нан тепті?»
Сөз тауарын білетін
Ерлер басы келіпті,
Тербеліп жорғаң тер текті!



Әділ іс

Әділ іс – ағын судың арнасындаій,
Әділ сөз – болат семсер алмасындаій.
Пайда етпе өне бойы өтірік айтып,
Жаласы қалмас бір күн жармасылмай.
Шын сөзден сан жеткісіз етсең залал,
Есесі өтеледі жалғасындаій.
Жалған сөз – жасырынбас жапсанқ-дағы.
Шулаған өлімтіктің қарғасындаій.
Қарулы қолындағы ескектей-ақ.
Рас сөз – алыс жолдың арбасындаій.
Алғанға – ақылыңды айт, айнымаған,
Шаң болмас сабат жердің ордасындаій.
Ашудың арты – ашық өткіншідей,
Тұнеріп жаумай тынбас бұрқасындаій.
Аса артық ақымаққа ашу бітер,
Арнаның бұрып аққан ормасындаій¹.
Және де жағымпаздық, құр қошемет.
Жалғаншы жалдаптардың жарнасындаій.
Сиырдың тайында емген ардасындаій.
Тұпсіз ой, тұрақсыз іс, білімсіз күш,
Қалбиған қарақшының жалбасындаій.
Білгенге білім – байлық, бағасы артық,
Салмағы сан жетпейтін қорғасындаій,
Үйренсең өнер-білім, өшпес мұра,
Таусылмас тау кенінің қордасындаій.

¹ Орма – су арнасының тасқынмен бұзылған жері.

Төрт асыл мен төрт дүшпан

Ғайыбана¹ қамқоршы
Фаріп ата ұғылға,
Адал перзент жібермес,
Атаның сөзін шығынға.
Ең болмаса, ескерер
Айы менен жылында.
Аталақ кеңес уағзаны
Сөйлеген нешеу бұрында.
Сол жаһатты² сөз жаздым,
Рұстембек, Шайхы шырынға.
Сіздерге бұл сөз насихат,
Есен жүрсөң ер жетіп,
Орынсыз іске ұрынба!
Барша тәннің сұлтаны –
Көнілінді үйретпе
Шындықтан бөтен қырынға!
Сал қолыңды сазбенен
Сахаят атты ырымға!
Үйір қылма құлақты
Қапылат деген тығынға!
«Қасарма қалша» атанбай,
Болғын көптің ығында!
Басыңды берсең – мияссар³
Уағыдасы мығымға.
Еңбек қылсан, ерге қыл,

¹ Ғайыбана – сыртынан көрмей-ақ.

² Жаһат – бағдар, бағыт.

³ Мияссар – жарасымды, лайықты.

Бал төкпе шіркей-шыбынға!
Мағрұр¹ болмай жастыққа
Баһарлы сөзден пайда қыл.
Боларсың кеңес нұбында².
Жорға мініп жостырып
Шалқақтайтын шақ емес,
Тақтырып үкі тұлымға,
Ер белгісі – құнында,
Зер белгісі – пұлында,
Шын сейістер – ат қояр
Желіде тұрған құлышынға,
Ұрмақ тиіс балғаны
Темірдің қызу жұбында.
Өлшеп заман низамын,
Тәрбиелі талапқа.
Ұмтыла басып қимылда!
Қос шамшырақ көздерді –
Сұнқарша қарат Қырымға!
Қысқартып қадам өрісін –
Айналып қалма жырымға!
Менмендіктің иісін,
Келтіре көрме мұрынға!
Денсаулыққа зор кесел
Үйрете көрме ауызды
Насыбай-напақ, шылымға!
Дағды алдырма тілінді –
Келеңсіз кеңес жыбырға!
Азаматтармен әмра³ бол –

¹ Мағрұр – масықпай.

² Нұбы – көпшіліктің ортасы, іши.

³ Әмра – жолдас, дос, ымыра бол деген мағынада

Көп жегілген шығырға.
Жаһылдың жаққан отына –
Отырып жақын жылынба!
Төрт түрлі жауһар асыл бар,
Адамзаттың «құлышында» –
Төрт дүшпан бар оларға,
От пен су мысал форымда.
Әдепкі жауһар – ақыл дүр,
Ашу – Шайтан үрласа,
Мінерсің түрлі түғырға.
Екінші жауһар – әділдік,
Өмір серік мейманың –
Тұрғанда дүшпан сынында
Жалған айтпа, жалтарып,
Болғыл тастих¹ нұрында!
Үшінші жауһар – үят дүр,
Тамғы² қылмай таза жүр.
Жыртып үят пердесін –
Абыройдан сылсынба!
Төртінші жауһар – қанағат,
Ақ малыңды алдырма –
Сұқаншы³ ғайбат шұғылға!
Аяғынды аңдап бас,
Ойылма үят жылымға.
Саһаттықпен⁴ сәлем хат
Жолдағушы дүр Омар –
Қызылдың қия күмында.

¹ Тастих – растық, шындық.

² Тамғы – таңба.

³ Сұқаншы – ашқөз, сұғанақ, күншіл.

⁴ Саһат – денсаулық.

ТҮРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ

Не қызық?

Ұл мен қыздың қызығы –
Тілі анық шыққанша;
Мергендіктің қызығы –
Көздеңген аңын жыққанша;
Жүйрік аттың қызығы –
Шомылып терге лыққанша –
Тәтті тамақ қызығы –
Қарныңа барып быққанша...
Татулықтың қызығы –
Кеуденен жаның ыққанша;
Әртүрлі үгіт айтамын
Өтіп кеткен Лұқпанша.



Қайрама халыққа тісінді

Жаз болғаннан жадыңа ал,
Алдыңдағы қысынды!
«Бақыт құс» қонса басыңа,
Қадір тұт, келген кісінді!
Үйретіп үлгі, өнеге,
Таза бақ, жасы кішінді!
Ақылың астам болғанмен,
Ойласпай етпе ісінді!
Кескен тоның кеңеспен,

Көрінер көзге пішінді!
Кемісі болар кімнің де,
Дегенмен: «Анық түсінді!»
Қайратың қау болғанмен,
Орнына жұмса құшінді!
Қанаты қалар қайырылып,
Қалыңға салсан құсынды!
Көптің көңілі қожырап,
Көрсетсөң құшпен мұшынды¹!
Қиындыққа ренжіп,
Бұзбаңдар, бектер, түсінді!
Түлетіп түгін тектіріп,
Қайтадан қылар ұшымды!
Шүкірлік етіп шыдасақ,
Қыла бермес қысымды!
Қамын ойлап қарныңың,
Қайрама, халыққа тісінді!
Ізіңе ел ермейді,
Тазартып алмай ішінді!
Қойдырып алып қор болма;
«Арам» деген есімді!
Ойдың үйін түземей.
Не қажет, бағу жісімді²?!
Дұшпаның түгіл, досын да:
«Құрт, – деп айтар, бұ сүмді?»
Ниетінен – нешеулер
Жемінен жейтін ұшынды!
Қашырды халықты қасынан,

¹ Мұш – жұдырық.

² Жісім – жіміскі, қу.



Етіне шығып қышынды!
Көңіліне батпан болғанмен,
Көп білер алтын, мысынұды!
Қисықты қолға кім ұстар,
Көре тұра мұсінді?!

Жарамас жабы алысқа,
Дегенмен: «Тойып ісінді!»
Ағайын болсаң араға
Жолатпа сыпсың-пысынұды!

Ала ауыз – анық кетірер
Айбат пенен сұзынұды!
Олжа алар он соң әркім-ак,
Екеу түгіл, үшінді!

Көңілден кетір үпірлік,
Сын мен сықақ нұзынұды!
Сонда мақтар сені сырт:
«Әулие жок, – деп, – бұзынұды!»

«Қалай, – деп, – сөзім осы айтқан?»
Түрекең көпке ұзынұды!
Тұсінсөндер, кетірер
Көкіректегі ызынұды!





Кең ойлылармен кеңес қыл

Жөнделмес, ерлер, жұмысын,
Кең ойлылармен кеңеспей,
Кеңеспен сепкен күрмегін,
Болмайды жеміс жемістей.
Арнаның суы әл бермес,
Жұрт жиналышп бөгеспей!
Бөгескен соң тұрмайды
Тұрленіп шалғын көк өспей!
Бастарыңа бақ қонбас,
Әлсіздерді демеспей!
Олардың алсаң алғысын,
Боларсың биік дөңестей!
Сескенер сонда дұшпаның,
Сенімен бойын теңеспей!
Мал-мұлікке масықпа,
Кедейлер адам еместей!
Талайлар толып төгілген,
Төңкерілген тегештей!
«Тойған сайын тәубе қыл!»
Айтқаныма егеспей.

Қайратың қау болғанмен,
Қазақ жетсе қоймайды.
Орныңнан жел еспей!
Аз өмірдің ішінде,
Білмесінді бір-бірің
Жүргіндер, бектер, елеспей!



Әр кезде ырза емеспін,
Барлығын да бас изеп,
Айтқаныма: «Е» деспей!
Көріңдер, халқым, бұл сезді:
Қызылсырап келгенде,
Сойдырып жеген шинештей¹.



¹ Шинеш – бір жасқа толған шыбыш (ешкі).

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ

Келінжан

Құтты болсын, келінжан, аяғынан.

Осы еді ғой күткенім баяғыдан,
Келінжан.

Мал-мұлкіңе ие бол арнап жиған,
Өсекшілдің сақ болып саяғынан.

Келінжан.

Қуанышым, жігер-күшім,
Мейірманды болындар, қайрат-күшім.
Келінжан.

Құтты болсын қадамың, Дина келін,
Саған арнап мал-мұлік жиған едім.
Келінжан.

Біз де, міне, қартайдық кемпір-шал боп,
Ата менен ененде сыйла келін.

Келінжан.

Асқар белім, шалқар көлім,
Келінжан.

Халқым тілеп әперген Көркем едің,
Көк желкеме мінгізген еркем едің.
Келінжан.

Мұндар құбас атанып жүргенімде,
Елу беске келгенде көрген едім.

Келінжан.

Қуанышым, жігер-күшім,
Мейірманды болындар, қайрат күшім.
Келінжан.



Кейбір жасты байқасам, түрпі боп жүр,
Бірін-бірі алдайтын тұлкі боп жүр,
Келінжан.

Ғашықпын деп қосылып бір-біріне,
Ағайынның алдында құлкі боп жүр.
Келінжан.

Келін келді дегенде қуанғаным,
Қуанғаннан орнынан тұра алмадым.
Келінжан.

Бақытты бол екеуің ынтымақты,
Құттықтадым бастарың құралғаның
Келінжан.

Қуанышым, жігер-күшім,
Мейірманды болындар, қайрат күшім.

Сен туып ең Жамбылдың батасынан,
Бергендей боп суырып қалтасынан.

Көркемжан.
Іірсу мен Қордайға сансыз алғыс,
Екі таудың айналдым жотасынан.
Көркемжан.

Асқар белім, шалқар көлім,
Көркемжан.
Көптен күткен келдің бе, Дина келін,
Талай-талай жанымды қинап едім,
Келінжан.

Базар-Назар ән салып, зар еңіреп,
Алатаудың жаңғыртып асқар белін,
Келінжан.



Куанышым, жігер-күшім,
Мейірманды болыңдар, қайрат күшім.
Келінжан.

Тау ешкідей тау-тасқа аттап кетпе,
Кір жастықты басыма жастап кетпе.
Келінжан.

Колхозыңда театр-кино жоқ деп,
Көркемжанды қалаға бастап кетпе.
Келінжан.

Қуат-күшім,
Қайрат-күшім, келінжан,
Асқар белім,
Шалқар көлім,
Көркемжан.



МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ

Ал енді мен ақыл айтам,
Ақыл айтам, таңданба.

Қорлық үшін келген жоқсың мына өмірге,
Жалғанға.

Мына өмірде, жүрегінде,
Бойында ыстық қан барда,
Болмысты да, болмасты да,
Болады деп арманда!

Ал енді мен ақыл айтам,
Ақыл айтам, таңданба!
Мәзіріне, әзіріңе әулекі бол,
Алданба!
Шығатұғын күндерге де,
Ататұғын таңдарға,
Үмітпенен қарағайсың, жүрегінде жан барда.

Өтер кетер, өтер кетер...
Дейміз ғой біз мұңдайып.
Дейміз-дағы, жамаймыз деп, бір айыпқа
Бір айып.
Отандастар, ойлайықшы, ойымызға лайық.
Құласақ та тек биіктен
Құзға барып құлайық!

Бықсып жанған қоламта емес,
Артымызды шоқ қалсын.



Болашақтың ошағында,
Біз тұтатқан от жансын.

Ей, Болашақ!
Ей, Болашақ! Ошағында от жансын!
Мүмкін, бізді ұмытарсың...
Кім біледі?..
Жоқтарсың...



Мен тілеймін.
Жарқыным, сен де тіле:
Жақсылық орнасын де жер бетіне.
Аққу тіле айдынның келбетіне,
Айдын тіле аққуды төрбетуге.

Мен аңсаймын.
Сен-дағы аңса жаным:
Жақсыдан жайлап ескен жан самалын.
Аңса, жаным,
Зарығып, шарша, жаным.
Қалса да қанша ғұмыр, қанша амалың,
Аңса, жаным!

Мен сағынам.
Сен-дағы сағын жаным.
Адамнан тек жақсылық табылғанын.



Ашусыз, ала көзсіз бауырлардың
Аңсаймын алқам-салқам қауымдарын.

Көңілім болса-дағы қанша жарым,
Солармен білінбейді шаршағаным.
Жақсыдан жайлап ескен жан-самалын,
Жабықпай аңса, жаным,
Аңса, жаным!..



ЗЕЙНЕП

Ісінде бархадар жоқ ақылы кемнің,
Жүрісі екпініндей жайсыз желдің.
Бір жақсы бір жаманның қунелткені.
Қыын іс қосылуы екі теңнің.
Көзі ашық, көңілі жабық құмыразия
Жастық пен шаттық құрып құлмеген соң.
Тасқындаі талап бітпей адам оңбас,
Итшілеп өтер күні өлмегеннің.

Болғанда ашу – сорың, нәпсі – жауың,
Алдыңда ақыл деген асқар тауың,
Көңілінде ине-жіптей қайғы болса,
Денеңнің біле алмайсың ауру-сауын.
Жігіттің алған жары болса жақсы
Гүлденген бақшадағы алма бағың.
Жігіттің алған жары болса жаман
Табылар өз үйінен жанжал-дуың.
Болғанда анаң – дария, әкең – кеме,
Апаң мен қарындастың алтын бауың.
Артында інің болса болар қылыш,
Алдыңда аға деген асқар тауың.

Құрбылар, жақсылыққа көп талаптан,
Талаппен атың шықса, сонда мақтан.
Бой ұрма бармақтай бақ, тапқан жанға,
Жасынан өрге ұмтылар өнер тапқан.
Қара қазан, сары бала қамын ойлап,
Жақсылар абзал іспен ақыл тапқан.



Көбінің пейілі – шикі, ақылы – тар,
Ел жегіш епті, пысық, бәле баққан.

Ер соққан ерсі мінез, мақтаншылық,
Әркімге дәulet емес арын сатқан.
Адал бол уәдешіл, әділетті
Ізгі жан ақ ниетті көпке жаққан.
Біреудің ішкі сырын айтпай білер,
Ащы менен тұщыны бірдей татқан.
Суайтпен жолдас болсаң даусыз дерт
Жігіттер, ақыл білсөң, содан сақтан.



ӘБДІҒАЛИДЫҢ АЙТҚАНЫ

Жолдас болсаң жақсыға

Талапты ерде бақ тұрар,
Бақытты елде ат тұрар.
Ақылсызға мал бітсе,
Бейілін жаман ап тұрар.
Қомағаймен ас ішсөң
Тоймайтындей оптығар.

Жолдас болсаң жақсыға,
Айтқанындей тақ тұрар.
Жолдас болсаң жаманға,
Бір бәлеге соқтырар.
Ауылдас болсаң долыға,
Мазанды күнде ап тұрар.
Өзінен басқа қара жоқ,
Жемейтін жерде от тұрар.
Мейірі жоқ тұғанға,
Ішпейтін жерде ас тұрар.
Тарлығы жоқ дүниеге
Пейілді ерде дос тұрар.
Орын даяр жақсыға,
Барса есік бос тұрар.
Өсекшіл кірсе араңа,
Досынды әкеп қас қылар.
Дария болып тасымас,
Тастақ жерде қақ тұрар.
Қаумалап келсе көпшілік,
Шешен де болсаң састьтар.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 5-6 том. Алматы, 2006.

Үш пайғамбар. Алматы: «Дәуір», 1992.

Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1996.

Беташар (Құрастырған: Ж.Дәуренбеков). Алматы: «Өнер», 1991.

Жамбыл Жабаев. Өлеңдер, айтыстар, дастандар. Алматы: «Мектеп», 1989.

Жарылқасын Аманов. Ақ бата. «Ислам шапағаты» газеті.

Қазақтың шешендік сөздері (Құрастырған: Б. Адамбаев). Алматы: «Ана тілі», 2008.

Қапалбекұлы Н. Батаменен ел көгерер. Алматы: «Кітап баспасы», 2006.

М.Есламғалиұлы. Әйтке би. Алматы: «Жеті жарғы», 1998.

Баталар. Алматы: «Баян жүрек», 2006.

Нағашыбек Қапалбекұлы. Ұлағатты үш ардақты. Алматы: «Мерей», 2004.

А.Нұсіпоқасұлы, Ә.Жапарұлы. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 5 том. Алматы: «Өнер», 2011.

Шапырашты Науырызбай батыр. Алматы: «Мерсал», 2006.

Әбдіғали Сариев. Асу. Алматы: «Жазушы», 1989.

Сайт zharar.com.

Сайт alashainasu.kz.



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ 3

БАТА-ТІЛЕКТЕР

ХАЛЫҚ БАТА-ТІЛЕГІ	6
ЖАС БАЛАҒА БАТА	50
ҚЫЗ БАЛАҒА БЕРІЛЕТІН БАТА	54
ҰЛ БАЛАҒА БАТА	55
ЕР-АЗАМАТҚА БАТА	56
МЕРЕЙТОЙ БАТАСЫ	57
ДАСТАРҚАНҒА БАТА	60
ДІНИ БАТАЛАР	64
МАЛ-ЖАНҒА БЕРІЛЕТІН БАТАЛАР	67
СҮНДЕТКЕ ОТЫРҒАН БАЛАҒА БАТА	71
ЖАСТАРҒА БАТА	72
ӘСКЕРГЕ АТТАНАТЫН ЖАСТАРҒА	76
ҮЙ ИЕСІНЕ БАТА	77
САҚТЫҚ БАТА	80
ЖАС ОТАУҒА БАТА	83
КЕЛІНГЕ БАТА	85
ЖОЛАУШЫҒА БАТА	86
КӨШКЕ БЕРІЛГЕН БАТА	87
ҚАРАБИДІҢ ЖӘНІБЕККЕ БЕРГЕН БАТАСЫ	88
ҚАРАСАЙ БАТЫРДЫҢ ЕСІМХАННАН АЛҒАН БАТАСЫ	89
БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ НАУРЫЗБАЙ БАТЫРҒА АЙТҚАНЫ	90
АЛТЫ ЖАСАР ТӨЛЕГЕ БЕРГЕН ҚАРАСАЙ БАБАНЫң БАТАСЫ	91
ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ	92
ТӨЛЕ БИГЕ ҚАРАСАЙ БАТЫРДЫҢ БЕРГЕН БАТАСЫ	93
ТӨЛЕ БИДІҢ ҚАЗЫБЕК БИГЕ БЕРГЕН БАТАСЫ	94
СҮЙІНБАЙ АҚЫННЫң ЖАМБЫЛҒА БЕРГЕН БАТАСЫ	95
ӘСЕТТІҢ БАТАСЫ	97
САРЫБАЙ БИДІҢ ЖАМБЫЛҒА БЕРГЕН БАТАСЫ	99



ЖАМБЫЛДЫҢ БАТАСЫ	100
СҮРАНШЫ БАТЫРДАН БАТА СҮРАҒАНДА	106
МЕДЕУДІҢ АЙТҚАНДАРЫ	107
ДОСМАЙЫЛДЫҢ БАТАСЫ	108
МЕДЕТБЕК БАТЫРДЫҢ БАТАСЫ	110
ҮМБЕТӘЛІ АҚЫННЫҢ БАТАСЫ	111
АМАНГЕЛДІ БАТЫРҒА	
ДОСАЙ ШЕШЕННИҢ БЕРГЕН БАТАСЫ	113
АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ	116
РАЗЫБЕК ҚАЖЫНЫҢ БАТАСЫ	118
КӨКЕН ШӘКЕЕВ	119
БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ	120
БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА	
ӘКЕСІНІҢ БЕРГЕН БАТАСЫ	121
ЖАМБЫЛДЫҢ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНА	
БЕРГЕН БАТАСЫ	122
Қарияларға бата	122
Шілдехана батасы	123
Тұсай кесерде берілетін бата	123
ҚАНЖЫҒАЛЫ АСАУБАЙДЫҢ БАТАСЫ	126
БЕКЕНТАЙДЫҢ БАТАСЫ	127
КЕРЕЙ ТОҚСАН БИДІҢ БАТАСЫ	128
ӘБДІРАХМАН ӨЛМЕСҚҰЛЫНЫҢ БАТАСЫ	129
СЕЙІТ КЕНЖЕАХМЕТҰЛЫНЫҢ БАТАСЫ	130
ҒАБИТ МҮСІРЕПОВТІҢ БАТАСЫ	131
ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВА	132
Қарияларға бата	132
Ұл балаға бата	133
Қызы балаға бата	134
Жас жұбайларға бата	134
ОРАЗАҚЫН АСҚАР	137
Бас бата	137
Наурыз батасы	139
Жас жұбайларға бата	140
Екеуіне	141



СЕЙФОЛЛА ОСПАНОВ	142
СЕЙСЕН МҰҚТАРҰЛЫ	144
Алпыс тілекten тұратын бата	144
МҰСА ЖАНӘДІЛОВ	147
Той күнгі ақ тілек	147
ХАМЗА ҚАЖЫНЫң БАТАСЫ	150
АУБАЙ АҒАНЫң БАТАСЫ	153
ЖАРЫЛҚАСЫН АҒАНЫң БАТАСЫ	154
Дастарқан батасы	154
Ер азamatқа бата	157
Жас жұбайларға бата	159
ДӘРКЕМБАЙ ҮСТАНЫң БАТАСЫ	161
ОРЫСБАЙ ӘБДІЛДАҰЛЫ	162
НАҒАШЫБЕК ҚАПАЛБЕКҰЛЫ	167
Жас жұбайларға бата	168

ӨСИЕТТЕР

ХАЛЫҚ ЖЫРЫ	170
БАЗАР ЖЫРАУ	176
Жас келінге өсiet	176
Қалжан ахунға	182
Не артық?	185
Айдан ару нәрсе жоқ	186
Ойналық та қүлелік	187
Атамыз алыс болғанмен...	188
АСАНҚАЙФЫ СӘБИТҰЛЫ	191
ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ	192
ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ	193
ШАЛКИЗ ЖЫРАУ	194
АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ	196
БҰХАР ЖЫРАУ	199
КӨТЕШ АҚЫН	206



ШАЛ КҮЛЕКЕҰЛЫ	207
Қыздар туралы	211
Жігіт туралы	214
Әйел туралы	215
Қызы сыны	220
ЕСЕТ ҚАРАҰЛЫ	224
АБЫЛ ӨТЕМБЕТҰЛЫ	226
МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ	227
ДУЛАТ	228
ҚОBYЛАН БӘРІБАЙҰЛЫ	230
Не жаман?	230
ШЕРНИЯЗ ЖАРЫЛҒАПҰЛЫ	231
ШОРТАНБАЙ ҚНАЙҰЛЫ	233
ҚАРАСАЙ БАТЫР	235
ТӨЛЕ БИ ӘЛІБЕКҰЛЫ	236
БАЛАБИ	239
ДОСБОЛ БИ	240
БАЙДАЛЫ ШЕШЕН	241
АЛШАҒЫР БИ	242
ҚАЗЫБЕК БИ КЕЛДІБЕКҰЛЫ	243
ӘЙТЕКЕ БИ БАЙБЕКҰЛЫ	246
ШАШАНБАЙ ШЕШЕН	248
ІЗБАСТАЙ ШЕШЕН	248
БАЗАР БАТЫР	256
БЕКЖАН ШЕШЕН	257
ШАУЫПКЕЛ ШЕШЕН	258
АЙТҚОЖА ШЕШЕН	259
КӨБЕЙ БИ	263
АСАУБАЙ ШЕШЕН	265
БАПАН БИ	266
СӘДУАҚАС ШОРМАНҰЛЫ	268
СҮЙІНБАЙ АРОНҰЛЫ	270
ҚҰРТҚА ТӘҮІП	272
СҮЙІНБАЙДЫҢ НАҚЫЛДАРЫ	273



ҚЫДЫР АТАНЫҢ МЕДЕУГЕ АЙТҚАН ӨСИЕТИ	274
ҚАРАБИДІҢ АЙТҚАНЫ	275
НҰРЫМ ШЫРШЫҒҮЛҰЛЫ	276
МАЙЛЫҚОЖА	279
Жақсы болсын жұбайың	279
Толғай	284
Жақсы адам қартайса	294
ҚҰЛЫНШАҚ КЕМЕЛҰЛЫ	297
ҚҰЛТУМА САРМҰРАТҰЛЫ	299
МАРАБАЙ ҚҰЛЖАБАЙҰЛЫ	300
ҚАШАҒАН КҮРЖІМАНҰЛЫ	302
Абыз	303
ЖАНҚҰТТЫ	304
БАПАН ШЕШЕН	306
ШАҒЫРАЙ ШЕШЕН	308
БАРМАҚ	310
АҚАҢ СЕРІ	314
Жастық шақтар	314
Қызы сипаты	315
Әйелдер сипаты	317
Жігіт сипаты	320
Достарыма	321
Жігіттерге	321
ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН	324
Әй, жігіттер	324
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ	325
ШӘҢГЕРЕЙ БӨКЕЕВ	329
АҚТӘҢ КЕРЕЙҰЛЫ	330
ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ	340
Артықша туған азамат	340
Елімнің қыздарына	342
НҰРЖАН НАУШАБАЕВ	344
Леп үрған кейбір жігітке	347
Қатын үш түрлі	348



ӘСЕТ НАЙМАНБАЕВ	351
КЕТЕ ЖУСІП ЕШНИЯЗОВ	352
ИЛИЯС ЖАНСҮГИРОВ	355
ШОРАЯҚТЫҢ ОМАРЫ	356
ШАЙЫР	358
Әділ іс	359
Төрт асыл мен төрт дұшпан	360
ТҰРМАҒАМБЕТ ІЗТІЛЕУОВ	363
Не қызық?	363
Қайрама халыққа тісінді	363
Кең ойлылармен кеңес қыл	366
КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ	368
Келінжан	368
МҰҚАФАЛИ МАҚАТАЕВ	371
ЗЕЙНЕП	374
ӘБДІҒАЛИДЫҢ АЙТҚАНЫ	376
Жолдас болсан жақсыға	376
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	377

ҚАЗАҚТЫҢ БАТА-ТІЛЕК, ӨСИЕТТЕРІ

«Балауса баспасы» ЖШС
Бас директоры – **Абылайхан Құлбаев**
Бас редакторы – **Әлібек Файзуллаұлы**
Корректоры – **Сандуғаш Ибраева**
Суретшісі – **Ерлан Қожабаев**
Техникалық редакторы – **Қыпшақ Мухамедин**

ИБ №112

Басуға 28.11.2016 ж. қол қойылды. Пішімі 84×108 ¹/₃₂.
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “DS FreeSet”.
Шартты баспа табағы 20.0. Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №2078

Қазақстан Республикасы. ЖШС «Балауса баспасы».
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй,
тел.: +7-777-317-51-00
E-mail: balauca_baspa@mail.ru.

«Тамыр» фирмасының
компьютерлік-баспа жүйесінде беттелген.
050009, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 127,
тел.: 383-60-87.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-де басылды.
050002, Алматы қаласы, М.Макатаев көшесі, 41.

ISBN 978-9965-672-96-5





«Балауса»
баспасы